

Т. Н. Мұхажанова

ӘЛЕМ  
МУЗЕЙЛЕРІНІҢ  
ТАРИХЫ

*Оқу құралы*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2011

ББК 63.5 (5 Каз.)

М 83

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
тарих факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық баспа-кеңесі шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор **С.М. Мәшімбаев**

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ж.А. Ермекбаев**

тарих ғылымдарының кандидаты **Т. Айдоc**

**Мұхажанова Т.Н.**

М 83 Әлем музейлерінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 156 бет.

ISBN 978–601–247–255–4

Оқу құралында әлемдік музейлердің қалыптасуы, олардың өзіндік ерекшеліктері және алғашқы пайда болу тарихы мен тарихи алғышарттары баяндалған. Сондай-ақ музейлердің құрылуының тарихи жолына, ғимарат кешендерінің салыну тарихына және олардың даму үдерістеріне басты назар аударылған, антика және орта ғасыр коллекциялары, Батыс Еуропаның, Америка мен Ресейдің ірі өнер және тарихи музейлерінің, Орта Азия мен Азия музей кешендерінің тарихы қарастырылған.

Ұсынылып отырған «Әлем музейлерінің тарихы» жоғары оқу орындары студенттерін кредиттік жүйе талаптарына сай оқытуға арналған оқу құралы, тарих факультетінің оқытушылары мен студенттеріне, әсіресе музей ісі, археология және этнология мамандықтарына арналған.

**ББК 63.5 (5 Каз.)**

ISBN 978–601–247–255–4

© Мұхажанова Т.Н., 2011

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2011

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	5
----------------	---

### I бөлім

#### Антика дәуірі коллекцияларының жинақталуы

1 - тақырып. Ежелгі Грекия ғибадатханалары мен олардың маңыздылығы .....	8
2 - тақырып. Эллиндік дәуір жинақтарының ерекшеліктері .....	11
3 - тақырып. Ертедегі Римнің жеке жинақтарының қалыптасуы мен сақталуы .....	14
4 - тақырып. Египет жеріндегі пирамидалардың жиынтығы.....	18

### II бөлім

#### Орта ғасыр дәуірінің коллекциялары

5 - тақырып. Ортағасырлық Батыс Еуропа жинақтары .....	24
6 - тақырып. Орта ғасыр кезеңіндегі Шығыс елдерінің жинақтары .....	27
7 - тақырып. Музейлердің қалыптасуының тарихи алғышарты .....	30
8 - тақырып. Каир қаласындағы Египет музейі .....	49

### III бөлім

#### Батыс Еуропа мен Америка елдерінде алғашқы музейлердің ашылу тарихы

9 - тақырып. Лувр музейі – көркем құндылықтар жиынтығының көрнектісі .....	53
10 - тақырып. Лондон ұлттық галереясы .....	67
11 - тақырып. Лондон, король жинақтары .....	68
12 - тақырып. Британ музейлерінің құндылықтары .....	70
13 - тақырып. Әлем құндылықтарының орталығы Италия музейлерінің жиынтығы .....	74
14 - тақырып. Уффици сурет галереясы .....	81
15 - тақырып. Рим. Капитоли музейі .....	86
16 - тақырып. Германия. Дрезден галереясының тарихы .....	87
17 - тақырып. Берлин мемлекеттік музейі .....	90
18 - тақырып. Испан музейі - Прадо .....	92
19 - тақырып. Голландия музейінің тарихы мен шедеврлері .....	97
20 - тақырып. Америка шедеврлер жиынтығы Метрополитен музейі .....	99
21 - тақырып. Әлем құндылықтарының жиынтығы – Эрмитаж музейі .....	102
22 - тақырып. Мемлекеттік Третьяков галереясы. Мәскеу қаласы .....	110
23 - тақырып. А.С. Пушкин атындағы Мәскеу мемлекеттік бейнелеу өнерінің музейі .....	114

#### IV бөлім

#### Азия мен Орта Азия мемлекеттерінің музей қорлары

24 - тақырып. Үндістандағы Калькут музейінің тарихы .....	116
25 - тақырып. Будда ғибадатханасы .....	117
26 - тақырып. Қытайдың ұлттық музейі .....	119
27 - тақырып. Токио ұлттық музейі .....	120
28 - тақырып. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейі .....	121
29 - тақырып. Ә. Қастеев атындағы өнер музейі .....	126
30 - тақырып. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік музейі .....	127
31 - тақырып. Түркіменстандағы Әмудария мемлекеттік музейі .....	141
32 - тақырып. Өзбекстанның мемлекеттік өнер музейі .....	143
33 - тақырып. Тәжікстан Ұлттық музейі .....	145
34 - тақырып. Ұлықбек обсерваториясы және мемориялық музейі .....	145
Әдебиеттер тізімі .....	147
СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) сұрақтары .....	149
Реферат тақырыптары .....	150
Оқу құралында кездесетін терминдер .....	151
Әдістемелік нұсқау .....	154

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында білім беруді жетілдіру бағдарламасы, Әлем музейлерінің тарихының мәселелерін жаңа әдістемелік негізде оқытуды ұйымдастыруда жоғары мектеп оқытушыларының алдына жаңа талаптар қойып отыр.

Музей – жалпы адамзат баласының өмірінде заттық және рухани мәдениетті танытуда, зерттеу мен насихаттауда үлкен рөл атқарады. Әсіресе ұлттық, мәдени, азаматтық, әскери, еңбек жетістіктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің ерекшеліктерін оқып-үйренуге оның көмегі зор.

Музей алғашқыда аса бағалы бұйымдар мен заттар және мәдени жәдігерлерді сақтайтын қазыналық қор ретінде қалыптасты. Уақыт өте келе ол әдістемелік қызметі жетілген функционалдық институттарға дейін дамып жетілді. Жаңа мыңжылдықта, адамзаттың жаһандану дәуірін бастаған кезеңде әлемнің ірі музейлерінің тарихын зерттеп жазу қажет.

Музей – табиғат пен адам қолынан жасалған өнер туындыларын және көне заман ескерткіштерін, үлгі нұсқаларын жинақтаушы, сақтаушы, насихаттаушы және бұл мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, қоғамға тәлім-тәрбие беретін ғылыми-мәдени және рухани мекеме. Қазіргі таңда әлем мемлекеттері арасынан музейі жоқ елді кездестіру мүмкін емес. Әр елдің мемлекеттерінің музейінің қалыптасуы мен дамуы жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктеріне де байланысты. Сондықтан осы ерекшеліктерді, әлем музейлерінің тарихын оқу арқылы үйренуге мүмкіндік туады.

Мемлекетіміздің жоғарғы оқу орындарында білім беру саласын реформалау бағытын қолдап, жүзеге асыру мақсатымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің дүниежүзі тарихы кафедрасы «Әлем музейлерінің тарихы» курсы музей ісі мамандығы бойынша студенттеріне оқылатын негізгі ғылыми пән ретінде енгізді.

«Әлем музейлерінің тарихы» курсы ҚР Білім және ғылым министрлігі бекітілген және іске қосылған ҚР жалпыға бірдей міндетті Мемлекеттік білім беру стандарты бойынша жоғары

оқу орнында оқытылады. Бұл оқу құралы 050419 – «музей ісі және ескерткіштерді қорғау», 050208 – «археология және этнология» мамандықтары бойынша жоғары оқу орны тарих факультеттерінің студенттері мен оқытушыларына арналған. Оқу құралы кредиттік оқу технологиясының бағдарламасына сай жасалып, әлемдік музейлік жинақтардың қалыптасуын, олардың құрамының өзіндік ерекшеліктерін және алғашқы музейлердің пайда болу тарихы мен тарихи алғышарттарымен таныстырады, музейлердің құрылуының тарихи жолын, ғимараттық кешендерінің салыну тарихын және олардың дамуы сияқты мәселелерге баса назар аударылады. Бұл студенттердің осы пәнді меңгеруіне септігін тигізеді. Оқу құралында антика және орта ғасыр коллекциялары, Батыс Еуропа, Америка мен Ресейдің ірі өнер және тарихи музейлері Орта Азия мен Азия музей кешендерінің тарихы қарастырылады.

Студенттердің тақырыпты және бірқатар мәселелерді тереңдей меңгеруіне жеңілдіктер туғызу мақсатында бақылау сұрақтары, пәннің мазмұнын ашатын нақты материалдар, студенттердің өзіндік жұмысы және реферат ұсынылды.

«Әлем музейлерінің тарихы» – жоғары оқу орындары студенттерін кредиттік жүйе талаптарына сай оқытуға арналған оқу құралы.

**Пәнді оқыту мақсаты** – осы мамандық бойынша оқытын студенттерді ірі әлем музейлерінің құрылу, қалыптасу тарихымен және қазіргі жағдайымен таныстыру, ең алдымен, әлем музей жүйелерінің жалпы әлемдік мақсатының көркем және тарихи - мәдени құндылықтарын сақтаудағы рөлін көрсету.

**Пәнді оқыту міндеттері** – музей туралы студенттерді сапалы біліммен қаруландыру, олардың пайда болуының жалпы заңдылықтарын, дамуын, қоғам өміріндегі олардың рөлін, әлемдегі ірі музейлердің шығу тегін, музей коллекцияларын зерттеу мен жүйелендірілуін ашып көрсету. Әлемдік мәдени құндылықтарды қамтитын шедеврлерге және жалпы адамзаттың игілігі болып табылатын маңызды музейлерді қарастыруға мүмкіндік береді.

Пәнді оқу барысында студенттер Еуропа, Америка, Ресей, Орта Азия, Кавказ музейлеріне қатысты мәселелер жөнінде нақты білім алады.

Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер білуі тиіс: деректердің пайда болуын сынауды «сыртқы сын»; деректердің пайда болу объективтілігі мен субъективтілік деңгейін анықтауды; фактілерді жүйелеу және мәтінтанудың принциптері мен әдістерін.

Курсты оқыту нәтижесінде студенттер:

- Әлемдік музей мекемелерінің құрылуы мен қалыптасу үдерістерін өзіндік тұрғыдан жете ұғынуды;
- Әлемдік музей қорлары мен коллекциясының қалыптасу үдерістерін;
- Қазіргі ақпараттық технологиялармен жұмыс жасауды;
- Музей терминологиясын пайдалануды;
- Тарихи-мәдени мұраны қазіргі жағдайда сақтаудың мәселелерін үйренуді;
- Әлем музейлері, оның ішінде Қазақстан музейлері алдына қойылған мақсаттармен міндеттердің тұтастығын сақтаудың дағдыларын игеруді;
- Интернет арқылы әлемдік ірі музейлердің мәліметтер қорын меңгеру керек.

**Осы пәнді оқуға мүмкіндік беретін пәндер:** «Ежелгі дүние тарихы», «Шетелдердің жана және қазіргі заман тарихы», «Музей экспозициясы», «Музей ісінің тарихы», «Қазақстан музей ісінің тарихы».

**Пәнаралық байланыс, курстың басқа пәндермен байланыстылығы:**

«Музей педагогикасы», «Әлемдік өнер тарихы» және тағы басқа да теориялық, практикалық қатынаста болу пәнді оқытудың жан-жақтылығын қамтамасыз етеді.

## **I БӨЛІМ**

# **АНТИКА ДӘУІРІ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖИНАҚТАЛУЫ**

### **1 - тақырып**

#### **Ежелгі Грекия ғибадатханалары мен олардың маңыздылығы**

Антика дәуірі коллекцияларының пайда болуы, көнедегі ежелгі дүние тарихымен ұштасады. Таңның атысымен адамдар өз тарихында өзін қызықтыратын, қажетті заттарды жинақтап, сақтауға тырысқан. Африкада мұхит аралдарынан археологтар неолит дәуіріне жататын діни-нанымдарға қатысты заттардың қалдықтарын тапқан. Айталық, б.з.д. II мың жылдықтан бастап Ур мен Қосөзен аңғарларының қалаларынан ертедегі қаламгер жазушылардың діни, ғылыми және әдеби мәтіндерінің саз балшықтарға жазылған клинописстерін жинағаны қазіргі таңда белгілі болып отыр. Осындай жолдармен б.з.д. VII ғасырда өмір сүрген Ассирия патшасы Ашшурбанипалдың ірі «Патша кітапханасы» жиналған. Британ музейінде Сиппар храмының іргетасынан жазуы бар тақта табылған, осы заттардың бәрі алғашқы жинақтар болмақ.

Коллекциялардың жиналуы, негізінен, антикалық кезеңде дамыған. Еуропа тарихы үшін антикалық дүние ежелгі дәуірдің ерекше түрі, себебі антика мәдениетін еуропалық өркениеттің алтын бесігі деп текке атамаса керек. Ерте заманда философиялық ойдың негізгі бағыттары қаланды, ғылым мәдениеттің жеке бір саласы болып қалыптасты, сонымен қатар архитектура мен театрдың негізі, маңызды саяси категориялар – азамат, демократия, жеке тұлға сияқты ұғымдар пайда болды. Грек және латын тілдері қазіргі ғылыми терминнің негізіне айналды. Ертедегі грек және рим дәуірін жасаушыларды адамзат тарихының ғұламалары деп атауға әбден болады. Егер антикалық коллекциялар болмаса, «музей» ұғымы да болмас еді.



«Музей» атауын тарих бетіне енгізген ежелгі гректер болатын. Оның сол заманда заттарды жинақтау ұғымына еш қатысы болмады. Ежелгі грек сөзі «мусейон» (museion) тікелей аударғанда «музаларға арналған орын», яғни музалардың қасиетті орны деген мағынаны білдірген. Музалардың орны о бастан шіркеу құрылысында болмады, ал, керісінше, бұрыннан белгілі бастаулар мен бұлақтар қасиетті деп есептелгендіктен құрбандыққа шалатын орын көп жағдайда бақтарда, тау бөктерлерінде, бастаулар мен бұлақтардың басында болған. Кейін оларды өнер мен ғылымның қамқоршысы деп есептей бастады. Сол себепті де музаларды құрметтеу барысында ғалымдардың бір жерге жиналуына мүмкіндіктер туды.

Шамамен б.з.д. 385 жылы Платонның атақты философиялық мектебі құрылып, оның қабырғасында түрлі ғылым салалары жинақталды. Осында муза ғибадатханасы – мусейон орналасқан және дәстүр бойынша әр айдың бір күнінде, таңдаушылардың ортасынан «музаға қызмет жасаушылар» мен «қасиетті құрбандыққа шалынатындар» тағайындалатын болған. Осындай мусейон Аристотельдің философиялық мектебі – Ликедде де болған. Аталмыш мектеп ұлы ғалым қайтыс болғаннан кейін, оқушысы Теофрастың басшылығымен құрылған.

Мусейондар біртіндеп әдеби басқосудың орталығына айналды, олар мұрагерлік бойынша музаларға қызмет жасап, ақындар арасында шығармашылық сайыс өткізіп отырған. Осындай сайыстарда аты шыққан – Феспий ғибадатханасы. Осында бес жылда бір рет музаға арнап Мусей атты жалпы гректік мереке ұйымдастырылған. Бұл қасиетті жерде және оның маңайында көптеген құдайлардың мүсіндері орналастырылған. Аталмыш мүсіндер сол заманның танымал мүсіншілері Кефисиод пен Проксиптелудің қолынан шыққан болатын, ол - Диониси құдайының мүсіні Мирон мен Лисиппаның туындысы, мәрмәр тасқа қашалған танымал Эрот (Купидон) Праксиптелдің қолынан шыққан, теңдесі жоқ туындыларды тамашалауға әлемнің түкпір-түкпірінен келетін болған.

Сонымен қатар осы жерде ақындардың арасынан музыка бойынша аты шыққандар: соқыр Фамирис сынған лираға қолын тигізіп тұрғаны бейнеленген және фракиялық Орфейдің, Телетаның мүсіндері, мәрмәр мен мыстан жасалған жабайы

андардың әуенді тыңдаушы мүсіндері сақталған. Бұл мүсіндердің барлығы құдайларға арналып, құрметпен жасалған. Көптеген жағдайда соғыстан жеңіспен оралып, жауды талқандағанда құдайларына сый ретінде, одан рух алатындай сезінгендіктен мүсіндерді құйып жасаса керек. Табиғаттың тылсым күшінен бұзылмай біздің күнге дейін түпнұсқасы немесе көшірмелері де сақталып келген. Айталық, Берлин мемлекеттік музейінде шамамен б.з.д. 430 жылы жататын Кресилай есімді шебердің «Раненная амазонка» мүсінінің римдік көшірмесі сақталған.

Археологтар Италияның оңтүстік бөлігінде Пестума жерінде орналасқан Гера храмына қазба жұмысын жүргізу барысында 30 мыңнан астам көне құнды заттар тапқан, олар өз заманында шіркеу жинақтарының байлығын дәлелдей түспек.

Грекерде бейнелеу мектебінің танымал туындыларын арнайы сақтайтын пинакотеки атты орындары болған. Пинаки (грекше *pinax*, *pinacas*) деп ағаш немесе теракт тақтайшаларына арнайы бояулармен орындалған картиналарды атаған. Грек шеберлері ондай туындыны энкаустика техникасында орындаған, бояулар воскпен езілген, ал дайын бояуды қатты жылытып жартылай сұйықтықта негізгі тақтаға қатты қылқалам немесе арнайы құрал жаққан.

Грек әлемінің атақты пинакотекасы афиналық Акрополь жартастың үстінде 150 метр Афинадан биіктікте орналасқан, өз заманында (б.з.д. 437 - 432 жж.) алдымен, жаудан қорғанатын бекініс және культтік құрылыс болған. Архитектор Мнесикл Акропольді Пропилейден әкелінген ақ түстегі мәрмәрдан жасаған. Ертедегі жазбалар бойынша Акрополь (б.з.д. XVI ғ.) Гомер кезеңінде бекініс ретінде пайдаланылған құрылыс ретінде сипатталған.



Акропольдегі көлемі жағынан үлкен құрылыс Афина құдайының храмы – Парфенон. Парфенонды понттық мәрмәрдан б.з.д. 447-432 жж. архитектор Иктин мен Калликрат тұрғызған. Храмның ішкі орталығында Афина девасының мүсіні орналасқан. Оның киімі, қарулары таза жалтыраған алтыннан, ал беті мен қолы аппақ піл сүйегінен жасалған. Афина мүсінінің авторы – Фиди есімді грек шебері. Афина

мүсіні өзін жасаушы тұлғадан мың жыл артық өмір сүрді. Фиди туындысының кереметтілігі соншалықты, тіпті қала басшылары мен жат жұрт билеушілері Акропольде жалпы ішкі тепе-теңдікті (гармонияны) бұзбау үшін басқа құрылыс салуға қолдары бармаған. Парфенон қазіргі таңның өзінде антика дүниесінің керемет шебер туындысы ретінде көпшілікті таң қалдыруда. Ол мыңдаған жылдар мен ғасырлар бойында қалқып бара жатқан кеме сияқты.

Парфенон жөнінде бірнеше том кітаптар мен монографиялар жазылған. Дегенмен тарихтан белгілі XV ғасырда түріктер бұл керемет құрылысты мешітке айналдырса, ал XVIII ғасырда қару-жарақ сақтайтын қойма жасаған.

Құрылыстың соңғы тарихында 1687 жылдары Түрік-Венеция соғысында Венецияның артиллериялық снаряды түсіп, екі мың жыл бойы уақыт жұта алмаған Парфенонды қас-қағым сәтте қарумен күлін көкке ұшырған.

Сонымен, қорыта келгенде, антикалық дүниенің біздің күнге жеткен археологиялық ескерткіштерінің құндылығы, уақыт өткен сайын арта беретіні сөзсіз. Сондықтан Парфенон сияқты көненің көзі табиғаттың күші мен емес адам қолымен қирағаны өкінішті.

**Сұрақтар:**

1. Мусейон дегеніміз не?
2. Платонның атақты философиялық мектебі қашан құрылды және оның атқарған қызметі қандай?
3. Афина құдайының мүсіні жөнінде не айта аласыз?

## **2 - т а қ ы р ы п**

### **Эллиндік дәуір жинақтарының ерекшеліктері**

Эллиндік дәуір барысында Жерорта теңізінің шығыс бөлігі дерлік грек мәдениетімен сусындады. Осы жерде қалыптасқан мемлекеттерді Александр Македонский мен оның мұрагерлері басқарғаны тарихтан белгілі.

Ежелгі дүниенің ұлы қолбасшысы Александр Македонский (б.з.д. 356-323 жж.) өмір сүріп шығысқа жасаған жорықтарының барысында Египетте өз атымен қаланың негізін қалайды.

Қала өте жылдамдықпен өсіп, көркейген. Ұлы қолбасшы Александр Македонский қайтыс болғаннан кейін, Птолемей Египетте билікті басып алып, Александрияны өзінің резиденциясына айналдырған.

Александрия біртіндеп тек атымен танымал болып қоймай, тіпті антикалық дәуір мәдениеті де александриялық мәдениет деп аталып, ғылым мен өнердің алып орталығына айналған.

Египетке грек мәдениетінің ықпалын дәлелдейтін Александрия мусейоны мен Александрия кітапханасын атап кетуге болады.

Б.з.д. 305-283 жж. Александрия мусейонын I Птолемей кезінде салынып, өз заманында ғалымдарды ғылыми тұрғыда біріктірген алғашқы ғылыми орталық деп айтса болады. Оның орталығында пірлердің қасиетті орны болып, діни шараларды өткізетін басты абызды патша тағайындап, діни және басшылық қызметтерді атқарып, ғылыми ортаға кедергі келтірместен өз істерін атқарған.

Египет басшыларының шақыруымен Александрияға келген танымал ғалымдар осында өмір сүріп, шығармаларын өмірге әкелген. Ғалым, жазушылар патшаның толық қамқорлығында болып, оларға кітапхана, құралдар мен зертханаларда жұмыс істеуге толық жағдай жасалған. Птолемей сарай кешенінің бір бөлігін алған мусейон мынандай бөлімдерден: пірлердің қасиетті орнынан, пансионның, яғни ғалым, ақындардың жататын бөлмелерінен, бірлескен дәріс оқитын жабық галерея Экседрден, сонымен қоса демалып серуендейтін бақтардан тұрып, философиялық немесе ғылыми орнын толық қамтамасыз еткен. Қалыптасқан күннен бастап Мусейонда сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың жиынтығы сақталып, обсерваторияның негізі қаланған.

Александрия мусейонының үлкен жетістігі физикалық әлемнің кешенді ғылыми зерттеулер жасалып, адам мен табиғаттың түрлі қырларын қарастырған. Айталық, географ және математик Эротосфен алғаш жер шарының өлшемін жасаса, астроном Гиппарх 850 - ден астам қозғалмайтын жұлдыздарды тізген, ал

дәрігер Герофил адам ағзасы бойынша кешенді зерттеулер жүргізіп жүйке жүйесі мен артериальді тамырлардың маңыздылығын ашқан.

Мусейонның тұрғыны атақты Аристарх Самоский «антиканың Копернигі» деген атпен танылған, ал математик Евклидтің басты еңбегі - «Геометрияның элементтері», кейінгі уақытқа дейін математиктердің басты оқу құралына айналған.

Александрия мусейонында филология жеке ғылым саласы болып дамыған. Онда ақын Каллимах, грамматик Зенодот, византиялық Аристофан және самофракийлық Аристарх антикалық авторлардың тіл ерекшелігін зерттеді және Гомерге пікір жазған.

Александрия кітапханасы антика дүниесінің ірі кітап қоры болып есептелді. Б.з.д. I ғасырда оның құрылымында 700 мың томнан тұратын папирустар болған деседі. Патша Птолемей осы қорды көбейту үшін қаржысы мен жігерін аямаған. Кітапхананың қорын көбейту мақсатында Афина мен Родос әмбебаптарынан арнайы кітаптарды сатып алатын болған.

Антикалық дүниенің өнері мен мәдениетінің дамуына өз үлесін қосқан Аттал патша болды. Ол гректермен болған байланысты үзбеу мақсатында Птолемейдің ісін өз елінде де жалғастырып мусейон мен кітапхананың негізін қалаған адам болып тарихта қалды. Б.з.д. 146 жылы грек қаласы Коринфті жаулап алу нәтижесінде римдіктер түскен олжаны сатылымға қойып, II Аттал көркемөнер құндылықтарының белдісі Артистидтің «Дионис» атты шығармасын 600 000 данирге сатып алған. Ол классикалық дәуір шеберлерінің заттарын жинап қоймай, архаикалық кезеңнің де естеліктерін жинауға қызығушылық танытқан. Сонымен қатар Аттал патша құнды заттарды жинаудағы ісін жалғастыра отырып, б.з.д. 141-140 жж. арнайы үш суретшіні Лесхи патшайымға жіберіп, керемет туындылардың көшірмесін жасау үшін тапсырыс берген, дәл осы мәліметті дәлелдейтін мәтін француз археологтарының Делфаға жасаған қазба жұмысы барысында жазулар ішінен табылған. Лесхи патшайым Кіші Азияның Книд қаласында орналасқан, демалатын және серуендейтін құрылыс ретінде салынған, өз заманында осы жерде б.з.д. V ғ. жататын Полигноттың Гомер тақырыбында жазылған «Отъезд греков после взятия и разрушения Трои»

және «Одиссей в подземном царстве» атты керемет туындыларымен танымал болған. Атал өзiнiң бай коллекцияларын сақтайтын арнайы құрылысты тұрғызбаған болса керек. Оның мүсiндерi мен картиналары сарайдың өңiн келтiрiп безендiрiп тұрған, сонымен қоса көпшiлiк баратын храмдарда, ғибадатханаларда және о бастан құрылған қасиеттi жерлерде қойылып, сақталған. Монархтың мүсiн жинақтарының бiр бөлiгi кiтапханада сақталған. Оны қазба жұмысы кезiнде табылған – Гомер, Сапфо, Алкея, Геродоттың мүсiндерiнiң қалдықтарынан көруге болады. Кiтапханаға жақын жерден Афина құдайының үлкен мүсiнi табылған. Қазiргi таңда ол мүсiн Францияның Лувр музейiнде сақтаулы тұр.

Эллиндiк дәуiр патшаларын антикалық дүниенiң алғашқы коллекционерлерi болды деп айтуға болады, олардың жинақтау қызметтерi бiржағынан мемлекеттiк саясатқа да байланысты болған.

**Сұрақтар:**

1. Эллиндiк дәуiр жинақтарының ерекшелiктерi неде?
2. А. Македонский салғызған Александрия қаласының кереметтерiн сипаттаңыз.

### **3 - т а қ ы р ы п**

#### **Ертедегi Римнiң жеке жинақтарының қалыптасуы мен сақталуы**

Тибр өзенiнiң жағалауында қалыптасқан Рим олигархтық республикасы, бiртiндеп Апенин түбегiн толық қамтып, кейiн iрi мемлекет дәрежесiне де жетiп, Жерорта теңiзiн түгелдей өзiне бағындырған болатын. Б.з.д. III ғ. оңтүстiк Италия мен Сицилия сияқты бай грек отар жерлерiн басып алып, б.з.д. II ғ. Македония, балқандық Грекияны, Пергам патшалығын, ал б.з.д. 30 ж. Египеттi иеленедi. Рим жеңiмпаз қолбасшыларының жемiстi жорықтарының нәтижесiнде қару мен дүниенiң, жердiң, жеңген халықтың дәстүршiлдiк еңбектегi жетiстiктерiн, бейнелеу өнерi мен рухани мәдениеттiң жетiстiктерiнiң иесiне айнал-

ды. Рим түгелімен дерлік грек құдайларын қабылдап, оларға бодандыққа ұшырайды және жаңа аттарды қабылдап, нәтижесінде, жаңа әдебиеттер дүниеге келген.

Грек өркениеті ықпалының негізінде өнер шығарма туындыларына қызығушылықтары артқан. Айталық, б.з.д. 272 жылы Рим легионерлері Тарент қаласын жаулап, еліне оралғанда оларды қарсы алған көпшілікке дәстүр бойынша қарсыластарының сынған қаруларын көрсетпей, керісінше, тонаған картиналарын, алтын бұйымдарын паш етіп масаттана мақтанған. Рим тарихын зерттеуші ғалымдардың мәлімдеуінше ежелгі Рим құндылықтар жүйесінің өзгеруі, б.з.д. 212 жылы Марк Клавди Марцелл бай Суракуз қаласын жеңіп, ондағы көркемөнер туындыларын астанаға жеткізген.

Антика дүниесінің данышпан тарихшысы Плутарх: «Суракузды жеңгенге дейін Рим сұлулық пен байлықты білген жоқ, себебі варвар халықтарымен күресте жеңген жауынгерлердің олжасы тек қанға боялған сауыттар мен қалқандар болып келді», - деп жазады<sup>1</sup>. Сондықтан Марцелл бай олжамен қаланы әсемдеп, грек дүниесінің керемет туындыларына толтырғаны үшін ерекше құрметпен атаққа ие болған. Сонымен қатар Плутарх былай деп те қапаланған: «соғысқа үйренген Рим халқын Марцель гректің мүсіндері мен тартымды туындыларына қарап, уақыттарын босқа өткізуге жұмсауға үйретті».

Дегенмен Марк Клавди Марцель гректер алдында дәрекі римдіктерді Элладаның тамаша сұлулығын бағалауға және мақтан тұтуға үйреттім деп масаттанған.

Сонымен, б.з.д. II-I ғғ. грек өнерінің шығармалары Римге өте мол келіп жатқан. Мысалы, б.з.д., 168 жылы Македон патшасының жеңімпаздылығын паш еткен мерекеде, бірінші күні көпшілікке 250 ірі арбаға толтырылған мүсіндер, картиналар, грек шеберлерінің құмыраларын көрсетсе, тойдың екінші және үшінші күндері қаруларын, алтын-күміс толтырылған ыдыстарды, патшаның әшекей заттарын паш етіп, Римнің қазынасын екі есеге көбейтті.

Б.з. 59 жылы Рим легионерлерінің жеңімпаз ісін Помпей жалғастырған. Байлыққа көмілген Римде грек өнерін құрметтеп,

---

<sup>1</sup> Плутарх. Сравнительные жизнеописания.

оны жинаумен айналысқан белгілі тұлғалардың саны күн сайын арта түскен. Айталық, көлемді картиналар мен мүсін, қолданбалы өнер туындыларын алғаш болып жинаған Афина қаласын жаулаушы Рим диктаторы Корнелли Сулла болды. Ол б.з.д. 59 ж. Эпидавр қаласындағы Александрия мен Олимптегі Зевс храмдарының байлығын иеленген. Ал б.з.д. 59 ж. Марк Скавр грек қаласы Сикионнан танымал бейнелеу мектебінің барлық картинасын қарызға батқан шаруалардан арзан бағаға сатып алып, бай коллекционерге айналған.

Римнің коллекционерлері ішінен Цицерон мен оның досы Аттика және танымал қолбасшы, сөзге шешен ақын Асини Поллионды, сенатор кіші Плиниді атап өтуге болады.

Жеке коллекционерлердің қатарының көбейуімен бірге жекелеген көркемөнер әмбебап базары қалыптаса бастаған. Б.з. I ғ. Рим қоғамында өнер туындыларының аукциондары мен көрмелерінің жиі ұйымдастырылуы, үйреншікті өмірге айналған.

Рим форумының маңында «қасиетті жол» бойында өнер шығармаларын сататын орын негізделген. Шығармалардың түпнұсқалығын ажырататын эксперт және арнайы кеңесшілердің саны мен сапасы арта түскен.

Рим коллекционерлерінің ішінен табиғи заттарды жинауда Помпейдің орны ерекше. Сонымен қатар көне дүниенің құндылықтарын бағалай білген император Август (б.з.д. 27-б.з.14 ж.) болды. Император Август Капри атты вилласында сирек кездесетін заттар мен жануарлардың қалдықтарын жинаған.

Бірақ та Рим коллекционерлері картиналарды жинауға ерекше көңіл бөлген. Сонымен қатар грек шеберлерінің қолынан шыққан бағалы тастарды, құмыралар, күміс пен алтыннан жасалған бұйымдар, піл сүйектерінен жасалған мүсіндер, тіпті тасбақа, алтын жіптен тоқылған шығыс кілемдерін де жинау әдетке айналған.

Тау хрусталі мен Балтиядан әкелген янтарь өте жоғары бағаланған, тіпті янтарьдан жасалған мүсіннің құны бір құлмен тең болған. Геммаларды иемдену үшін күрес жүрген. Бағалы және жартылай бағалы тастан, темірден кесіп жасалған бұл геммалар құнды зат болып есептелген. Айталық, Вена көркемөнер-тарихи музейінде антикалық дүниенің керемет өнер



туындысы, император Август бейнеленген – Август геммасы сақтаулы тұр. Бұл бейне ағат тасынан жасалған.

Рим коллекционерлері ішінен геммаларды алғаш болып жинаған Марк Скавр болды, одан кейін ұлы Помпей понт патшасы Митридатты жеңіп Юпитер Капитолий храмының көлемді жинақтары 2000 бөлшектен тұратын геммаларды, алты дактилиотекті иеленіп, кейін Венера храмына сыйға тартқан.

Бейнелеу өнері мен мүсін коллекционерлерінен Цицерон, Асини, Поллион, кіші Плиниді атауға болады.

Философ Сенеки Неронның құрметіне император Помпей ғажап сарай құрылысын жүргізіп, ішіне жинақтарын сақтаған.

Б.з. 69 жылы Флави династиясының билікке келуіне байланысты Нерон резиденциясы қиратылып, оның орнына Әлемнің храмы Колизей амфитеатры салынған.


Қорыта айтқанда, көне антика дүниесінің коллекционерлерінің қалыптасуы Рим императорларының жемісті соғыстарының нәтижесінде грек жерінен түскен олжадан байлыққа кенелген. Нәтижесінде, Рим патшалары мен философ ақындары грек өнері мен мәдениетінің ғажап туындыларын жинақтауға құлшыныс танытқан.

**Сұрақтар:**

1. Алғашқы коллекционерлердің пайда болу себебі неде - ?
2. Римде көне заттарды жинағандардан кімді білесіз - ?
3. Гемма дегеніміз не - ?
4. Рим императорларының жеке коллекцияларын атаңыз.

## 4 - тақырып

### ЕГИПЕТ ЖЕРІНДЕГІ ПИРАМИДАЛАР ЖИЫНТЫҒЫ



Ерте замандағы Египеттің пирамидаларын көргендер мен оны көрмегендер үшін осындай алып дүниелердің салыну құрылысы – қазіргі күнде өзектілігін жоймаған мәселелердің бірі.

Пирамидаларды зерттеу күннен-күнге көбеймесе, азайған емес. Оларға арналып бірнеше зерттеу еңбектері мен монографиялар арналып жазылды. Сөйтсе де, «Әлемнің жеті кереметінің» бірі болып есептелетін пирамидалар әлі күнге дейін өзінің мінсіз құпиясымен ғалымдарды қызықтырып та, таңқалдырып та келеді.

Египет жерінде Гиз маңында орналасқан пирамидалардың ішіндегі көлемі жағынан атақты болып есептелетін үш ірі пирамиданы ерекше атауға болады – олар Хеопс (Хуфу), Хефрен (Хафра) және Микерина (Менкаура). Аталғандардың ішіндегі ең биік пирамида Хеопс б.з.д. XXVIII ғасырларда салынған.

Ертедегі грек тарихшысы, Тарихтың атасы Геродот кітабында Египеттегі пирамидалардың салынуы жайында төмендегідей мәліметтерді келтірген: «...фараон Хеопс өз мүддесі үшін барлық Египет халқын жұмысқа салып қойды. Ол жұмысшылардың бір бөлігіне, алдымен, Ніл жағалауына араб тауларынан тас бөлшектерін әкелумен шұғылдануды бұйырған. Екіншілеріне ол тастарды тасымалдаумен айналысу тапсырылған. Қалғандары тастарды өңдеп, қажетті формасына келтірген. Пирамида құрылысында үздіксіз 100 000 жұмысшы жұмыс істеп, олар үш ай сайын бірін-бірі алмастырып отырған.

10 жыл бойы үздіксіз жұмыстың нәтижесінде тас бөлшектердің өзенге тасымалданатын тас жолы жасалынған». Геродоттың ойынша, осы жолдың салынуы пирамида тұрғызудан да қиын болған.

Аталмыш жолдың беті түрлі бейнелермен бейнеленген үлкен тастардан құралған. Бұл жолдың биік болып салынуы нәтижесінде, тіпті Ніл суының тасуы Турах тастарының пирамидаға жеткізілуіне бөгет жасай алмаған. Мыңдаған ауыр тастардың тасымалдануын көтерген бұл жол, шын мәнінде, «Патша жолы» деп аталып, кейін фараонды жерлеу кезінде де, соңғы сапарға апаратын жол болған.

Пирамида маңындағы жұмыстар аяқталды, жерасты құрылыстарының қабірлері, фараонның жерленетін камерасы да салынып бітті. Ал пирамиданы жердің үстінде тұрғызу жұмыстары тағы 20 жылға созылған.

Бастапқыда, Хеопс пирамидасы 147 метр биіктікке дейін жеткен, бірақ құмның көшуіне байланысты, оның биіктігі 137 метрді құрайды. Пирамиданың төмендеуіне себепкер болған тағы бір жағдай, оның сыртқы, яғни бетіндегі тастардың алынуы болса керек. Сонымен қатар бұрынғы уақытта арабтар туристерді қызықтыру мақсатында тастарды жоғарғы қабаттан алып, төменге домалатқан. Тағы бір жағынан, туристер пирамидаға шығуды дәстүрге айналдырған. Себебі тастар баспалдақ сияқты орналасқандықтан, оған еш қиындықсыз төбесіне дейін шығуға болатын. Ал қазіргі таңда пирамидаға шығуға, оның тастарын басуға тиым салынған, мұның өзі оның ұзақ сақталуына септігін тигізеді деген үмітпен жасалған іс-шаралар болса керек. Тіпті, кезінде екінші дүниежүзілік соғыс барысында пирамиданың биік төбесі ағылшындардың әуе бақылаушылары орналасқан бекет болған.

Пирамиданың негізгі квадраты - 233 метр, ауданы - 50 000 кв. метр. Пирамида 2 300 000 кубтық беті тегістелген бөлшек тастардан құралған. Әр бөлшек орташа есеппен 2,5 тонналық салмақтан тұрса, ең ауыр тас 15 тоннаға дейін жеткен. Пирамида тасының барлық салмағы шамамен 5,7 миллион тоннадан тұрған. Француз әскерінің қолбасшысы Наполеонның есебі бойынша, үш бөлшектен тұратын пирамиданың тасынан бүкіл

Францияны биіктігі 3 метр, ені 30 сантиметрден тұратын қорғаныс ретінде қоршап шығуға болады екен деген.

Кола дәуірінде өмір сүрген ертедегі құрылысшылар, осындай алып пирамидаларды қалай тұрғызғанын, тіпті оған геометриялық дұрыс форма беруінің себебін шеше алмай тығырыққа тіреліп отырған. Кейде, тіпті пирамиданы жер-бетіндегі адам баласы сала алмайды, оны басқа планеталықтардың күшімен жасаған деген келеңсіз мәліметтер де газет беттерінде басылып жүрді.

Нілдің оң жақ жағалауында Мемфис маңында мыңдаған адамдар ақ әкті өндірумен айналысқан. Пирамиданың бөлшек тастарын жартастан бөліп алу әдісі болған. Айталық, олар жарды, алдымен, тас бөлшек бөлініп түсетін жерді белгілеп, сосын терең түтікше ойып, оған құрғақ ағашты нығыздап сосын су құятын болған. Су тиген ағаш ісініп, тас бөлшекте жарықтар көбейіп, нәтижесінде моноклит жардан бөлініп түскен. Ал одан кейін тасты сол жерде тас, мыс және ағаш құралдармен өңдеп, стандартқа сай, кубтағы келбетке келтірген. Өңделген дайын тас бөлшекті қайықпен Нілдің қарсы бетіне жеткізген.

47 жүз жыл бұрын өмір сүрген египеттік құрылысшылар, пирамиданы үйлестіріп тұрғызу барысында, тіпті кішкентай саңылау қалдырмай, мықты және дәл өлшемдер бойынша жасаған. Египеттік ескерткіштер ішіндегі ең маңыздысы әрі шедеврі Хеопс пирамидасы болмақ. Бұл пирамидадағы тастар өте шебер өңделіп, берік жатқандығы соншалық, тіпті олардың арасынан ине түгіл, шаш өтетін саңылаулар да болмаған.

Сыртқы безендіру барысында египеттіктер, түрлі жылтыр тастарды өте мұқият таңдап алып отырған. Византиялық Филон атты автор өзінің кітабында «Әлемнің жеті кереметінің» бірі деп ақ мәрмәр, базальт, порфир және Арабия елінен әкелінетін тасты атаған. Бірақ сондай пирамидалардың сыртқы қаптама тастарынан қазіргі таңда ештеңе қалмады. Олардың бәрін XIV ғасырда өзінде тонаған. Сол заманның француз саяхатшысы: пирамидалардың жалтырап тұрған тастарындағы суреттерде тынбай жұмыс істеп жатқан жұмысшылар бейнесі алыстан қарағанда, құмырсқаның илеуі сияқты жоғарыдан төмен қарай өрмелеп жатқандай болып көрінгендігі өте таңғалдырып, қызықтырғанын айтқан.

Египет жеріндегі Хефрен пирамидасының беткі қабаты ғана осы күнге дейін сақталған. Хефрен әкесі Хеопске құрметпен қарағандықтан, өзінің пирамидасының биіктігін кішілеу жасаған. Бірақ оның пирамидасында да «Ұлы Хефрен» деген жазулар болған. Одан кейінгі аласа болып салынған Хеопстың немересінде де «қасиетті Микерин» атты жазу болған. Яғни, пирамидалардың үлкен, аласа болып салынуы үлкенді сыйлау, әкені құрметтеу деген ұғымдардан туындаған.

Көптеген пирамидаларда шымшытырық лабиринттер, тас қараңғы камералар мен қауіпті тұсауларды мумияны тонамасын деген мақсатпен әдейі қорғаныс ретінде қойған. Бірақ бәрібір фараон мүрдeleri ғасырлар бойына тоналып отырған.

Ғалымдар енді пирамидаларға көңіл аударып, зерттей бастағанда, олардың көпшілігі барымталанып қойған.

Пирамидалардағы байлық – теңдесі жоқ керемет дүниелер. Оған Иван Буниннің мына жолдары дәлел болады: «Пирамиданың ішінде отты тұтатқанда, оның қара мұз сияқты жалтыраған гранит тастарын көріп, қорқыныш үйіріледі. Бөлменің ортасында тік бұрышты қара саркафаг тұрған. Оның ішінде алтынмен қапталған, бағалы тастарға көмілген және алтын қылышты мумия жатқан. Мумияның маңдайында қызыл от болып жанып тұрған, үлкен карбункул тұрған. Оның іші-сырты адам тілін білмейтін жазуларға толы болған ...».

Геродот «Тарих» еңбегінде Мерис көлін жаза отырып: «Көлдердің аралығында екі пирамида тұр, олардың әрқайсысының төбесінде тас тақта отырған фараонның мүсіні сипатталған», – деп жазады, осыған орай, кейбір египтолог ғалымдар пирамиданың биік төбесі фараонның мүсінімен аяқталған деп жорамалдаған.

Бірақ тарихтың атасы Геродот Гиз жеріндегі алып пирамидаларды өз көзімен көрді ме, жоқ әлде естігені бойынша жазды ма деген күмәндар бар. Ал Геродот Мерис көлінде тамаша пирамида мүсіндері өзін таңғалдырғанын, өз көзімен көргендігін дәлелдей отырып, Гиз аймағында мұндай кереметті көрмегендігін тұжырымдайды.

Пирамидалар әрқашан да фараондардың мәйіттері болып есептелінгендіктен, басқа тұжырымдар ғалымдардың түсінігінен тысқары шығып жатты. Қазіргі таңда ғылым саласындағы ға-

лымдар құпия пирамидалардың салыну мақсатына қатысты басқа да ой тұжырымдарын жасауда. Мысалға, эзотериктер алып пирамидалар діни рәсімдер мен энергетикалық орталықтар болды дей келе, онда діни нанымдардың құпия рәсімдері мен оқулар, емтихандар өткізілуі мүмкін деген. Сонымен қатар Египет абыздарының қасиетті кітаптары да сақталған дейді.

Пирамида ішіне жиналған энергия күшінің молдығы соншалық, көршілес аумақтардың климатына әсер етпей қоймайды десе, осы энергияның күшімен өтіп бара жатқан өркениеттің даналары өздерінің қолдарынан шыққан пирамидаларды ұрпақтардан қорғау үшін, Хеопс маңындағы құрылыстарды жоғалту мақсатпен, аймақты құмды далаға айналдырып жіберуі мүмкін деп жорамалдаған.

Кейбір зерттеушілер пирамиданы обсерватория, біреулері бақылаушы пункт десе, ертедегілердің үлкен ғылыми лабораториясы деп атаған. Кейбіреулері діни рәсімдер жүргізетін храм, әсіресе Амон-Ра күн құдайына табынатын орталық десе, неміс ғалымдары сенсациялық болжамдар жасап, олар пирамиданы мәйіттер негізінде ғана емес, сонымен қатар жер энергетикасының табиғи үлкен генераторы, онда фараонның «мұрагер ұрпақтары» көптеген уақыт бойы осы энергиядан күш алып, тіпті жасарған деген жорамал жасаған.

Қазіргі таңда пирамидаларды зерттеу күннен-күнге күшейіп, жаңа көзқарастар қарастырыла бастады. Айталық, т.ғ.к., А.Б. Шейннің ұсынысы бойынша қазіргі күні, пирамиданың тек өзін зерттеп қоймай, сонымен қатар құрылыстың жүру үдерісін бірге қарастыру керек. Египеттіктер пирамидаларды адамдар тұрақты тұрмайтын, пайдасы аз жерлерге салған. Құрылысшылары ер адам болған. Пирамиданың әлеуметтік жағдайға кері әсер еткені деп, алдымен, халық санының азаюын атаған жөн.

Библия кітабында Египетте халық санының өсуіне қарсы «аждаһар заңдарын» қолданғанын хабарлайды. Осындай заңдар бойынша Египетте қандай отбасында туса да барлық тұңғыш балаларын өлтіріп отырған. Еврейлердің Египетті тастап кетуінің басты себебі де осы, бала тууының шектелуі болса керек. Яғни, пирамидаларды салуда ертедегі Египет халқы күйзеліске ұшырап, ел үшін оның пайдасы болмады деген тұжырым дұрыс

емес. Керісінше, алып пирамидаларды тұрғызу нәтижесінде демографиялық шектеу болды.

Хеопс пирамидасының алдында кішігірім музей орналасқан, онда тек бірғана экспонат тұр. Біреу болғанымен, ол – үлкен асылған кеме, осыдан 4800 жыл бұрын жасалған. Тарихшы ғалымдар мен археологтардың растауы бойынша, ол кемемен фараон Хеопстің өзі Ніл өзенімен жүзіп өтетін болған. Осы кемемен оның сүйегі пирамидаға жеткізілген. Дегенмен бұл соңғы жүзіп өткен жол емес, себебі ертедегі египеттіктер кеме фараонды мәңгілік күн құдайы Раға алып барады деген сеніммен, Гиз жеріне көмген деп тұжырым жасаған.

1954 жылы бір топ египеттік археологтар Хеопстің негізі іргетасын барысында кемеңі тауып алған. 1224 бөлшектен тұратын кемеңің қираған қалдықтарын үш жыл бойы жерден тазалап алған.

Хеопсті көп жағдайда тастағы Библия деп бекер атамаса керек. Мәселен, таң енді атып келе жатқанда, Хеопстың биік төбесі тұманға оралып күлгін түске боялған, ал көкжиек бұлтпен шектескен сәттерде кара-сұр түске, ал айдың суық түсімен ол ақ қарға көмілген шыңдай болып көрінетін болған. Араб жазушысы Абд-эль-Латиф пирамидаға қарап тұрып, сонау VIII ғасырларда былай деген екен: «Жер бетіндегінің бәрі уақыттан қорқады, дегенмен уақыттың өзі пирамидадан қорқады».

**Сұрақтар:**

1. Пирамидалардың салыну себебі неде деп білесіз?
2. Геродоттың пирамидалар жөніндегі мәліметін атаңыз.
3. Пирамида құрылысының салыну құпиясы.
4. Н. Бонопарттың пирамидаға қатысты айтқан мәліметтері қандай?

## ІІ БӨЛІМ

### ОРТА ҒАСЫР ДӘУІРІНІҢ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ

#### 5 - т а қ ы р ы п

#### Орта ғасырлық Батыс Еуропа жинақтары

Орта ғасырлар кезеңінде билік басындағы патшалар әшекей бұйымдарды, қару жарақтарды, бағалы заттар мен қазынаны байытуға мүдделі болған.

Еуропаның ерте орта ғасырлар дәуіріндегі ең танымал бай қазынаның иесі Ұлы Карл болды. Ол бай қазынасын Ахен капелласында сақтаған. Екі қабаттан тұратын Ахен капелласы құрылысын императордың өзі Ахен атты кішкене қалашықта арнайы салғызған. Онда антикалық геммалар, құнды кітаптар жиынтығы, жібек пен парча маталарынан тігілген киімдер, араб және византиялық шеберлердің піл сүйектерінен жасаған мүсіндері, сонымен қатар бағалы тастармен әшекейленген қолданбалы өнер туындылары, христиан дініне қатысты бұйымдар, осының бәрі император қазынасын құрады.

Дамыған орта ғасыр қазыналары керемет сұлулығы мен қымбат бағалылығымен ерекшеленді. Француз королі V Карл (1364-1380 жж.) қазынасының көптеген әшекей бұйымдары патша тәжі мен алтын сервиздермен қатар, алтын мен күмістен жасалған крестер, Қасиетті ана мен басқа құдайлардың мүсіндері, бағалы тастармен әшекейленген бұйымдар және қымбат ыдыстар жиынтығы болған.

Шетелдік елшіліктердің патша қазыналарының байлығын салыстырмалы түрде сипаттағанын құжаттардан көруге болады. Айталық, XV ғ. Еуропа бойынша теңі жоқ Русь князьдарының мәскеулік қазынасын ерекше көрсеткен. Осы мәліметті дәлелдеуші Дон Хуан Перседский 1599 ж. төмендегі дәлелдерді келтіреді: «Сегіз күн бойы бізді Москваның қала көркімен таныстырды, әсіресе бай қазынамен, оның кірер есігінде екі арыстан



бейнеленген, біреуі күмістен, екіншісі алтыннан жасалған болса керек. Бай қазынаны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, патша киімдерінің өзі жатқан байлықтың нышаны, қаруларының көптігі соншалықты 20 мың атты әскерді қаруландыруға жетерлік»<sup>1</sup>.

Русь қазынасының орталығы Мәскеу жеке орталық болып қаланған уақыттан басталды. Ол XIII ғ. екінші жартысында құрылған болатын. Мәскеудің қазына қоры тәуелді территориялардан жиналатын салық есебінен толтырылып отырған. Мәскеуді көркейту мақсатында орыс жерінің жер-жерлерінен шеберлер мен ұсталарды шақырған немесе күшпен әкелген.

XV ғ. екінші жартысында сауда қатынастарының Батыс және Шығыс елдерімен жандануына байланысты, Мәскеу патшасының қазынасына түрлі бағалы заттар мен маталарды көпестер әкеліп жатты.

XVI ғ. дипломатиялық байланыстың кеңеюіне орай елшілік сыйларымен қазына алтын мен күміске толтырылды.

Алғашқыда, патша қазынасы Мәскеу Кремлінің Благовещенск соборында орналасқан. Байлықтың күн артып өсуіне орай жеке құрылыс қоймасы қажет болған. Сөйтіп, 1485 жылы Архангельск және Благовещенск соборларының ортасынан «Казенный двор» атты құрылысты тұрғызған. Онда билік рәміздері, елшілік сыйлықтары, алтын және күміс ыдыстар сақталған. Сонымен қатар XVIII ғ. басына дейін Русь патшаларының қазыналары Постель қазынасы, Конюшны қазынасы, Қарулар палатасы атты кремль қоймаларында сақталып келген.

Патша қазыналарымен қатар жеке адамдардың коллекция жинақтауы орта ғасырларда кең дамыған. Айталық, Рим тұрғыны Николо Кресченти (XI ғ.) өз үйінде антикалық архитектура бөлшектерін жинап сақтаған, ағылшын епископы Генри Винчестер (XII ғ.) Римнен өз еліне көне заттардан тұратын жеке жинақтарымен оралған. Көне заттың құмары болған Қасиетті Рим императоры II Фридрих Гогенштауфен (1220-1250 жж.) өзінің қамалында жинап сақтаған.

---

<sup>1</sup> Малицкий Г.Л. К истории оружейной палаты Московского Кремля // Государственная Оружейная палата Московского Кремля. - М., 1957. - С. 520-521.

Алғашқы еуропалық жеке коллекциялар жинақтауда танымал болған – француз королі Иоанның кіші баласы Жан Берийский (1340-1416 жж.). Ол әшекей бұйымдарын, бағалы тастар, керемет кілемдер, қымбат маталар, алтын ыдыстар, шіркеу заттарын жинауға құмар. Оның гардеробындағы коллекциялары өнерді сүйіп, нәзік түсінетін жанға сай жиналып сақталған.

Жан Берийский Византия құмыралары мен антикалық және шығыстық алқалар, медальдарды көздеген мақсаты бойынша іздеп, сатып алып немесе тапсырыс беретін болған. 1380 жылы герцогке арнайы алтын кубок жасалған екен, оның салмағы – 1,93 кг, ол түрлі эмальдармен өте бай безендірілген. Қазіргі таңда француз шеберінің қолынан шыққан бұл тамаша өнер Британ музей экспонатында ең танымал ретінде «Француз және ағылшын карольдерінің кубогі» деген атпен сақтаулы тұр.

Жан Берийскийдің өнер туындыларына деген қызығушылығы арта берген. Ол қызығушылықпен антика дүниесі мен табиғатта сирек кездесетін заттарды жинаған. Өзінің сарайларының бірінен танымал тұлғалардың портрет галереясын құрған.

Жалпы, түйіндей келгенде, орта ғасырдағы еуропалық мәдениетте шіркеулік және танымал жеке тұлғалардың жинаған коллекциялары, тек материалды құндылықтарды сақтап қана қоймай, сонымен бірге мемориалды мақсатта, тарихи және бейнелеу өнерінің маңыздылығына сәйкес сол заманның түсінігі негізінде заттарды жинаған. Орта ғасыр храмдары, кейінгі кездегі музейлер сияқты өз заманында заттарды сақтау функциясын атқарды. Осы храмдарда заттардың жинақталып, сақталуы орта ғасыр құндылықтарын мәдени дәстүр негізінде келешек ұрпаққа жеткізуші болды.

Тарихи және мемориалды құндылықтар негізінде христиан дініне қатысты иконалар, картиналар, мүсіндер, шіркеу заттары т.б. бұйымдардың храмдарда сақталуы, бір жағынан, қарапайым халықтың мәдени түсінігін, ой-өрісін дамытты.

Жеке тұлғалардың қазынасы келешек музейдің қалыпташуына негіз болды деуге болады. Айталық, Саксон билеушілері сырт көзден сақтану үшін Дрезден бекінісінің «құпия қоймасында» жанұя құжаттарын, ақша, бағалы тастар мен сирек кездесетін тастармен безендірілген әшекей бұйымдарын сақтап,

кейін осы қойманың нәтижесінде «Зеленый свод» атты танымал музей қалыптасқан.

**Сұрақтар:**

1. Ортағасырлық Батыс Еуропа жинақтарының ерекшелігін атаңыз.
2. Жеке қорлардың жиналуы.

## **б - т а қ ы р ы п**

### **Орта ғасыр кезеңіндегі Шығыс елдерінің жинақтары**

Мұсылман әлемі мен үнді-буддалық елдерде алғашқы коллекцияларды жинақтаудың өзіндік діни астары болды. Ислам діні қалыптасып, оның мәдениеті Оңтүстік Жерорта теңізі аймағына және Шығыста Индонезияға дейінгі жерге тарап, жерленген мұсылман қабірінде болса да қазыналар болды, жүз жылдан астам уақыт бойы онда бай, сирек кездесетін заттардың қоры жинақталды. Мұхаммед Пайғамбардың өзі осындай жолмен жиналған қазыналарды «вакфа» немесе «вакуфа» деген концептуалды атаумен негізін қалаған. Оның мәні бойынша мемлекет немесе жеке адам діни шараларға немесе қайырымдылық мақсатпен дүние мүлiкті сыйлай алатын болған. Осындай жолдармен жиналған заттар келешекте музейдің қалыптасуына себепкер болған.

Айталық, Тегерандағы шах Абдул Азиз музейі, пайғамбар қайтыс болғанда қабіріне келушілердің әкелген сыйлықтары негізінде қалыптасқан.

Иракта мұсылмандардың қасиетті қаласы болып есептелетін Неджефте Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы бірінші шейіт имамы халиф Алидің қабірінің жанындағы қазынасы келешекте музейге негіз болған.

Көне жазба ескерткіштерде будда ғибадатханасының өнер туындылары, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер сақталған. Үнді шіркеулерінде бейнелеу өнер туындылары, мүсiндер, қолданбалы өнер туындылары, түрлі сирек кездесетін заттар жылдап, тіпті ғасырлар бойына жиналған.

Жапонияда шіркеу қазыналары ұзақ уақыт бойы діни

және жеке тұлғалардың жалғыз ғана сақтаушы орны болып келген. Оған мысал ретінде әлемге танымал болған VIII ғ. Нарда Тойдайди ғибадатханасының Сёсоин қазынасын атауға болады. Бұл қазынаның құрылуына император Сомның жесірі (724-756 жж. билік құрған) будда Вайрочанға арнап жасаған құрбандық шалу негіз болған. Бұл қазынада қару жарақтар, қалқан, айна, ширмалар, музыкалық аспаптар – жалпы саны 650 зат болған. Осы заттарды сақтау үшін ғибадатхана территориясына салдырған, кейін қордың санының өсуіне орай XX ғ. ағаштан жасалған құрылыс ол музейге айналған.

Өнер туындыларының бай жинақтарымен сарайларды безендірді, ал осындай әдемі заттармен толтырудың басты жолы тиімді әскери жорықтар ұйымдастыру еді. Араб халифатының Бағдадтағы Аббасидтер әулетінің (750-1253 жж.) резиденциясы мен Каирдегі Фатимид әулеттерінің (909-171 жж.) сарайларында қарулардың әшекейленген түрлері мен бейнелеу өнерінің бұйымдарын сақтаған. Әсіресе ерекше құрметпен каллиграфия есептелді, себебі жазудың әдемі түрін меңгеру деген сауаттылық, тұлғаның рухани жемісінің жетістігін танытқан. Сонымен қатар мұсылман әлемінде қолжазба кітаптар өте жоғары бағаланып, тіпті алтынмен теңестірген кездері де болған.

Әсіресе қолжазба кітаптарын жинақтау XV-XVI ғғ. Иран, Үнді елі, Осман империясында ерекше дамыған. Гератта (Иран) Тимуридтер сарайында арнайы кітап шеберханасы жұмыс істеген, онда Бағдад пен Тебриздің ең танымал каллиграфтары мен суретшілері жиналған, ал Стамбулдағы Осман сұлтандығында қолжазбаны жасау үшін жергілікті іскерлермен қатар Италия, Иран және Әзірбайжанның шеберлері де еңбектенген.

Коллекцияларды жинауды ең шыңына жеткізіп дамытқан қытайлықтар болды. Хань империясы тұсында (б.з.д. 206 - б.з. 220 жж.) император сарайларының жалпы мәдениетін көтеру мақсатында, түрлі аймақтардан танымал бейнелушілер мен каллиграфтарды жинақтаған.

Күнделікті өмірлерінде қытайлықтар пайдаланатын иероглифтерді соншалықты дамытып, оларды әдемілеп бояп салу, өнер туындысына айналған. Уақытының көп бөлігін осы өнер түріне жұмсаған адамдар рухани байып, эмоциялы түрде ләззат алған. Каллиграфтар қоғамда суретшімен тең бағаланған.

Айталық, император Тай-цзун (627-649 жж.), бүкіл Қытай аумағы бойынша (321-379 жж.) танымал болған атақты каллиграф Ван Си-чжидің шығармаларын іздестіріп, жинақтауға бұйрық берген. Бұйрық бойынша жеке қолда жүрген түп нұсқаны мемлекетке өткізу керек, себебі бейнелеу өнерінің құнды дүниесі болып есептелінеді деген.

Таң империясы кезінде де, мемлекеттік жұмыс пен мәдениет басты орынға қойылып, жинақтардың саны артқан. VIII ғ. басында бас Академия немесе Ғалымдар палатасы атты мекемелерде каллиграфтар бейнелеу өнері бойынша сабақ алған, ал император олардың жасаған туындыларымен жеке танысып, ерекше талант иелерінің қызмет барысы бойынша шенін жоғарылатқан.

Таң империясы құлап, көтерілістер орын алған уақытта да жинақтау ісі өз дамуын жалғастырған. Мәселен, император Ли Бян (937-943 жж.) тұсында оңтүстік Таңда Академия құрып, мыңдаған жергілікті картиналар мен кітаптар сақталған. Дегенмен қытайлық коллекциялардың даму шыңы Сун империясы (960-1279 жж.) тұсында экономиканың гүлденуі кезеңінде болды. Бірінші Сун императоры Чжао Куан-ин (960-976 жж.) тұсында көркемсурет департаменті қалыптасып, онда жас суретшілер сабақ алған, ал шеберлер тапсырыстар бойынша жұмыс істеген. Сөйтіп, император қазынасы күнартып өсе берген, әсіресе жазу үлгілерімен қатар әшекей бұйымдары, қымбат кілемдер, күмістен жасалған көне бұйымдар жинақтың құрамында болған. Император сарайында жинақтарға байланысты арнайы департамент жұмыс істеген.

Сун империясы дәуірінде көркем сын ерекше даму деңгейіне жетеді, оған себепкер – XII ғ. басында құрылған көркемсурет академиясы. Бұл академия ортағасырлық Қытайдың тұңғыш мемлекеттік мекемесіне айналып, елдің мықты суретшілерінің басын біріктірді.

Императорлық жинақпен қатар жеке жинаушылар қатар дамыды.

Арнайы трактаттар құрылған; Сун империясында жетеуі жазылса, ал Юань әулеті кезеңінде (XIII-XIV ғғ.) тағы екеуі жазылған. 1387 ж. басты үш томдық Цао Чжао «Ге гу яо линь» атты кешенді жұмыс жарыққа шыққан.

Сун дәуірі кезеңінде Қытайда манчжур әулеті басқарған тұста да коллекция жинау ісі өз жалғасын тауып жатты. Бұл уақытта ірі коллекциялардың тізбесін жиі шығара бастаған.

Сонымен, Еуропа елдерінің коллекция жинауына антикалық көне заттар негіз болса, ал шығыста діни нақышта дамыған. Мұсылмандық қоғамның қазыналарында, үнді-буддалық храмдар мен сарайларында ежелден керемет заттар мен бұйымдар, бағалы әшекейлер, т.б. құнды заттар сақталып келген.

Шығыс елдерінде, әсіресе Қытайда жеке коллекцияларды жинау жақсы дамыған. Өнер туындыларын бағалау, олардың сақталуы теориялық тұрғыда жоғары дамуы Еуропа елдерінен бұрын болған. Бірақ музей ерекше мәдениеттің түрі ретінде Еуропада қалыптасқандықтан, бүкіл адамзаттың мақтанышына айналды.

**Сұрақтар:**

1. Орта ғасырларда Шығыс елдерінде жинақтардың жиналуы қалай болды?
2. «Вакфа» немесе «вакуфа» дегеніміз не?
3. «Каллиграф» дегеніміз не және оның жекеленген мектептерде дамуы қалай?

## **7 - т а қ ы р ы п**

### **Музейлердің қалыптасуының тарихи алғышарты**

Әлеуметтік институт ретінде музейлердің қалыптасуы еуропалық тарихтың Қайта өркендеу дәуірінде қалыптасты. Қайта өркендеу дәуірінің хронологиялық шеңбері біркелкі емес. Италияда XIV ғ. ортасынан XVI ғ. дейінгі аралықты қамтыса, Батыс Еуропа елдері үшін XV ғ. аяғында басталып, XVII ғ. екінші жартысында аяқталған.

Ғылыми, әдеби көркем өнер, философиялық, педагогикалық көзқарастарда білінген Қайта өркендеу мәдениетінің идеялық мазмұны, әдетте "гуманизм" терминімен белгіленеді. Бұл термин, яғни «Humanitas» - адамгершілік, адамның табиғаты, рухани мәдениет деген ұғымдарды білдіреді. Гуманистер термині XVI ғасырда пайда болған. Бірақ XV ғасырдың өзінде-

ақ Қайта өрлеу дәуірінің қайраткерлері өз мәдениетін белгілеу үшін Humanitas сөзін қолданады. Аудармасы шынайы білімділікті білдіреді. Ал кездесетін тағы бір термин «studia humanitatis» (шын ғылым) шіркеу ғылымына қарама-қарсы қойылды.

Қайта өркендеу мәдениеті осының алдында өткен ортағасырлық шіркеулік-феодалдық мәдениетке қарама-қарсы оның шын сипаты болып табылады. Қала мәдениетінде көріне бастаған бұл нышан Қайта өркендеу дәуірінде одан әрі дамыды. Қауымдық істермен, табыс табумен, баюмен, саяси күреспен шұғылданған бай-феодалдық-шіркеулік дүниетанудан барған сайын алшақтай түсті. Оған о дүниедегі рахаттан үміт етіп және бетіндегі шаттықтан бас тартуды талап еткен тақуалық аскетикалық мұрат өте жат еді.

Сонымен қатар гуманизм – адамның қадір-қасиеті мен құқықын құрметтеуді, оның жеке тұлға ретіндегі бағасын, адамның игілігіне, оның жан-жақты дамуына, адам үшін қолайлы қоғамдық өмір жағдайын жасаған қамқорлықты білдіретін көзқарастардың жиынтығы. Қайта өркендеу дәуірі тиянақты идеялық қозғалыс ретінде қалыптасты. Бұл кезеңде гуманизм феодализмге және ортағасырлық теологияға қарсы көзқарастармен тығыз байланысты болды. Гуманистер адам бостандығын жариялады. Діни аскетизмге қарсы, өз мұқтаждарын қанағаттандыру құқы жолында күресті. Қайта өркендеу дәуірінің аса көрнекті гуманистері Петрарка, Боккаччо, Леонардо да Винчи, Эразм Роттердамский, Бруно, Рабле, Моктель, Коперник, Бэкен т.б. зиялылар дүниетанымды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. XIII ғасырдағы буржуазиялық ағартушылардың шығармаларында өзінің шарықтау шегіне жетіп, бостандық, теңдік, туысқандық ұранын жариялап, адамдардың өзінің табиғи жаратылысын, кедергісіз дамыту құқын қорғады. Әуел бастан-ақ Мор, Кампанелла, Мюнцер секілді гуманист өкілдері, кейінірек утопиялық социализмнің басқа да жақтаушылары еңбекшілер бұқарасының мүдделерін білдіретін ағым болып оқшау шықты. Олар қоғамның антигуманистік сипатын көре білді. Оның кеселдерін сынады. Мүліктік теңдікті талап етті. Бірақ тарихтың объективті заңдарын білмегендіктен, әділетті қоғамға қол жеткізудің нақты жолдары мен құралдарын ашып көрсете

алмады. Сапалық жаңа гуманизм барлық адамдардың жан-жақты және жарасымды дамуы үшін қажетті алғышарт жасайды.

Қалыптасып келе жатқан капитализм жағдайында гуманистік көзқарас жүйесі қоғамдық ойды бағындырудың ұлы үлгісі болғанына қарамастан, гуманистік көзқарастар ішкі қарама-қайшылықтарға толы және тарихи шектеулі құбылыс болды.

Сонымен бірге, өз ақшаларына жер бетінде мүмкіндігінше бөліскісі келген болатын. Оған шіркеу уағыздаған адамның денесінің, ынтасы мен жігерінің «күнәһарлығы» идеясы жат болды. Гуманистік мәдениеттің мұраты – табиғатпен, махаббатпен, өнермен, адам ақыл-ойының жетістіктерімен, достарымен араласып рақаттана алатын адамның жеке басын жан-жақты дамыту еді. Гуманистердің дүниетанымының негізінде құдай емес, адам болды. Құдай адамды деп Пеко делло Мирандалло жазды италян гуманисі. Әлемнің заңдарын танып білу, оның кемдігін сүю, оның ұлылығына таңдану үшін жаратқан. Адам өз еркі бойынша өсіп - жетіле алады. Оның ойынша, мейлінше сан алуан тіршіліктің өркендері бар.

Жаңа экономикалық құрылысқа әрі феодалдармен күресте ойдың жаңа қалпына жол салған көбіне ерте буржуазиялық дүниетануға байланысты Қайта өрлеу дәуірінің адамдары феодалдық дүниетану жүйесін сынға алды. Олар тақуалықты және католик шіркеуінің төзімділік теориясын кемітіп, рақат көруге адам құқын орнықтырды, феодалдардың асқақтығын айыптады, ғылыми-зерттетуді талап етіп, схоластиканы келемеждеді, ақыр аяғында ортағасырлық өнерді де сынға алды. Ортағасырлық өткен дәуірді соқыр сенімнің, надандықтың, тағылықтың заманы деп жарияланды. Оны "готикалық" деп атады.

### Готика

Орта ғасыр аяқталар кезде пайда болған готикалық архитектура – адам қиялы мен талғамы бұрын ешқашан тудыра алмаған құбылыстар.

Өркениет құрып кеткеннен кейін, талай ғасыр бойы жер қойнауында жатқан өнер ғажайыптарын қайта табу, әрине, зор қуаныш. Қайта өрлеу кезеңінде көне кездегі өте дәл пропорциялы мүсінді немесе бейнелер салынған құтыны қазып алғандар сондай қуаныш сезіміне бөленді, қуанышпен бірге христиан



дінін уағыздаған фанатиктердің ертедегі жоққа табынушылардың мәдени мұрасын қорлағысы келгендеріне олардың зығырданы қайнады. Шындығында, ортағасырлық өнер туындылары жерасты болмаса да, түсінбестіктің зіл-батпан қатпары астында ұзақ уақыт құпия болып келді емес пе? Міне, енді сол өнерге жол ашылып еді, оның әсемдігі классицизмнің мезі етер нормасынан жалыққандардың жан-сезімі мен ақыл-ойын баурап әкетті.

Бұл өнердің романдықтардан, тіпті өзгеше сипатта болғанын Гогольдің өте дәл, жарқын пікірінен айқын аңғарамыз. Оның: «сансыз күмбездер», «аса үлкен терезелер», «бітісе киюласқан», «аспанға ұшып бара жатқанда», «бірін-бірі қуалаған күмбездер» деген сөздерінің әрқайсысы оның романдық соборлар қабырғаларының монолитті сұстылығына, ештеңе өткізбейтін беріктігіне жанаспайтын ұғымды аңғартады.

Собордың зор тұлғасы зіл-батпан ауырлықтан арылып, біздің көзімізге жұқалтаң тартқан сияктанып көрінетін қабырғалардың іші ауаға толып, жеп-жеңіл нұрлы дүниедей әсер етеді. Біздің эстетикалық сезім дүниеміз архитектураны көбінесе ұйып тұрған музыка» (Шеллинг), «үнсіз музыка» деп қабылдайды. Музыкалық дарыны бар адам архитектуралық форманың үнсіз әуенін ап-айқын ести алады.

Міне, XII ғасырда романдық стильден готикалық өнер біржола үстем болуымен бірге француз музыкасындағы бір үнділіктің орнына дауысты күрделі өнер өмірге келді.

Батыс Еуропа халықтарының өнері бірте-бірте жаңа сапаға ауысқанда олардың тарихи дамуында қандай өзгерістер болды?

Көп жағдайлар өзгерді. Ірі феодалдар азайып, кедей қалыпына түсті де, ірі монархиялардың қуаты артты. Көп ретте корольдік билікпен бәсекелескен монастырьлер өзінің бұрынғы ықпалы мен өктемдігінен айырылды. Қалалар байи түсті. Жеке басқару жүйесі бар ірі қалалық қауымдар құрылды. Қала тұрғындары көбейіп, олардың құқықтары барған сайын арта берді. Ақсүйек-тердің қолөнер цехтары мен басқа да корпорациялардың саны көбейіп, маңызы артты. Мұның бәрі прогрессивті құбылыстар еді. Халықтың дүниетанымы бұрынғыға қарағанда неғұрлым саналы түрде жетіле түсіп, дін басылар мен әкімдердің езгісінен азат бола бастады.

Батыс Еуропа халықтары өздерінің ерекше болмысын, күші

мен мүмкіндігін ұғынды. Шіркеу адамға өз еркін ымырасыз қантаңдықпен тануға тырысты. Алайда дін қаншалықты ықпалды болғанымен, ол адамға көңілдегідей білім бере алған жоқ. Халықтың алдында көлденең тартылған сұрақтарға дін жауап бере алмады, сондықтан олар өздерінің көңілдерін жұбатып, шүбәлерін кетірудің амалын діни догмадан гөрі басқадан іздестіре бастады.

Мемлекеттер нығайып, шаруаларды қанаушылық күшейе түсті. Роман заманының күні бата бастаған кезде, француз ақыны Бенуа де Сан-Мор шаруаға арнап: «Өзгелерге тамақ тауып беріп, асырап жүргендердің өздері қар мен жаңбырдың, боранның астында кедейліктің тақсиретін көруде. Құдіретті еңбегімен жер қопарғандар аштықтың зардабын тартуда. Олардың өмірі ауыр азап пен қайыршылыққа толы. Ал мен, шынын айтсам, сондай адамдарсыз өзгелердің қалай өмір сүрерін айта алмаймын», – деп өкінішті толғау айтқаны бекер емес.

Шаруалар үстемдік етушілерге ерлікпен қарсыласты. Францияда, Германия мен Англияда аса зор көтерілістер бұрқ етіп шығып жатты.

Феодалдық идеологияның күні өте бастады. Жаңа туа бастаған буржуазия сауда арқылы үздіксіз байи отыра, барлық жағымды, нақтылы жайларға бейімділігімен мәдениетте, яғни өнерде де өзінің түсінігі мен талғамын орнықтырды. Ерте дүниенің, ұлы философы, логиканың атасы Аристотельдің ғылыми шығармалары латын тілінде ел-елге тарап, адамдардың ой-өрісін ұштауға аса зор ықпал тигізді.

Бұрын монастырьлер жүргізіп келген шіркеу құрылыстары енді қала тұрғындарының қолына көшті. Мұның маңызы үлкен еді. Біз жоғарыда көз жеткізгеніміздей, роман дәуіріндегі монастырьлік ғимараттар өзінің күмбезі астына бүкіл аймақтық халқын жинай алатындай күшке ие болған. Қалалық қауымның қаржысымен оларды тапсырысы бойынша салынған готикалық, собор одан да үлкен ықпалға ие болды. Әдетте құрылысы мен әшекейленуі ондаған жылдарға созылатын ғимараттар бара-бара шындығында бүкіл халықтық іс болып табылатын. Оның үстіне ғимарат міндеті жұртшылықтың мінәжатымен ғана шектелмей, ол қоғамдық өмірдің түйінін шешуге де арналды. Мәселен, қалалық соборда құдайға құлшылық етумен қатар универси-

теттік лекциялар оқылып, театр қойылымдары қойылатын, ал кейде, тіпті парламент мәжілісі де өткізілетін. Ғимараттардың ішінде үнемі бас қосып тұратын діндар қауымдармен бірге қарапайым халық та салтанатты собор маңына жиналып, діни және өмірлік рәсімдер өткізіп тұратын.

Құрылыс жұмысы инициативасының монастырьлерден қалаға көшуінің, тағы бір елеулі маңызы болды. Роман дәуірінде шіркеу құрылысын негізінен тек монастырьде ғана жұмыс істейтін монахтар артельдері жүргізетін. Ал готикалық кезеңде құрылыс ісімен кәсіптік артельдерге біріккен қолөнершілер шұғылданды. Олар көп ретте нақты бір қалаға қарамайтын. Сондықтан олар қай жерде құрылыс жұмысы жүріп жатса, сол жерден табылатын. Бұл жағдай жаңа готикалық архитектураның жер-жерлерге кең таралуына ықпал етті.

Артельдердің ұйымдастырылуы көңіл аударарлық жай еді. Оның себебі құрылыс жұмысына мүлде қатысы жоқ «еркін тас қалаушылардың» (франкмассондардың) философиялық-саяси қауымдастығының сол артельдерден көп нәрсені пайдалана білгендігінде ғана емес.

Германияда пайда болып, одан кейін Франция мен Англияға тараған артельдердің немесе тас қалаушылар жолдастық ұжымдарының басқа да цехтық бірлестіктерден өзіндік ерекшеліктері болды. Олардың мүшелері өздерін аса ғажап архитектура өнерінің құпиясын меңгерген және оның сырын басқаға ашпайтын туысқандармыз деп есептеді. Олар үсті жабық ложаларға (алғашқыда шеберханалары солай деп аталып, кейін ол атау артельге көшкен) жиналатын да шеберлер, олардың көмекшілері және үйретушілер болып бөлініп, бәрі аға шебер мен ерекше капитульге бағынатын болған. Ложаға кірерде үйренушілер өздерінің жолдастыққа адалдығы және құпияны қатаң сақтайтыны жайлы ант беретін болған. Мұның бәрі орта ғасыр тас қалаушыларының әркім меңгеріп кете алмайтын өздерінің өнеріне аса үлкен мән бергенін дәлелдейді. Осылай қалыптасқан ұғым оларды шіркеулік доктринаның теңестіру шеңберінен шығып, аса ірі құрылыс жұмысын жүзеге асыруға шабыттандырып отыр. Олар құрылысты шіркеу талабына орайлас жүргізгенімен, өзіндік дүниетаным таңбасын қалдырып отырған.

Тағы да Гогольдің сөзін келтірейік. Ол орта ғасырды:

«...готикалық алып ғимараттай құдіретті, оның сатыланған күмбезі, алуан түсті терезелердей жарқырау, әсемдікке пайдаланылған өрнектері үйме-жүйме, ойып жасалған ұшар басы бұлтпен таласа аспанға көтеріліп бара жатқандай асқақ», – деп сипаттайды.

Жоғарыда айтып кеткен гуманизм тұрғысындағы ойымызды жалғастыратын болсақ, жаңа таптық идеологтары – гуманистер феодалдық қоғамның соқыр сенімдеріне, шыққан тегімен мақтануына сынап қарады. "Адамгершілік, – деп жазды Италия гуманисті Поржо Браччолини өзінің "адамгершілік туралы" трактатында, – ізгіліктерден шығатын қосынды іспетті, ол өз иелеріне, олардың қандай тектен шыққандығына қарамастан, жарқыраған өң береді. Даңқ пен адамгершілік бөгде адамның емес, өз бастарының еңбектерімен, біздің өз басымыздың еркінің нәтижесі болып табылатын іс-әрекеттермен өлшенеді. Ол: «адамның адамгершілігі оның шыққан тегінде, оның өз басының еңбегінде. Бізден көп ғасыр бұрын әрі біздің ешбір қатысуымыз болғандардың біздерге қандай қатысы бар» – деп сендірді. Гуманистердің бұл көзқарастары феодалдық қоғамның таптық құрылыспен орнықтырған феодалдық-шіркеулік идеологияның негіздерін күйретті.

Алдағы өткен дәуірдің феодалдық-шіркеулік мәдениетінің философиялық және моральдық көзқарастарынан аулақ кете отырып, гуманистер шіркеулік дүниетанудан іргесін түпкілікті аулақ салмады. Олар шіркеуге ашық бой көрсете алмады. Гуманист жазушылардың шығармаларында шіркеу қызметкері мен монахтарды көптеп келемеждеуді табуға болады, бірақ бұл қала мен халық әдебиетінің ескі сарыны болатын. Ертедегі буржуазиялық мәдениет католик шіркеуімен оңай үйлесіп кетті. Көптеген гуманистер дін қарапайым "білімсіз" халық үшін қажетті тірек деп санады да оған ашық қарсы шығудан бойын тежеді. Бұдан басқа олардың өздері де дүниеге діни көзқарас ықпалынан ақыр аяғына дейін арылмаған еді. Сондықтан да олар католицизмге атеизмді де, жаңа діни ілімді де қарсы қоймады. Гуманистік мәдениет қамқоршылары арасынан біздің кейбір папаларды көруіміз де кездейсоқ емес. Дегенмен жаңа дүниеге және индивидуалистік дүниеге көзқарастар феодалдық дін мен идеологиялардың ең негіздерін шайқалтты.

Көріп отырғанымыздай, гуманистік дүниетанымның қалыптасуына түрлі мамандықтағы, түрлі әлеуметтік дәрежедегі адамдар, сол дәуірдегі қала интеллигенциясы – ақындар, фило-софтар, филологтар, суретшілер, адам және адамзат дүниесін өздерінің зерттеу объектісі еткен білім салаларының өкілдері үлес қосты. Олардың гуманистер, ал жаңа танымның гуманизм деп аталуы да осыдан. Гуманистер озық ойдың еркін дамуына кедергі жасайтын ортағасырлық моральға сүйенген дәстүрлер мен догмалық ережелерді сынады, сөйтіп ғылыми-зерттеу еркіндігіне жол ашылды. Соның нәтижесінде шынайы ғылым болып табылатын әдебиет пен өнер туды. Гуманистер өздерінің жаңа дүниетанымын баянды ету жолында орта ғасырда өрескел бұрмаланған көне мәдениетпен табысты. Қайта өркендеу дәуірі одан өзі тумалас аспектіден адал гуманистік (адамгершілік) рух, табиғат пен адамды зерттеуге негізделген мінез-құлық және сұлулық нормаларын тапты. Бірақ Қайта өркендеу дәуірі жай ғана көне мәдениетке оралу емес. Қайта өркендеу мәдениетінің дамуына ұлттық дәстүрмен тығыз байланыста болуы көне мәдениеттен кем әсер еткен жоқ. Гуманистер Э. Роттердамский, Рабле, М. Мотлер ортағасырлық білім беру жүйесін тыңғылықты сынап, жоғары парасатты, қажырлы адамгершілік қасиеттері мол адамды тәрбиелеуді мақсат етті. Олар оқушыларды латын, грек авторларының шығармаларымен таныстыруды мектептің ең басты міндеті деп санады.

Рабле, Монтель, Мор сияқты гуманистер антика тарихы мен әдебиетін оқытумен бірге мектептерде математика, астрономия, жаратылыстану ғылымдарын міндетті түрде оқытып, адамның әртүрлі іс-тәжірибесін үйретуді де қажет деп есептейді. Гуманистер оқу мен тәрбиенің мақсатын жаңаша оқыту әдістері мен тәсілдеріне көптеген жаңалықтар енгізді. Гуманизмнің дамуына орай утопист социалистердің ілімі қалыптаса бастады. Бұлар капитализмнің кеселдерін аяусыз шенеп, жеке адамның кемеріне келуі үшін жеке меншіктен әлеуметтік теңсіздікті жою қажеттігін дәлелдегендері туралы жоғарыда тоқталған болатынбыз (Т. Мор, Т. Кампанелла, Р. Оуэн, т.б.). Бірақ олар халықпен тығыз байланыста болмады, қоғамдық тап күресі идеясын жоққа шығарды. Олардың гуманизмі идеяға негізделген, енжар гуманизм еді. Ал осының негізінде қалыптасқан социалистік гу-

манизмнің ең басты мазмұны - қоғамдық-әлеуметтік экономикалық өзгерістер жасау идеясы. Бұл жерде әңгіме еңбектің сипаты мен жағдайын өзгерту, өндірісті адамдардың материалдық және мәдени қажеттерін қанағаттандыру әрі әлеуметтік, саяси және ұлттық теңдікке жету мүддесіне, индивидуализмді жеңуге бағындыру жайлы болып отыр.

Гуманизмнің ең жоғарғы формасы - коммунизм. Коммунизм тұсында жеке адамның барлық күш-қабілетінің жан-жақты дамуына тарихта тұңғыш рет мүмкіндік пайда болады. Оған әлеуметтік еңбек бөлінісін түгел жою, барлық игілікті тең-тең бөлу, еңбекшілерді қоғамдық өмірдің барлық саласына қатыстыру арқылы жетуге болады. Осындай идеялар қоғамда орын алғандығын өз еліміздің тарихынан да жақсы білеміз. Мысалы, кенестік кезеңінде теңдестіру, бөлінбеу сияқты идеялар орын алған болатын. Олардың қалыптасқан өмірде қаншалықты тиімді - тиімсіз екендігін тарих өзі бағалады, яғни бұл идеяға негізделген қоғамның жан-жақты дамуға мүмкіндігі жоқ. Оған тек біржақтылық қана тән. Ал ол өз кезегінде мүмкіндіктің толық ашылуына кедергі жасайды. Келесі идеялық негіздің бірі – реформация. Реформация – Еуропада XVI ғасырдың бірінші жартысында протестантизм негізін салған антифеодалдық және антикатоликтік қозғалыс. Реформацияға тарихтағы алғашқы, әлі жетілмеген буржуазиялық революция деп те баға береді.

Реформация барысында буржуазиялық ақсүйектердің кейбір топтарымен одақтаса отырып феодалдық құрылыстың негізіне айналған, католиктік шіркеудің үстемдігіне қарсы шықты. Германияда басталған реформация біраз Еуропа елдерін қамтыды. Сөйтіп, Англияны, Шотландияны, Данияны, Швецияны, Норвегияны, Нидерландыны, Финляндияны, Швейцарияны, Чехияны, Венгрияны католиктік жүйеге шығуға душар етті. Реформация шіркеудің мәнін төмендетті, арзандатты, қарапайымдатты, адамның сенімін діншілдіктің сыртқы көрінісінен жоғары қойды. Ол буржуазиялық моральдың нормаларына діни негізделген болатын. Реформация жеңген елдерде шіркеу билігі құлдырап, мемлекеттің тәуелділігіне ұшырады. Католиктік елдермен салыстырғанда мұнда ғылымның, жалпы зиялылық мәдениетінің дамуына жеңілдік туды. Жаңа діннің ұлттық сипаты буржуазиялық ұлттардың қалыптасуына сай болды.

Реформацияны Еуропада XVI ғасырда кең өріс алған, феодализмге, католик дініне қарсы бағытталған, әлеуметтік-саяси бағыт екендігіне тоқталдық. Сонымен бірге реформациялық қозғалыстың өрістеуіне байланысты христиан дінінің протестантизм деп аталатын тарауы қалыптасты. Кез келген қозғалыс, оқиға, даму сияқты реформацияның да қалыптасуының өзіндік алғышарттары бар. Ол қайта өркендеу дәуірінің ерекшеліктерімен де байланысты. Реформацияның шығуы феодальдық қоғамның барлық қайшылықтарының шиеленісіп, оның өндірістік қатынасының әлсіреп, соның негізінде капиталистік қатынастың пайда болып өрши бастауымен байланысты еді. Бұл жаңа бағыттың идеологиялық негізін салуда дүниеге ортағасырлық көзқарасты ақыл-ой парасаттылығы мен гуманизм тұрғысынан сынаудың, дінге қараудың нәтижесінде пайда болып, кең тараған. Неміс мистиктерінің әсері өте үлкен болды.

Реформация шіркеудің маңызын төмендету мақсаты мен христиан дінінің көптеген табыну түрлерін жеңілдетті, оған демократиялық сипат беріп, діншілдіктің сыртқы көріністерінен гөрі іштей сену түріне үлкен мән берді. Бұл сайып келгенде, буржуазиялық моральдық нормаларын қабылдауға жол ашу болатын. Реформация жеңген елдерде шіркеу мемлекеттен тәуелді болып, католик елдеріндегі ықпалы мен беделінен айрылды. Мұның өзі ғылымның, жалпы шын мәніндегі мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Жаңа діннің ұлттық түрі буржуазиялық ұлттың қалыптасуына жәрдемдесті. Таптық тұрғысынан алып қарағанда реформация біркелкі қозғалыс бола қойған жоқ, болуы да мүмкін емес еді. Себебі онда дворяндар мен бюргерлер лагерімен қатар шаруалар мен қала кедейлері (плебейлер) лагері де болды. Кейінгі топтың өкілдері тек сословиелік теңсіздікке, дворяндарға қарсы күресіп қоймай, тіпті жалпы дәулет (ауқат) теңсіздігіне қарсы күрес жүргізді. Католиктер реформацияға контрреформациямен жауап беріп, протестантизмнің Еуропа құрлығында одан әрі тарауын тоқтатты, тіпті Францияда оны жойып та үлгерді. Жалпы алғанда реформизм феодализмнің іргетасын қатты сілкінткен прогресшіл қозғалыс болды. Ол Нидерланды мен Англияда бастапқы буржуазиялық реформациялардың туына айналды. Батыс

және Орталық Еуропаның бірқатар елдерін қамтыды. Тар және тура мағынасында реформация – протестанттық рухта діни қайта өзгертулерді жүргізу. Реформация алып келген ортақ және терең себептердің бірі – өндірістің феодалдық әдісінің күйреп, жаңа капиталистік қатынастар мен жаңа таптардың қалыптасуының және әлеуметтік саяси қарама-қайшылықтардың шиеленісуімен байланысты әрі реформация феодализмге берілген алғашқы соққы еді. Ортағасырлық идеологиядағы діни сипаттың басымдылығына байланысты феодалдық құрылыстың бөлінбес бөлшегі саналған шіркеуге бағытталды. Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманистік қозғалыстар өзінің ортағасырлық сыни дүниетанымымен және буржуазиялық индивидуализм принциптерінің бекуімен, реформацияның идеалық дайындығы болды. Сонымен ортағасырлық реформация бірден - бір ересьтер көзі болғаны туралы жоғарыда айтылды. Әлеуметтік қақтығыс жағдайында дамыған ересьтік оқудан (лоулард – Англия, янгус – Чехияда) реформацияның көптеген идеялары негіз алды.

Реформация идеологтары адам өз күнәсы айырылу үшін, өз нанын күнәдан азат алу үшін шіркеудің күшін қажет етпейді. Азат ету адамның сыртқы дүниелігімен емес, оның ішкі таза сенімімен байланысты деген оқулардың негізін қалады. Осылайша, католиктік шіркеудің де, басында папа тұрған иерархиясының да, арнайы әлеуметтік тап ретіндегі діни адамдардың да қажеттілігі жоққа шығарылды. Католицизмнің күнәні кешіру идеялары, сонымен бірге индульгенция да жоққа шығарылды. Кейінгі Қайта өрлеу дәуірінде ренессанстық идеялар мен нормалар едәуір өзгерістерге ұшырады, өзінің антифеодализмге және шіркеуге қарсы әрекетіне сай таза халықтық негізде туып, халықтық дәстүрлермен тығыз байланысты болған Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетінде ақсүйектік үрдістер етек алды. Қайта өрлеу дәуірі гуманистік мәдениетінің дағдарысы оның «ақсүйектену» маниеризмінің (Италияда) және соған стильдес бағыттарының пайда болуынан айқын көрінді. Сонымен қатар кейінгі Қайта өрлеу дәуірінің гуманизмі оның аса көрнекті өкілдері У. Шекспир, М. Сервантес шығармаларында өмір қайшылықтарын («трагедиялық гуманизм») көрсету арқылы байи түсті. Жаңа жағдайларға сәйкес Қайта өрлеу дәуірі



мәдениетінің орнына жаңа бағыттар бой көтерді: барокко, классицизм және т.б.

Саналы қоғам құру мақсатында және Қайта өрлеу дәуірінің өзіндік ерекшелігі - ғылым, білімнің дамуына байланысты ағартушылыққа көп көңіл бөлінген. Ендігі жерде, Қайта өрлеу дәуірі ойшылдарының ағартушылық көзқарастарына тоқталған жөн.

Қайта өркендеу дәуірі Еуропа елдерінің мәдени және идеялық өмірінде аса зор прогрестік рөл атқарды. Дүниежүзі мәдениетінің мәңгі құнын жоймайтын озық үлгілері осы кезеңде жасалды.

Қайта өркендеу дәуірінде осы дүниенің рақатын бекер деп санаған орта ғасыр аскетизмнің орнына өмір қуанышы мен жігер-қайраты мол, парасатты адам туралы ілімдер етек алды. Ол - жоғарыда өзіміз тоқталған гуманизм ілімі. Соның ішінде, әсіресе ағартушылық мақсаттағы жұмыстар көп жасалынды. Саяси білімдер мен саяси көзқарастар, ағартушылық-философиялық, педагогикалық білімдер жинақталып, театр, өнер мен архитектурада елеулі өзгерістер орын алды. Мысалы, педагогикаға тоқталсақ, гуманистер балалардың дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларды гимнастикалық және әскери жаттығулармен шұғылдандыру, жүзуге, шабандоздыққа, сайысқа, аңшылыққа, күреске, мергендікке үйрету қажет деп тапты. Сурет, музыка, мүсіндеу өнерлері арқылы, оқушыларға эстетикалық тәрбие беруді ұсынды. Гуманистер оқу-тәрбие жұмысының ең басты мақсаты – адамгершілікке тәрбиелеу. Онсыз ешбір білімнің игілікті болуы мүмкін емес дейді. Олар балаларды қадір тұтуды жақтап, қатал тәртіпке жазалауда мектептегі балаларға қол жұмсауға қарсы шақырды. Гуманистердің балаларды тәрбиелеу үшін қойған талаптары аристократтар мен буржуазия балаларын тәрбиелеуге арналды. Тек кейбір гуманистер ғана (мысалы, Т. Мор) тарихта бірінші рет бүкіл халықтың мүддесіне сай ерлер мен әйелдерге тең құқылы оқу, ана тілін оқыту және лекция заңдары мен музейлер ұйымдастыру арқылы ересектердің білім алуына мемлекеттің жағдай жасауын талап етті.

Қайта өркендеу дәуірі термині бірінші рет XVI ғасырдың орта кезіндегі Италия суретшісі және өнер зерттеушісі Уазаридің еңбектерінде кездесіп, кейіннен ғылыми әдебиетте берік

орын алды. Қайта өрлеу дәуірі философиясының идеялары сол дәуірдің экономикалық және саяси әлеуметтік жағдайларына, феодализмнің дағдарысы мен капитализмнің туа бастауына байланысты түсіндіріледі. Қайта өркендеу дәуірінің философиясы XVI-XVII ғасырларда Италияда (Н. Кузенский, Валла, Пикоделла, Мирандолло, Леонардо да Винчи, Талезно, Бруно Галилей, Каруано, Макиавелли, Компонелло, т.б.) XV-XVI ғасырларда Францияда (Монтен, Рамэ, Шаррон, Лефевр д'Этапль, Доле, т.б.), XV-XVII ғасырларда Германияда (Мюнцер, Рейхлин, Гуттен, Эс Франк, т.б.), XVI-XVII ғасырларда Англияда (Т. Мор, Ф. Бэкон), XVI ғасырлардағы Испанияда (Вивес, Уарте, т.б.), Голландияда (Эразм Роттердамский т.б.), Швейцарияда (Парацэллэс), Польшада (Коперник, т.б.), Чехияда (Каменский, т.б.) кең өріс алды.

Қайта өркендеу дәуірі философиясының идеялық қайнар көзі тек антика мәдениеті мен философиясы ғана болып қойған жоқ, оған ертедегі басқа да мәдениеттер мен ілімдердің, әсіресе орта ғасырдағы дінге қарсы саналы ой мен күрестің де ықпалы зор болды. Сонымен қатар Қайта өрлеу дәуірінің философиясына материалистік нышанға бай ғылыми табыстарға негізделген араб философиясы мен ғылымы күшті әсер етті. Қайта өрлеу дәуірі философиясы гуманизмы идеологиясы негізінде дамыды.

Сол кездегі жеке адамның, өскелең талап-тілегіне сай келетін гуманизм Қайта өрлеу дәуірі философиясындағы ең маңызды салаға айналды. Қайта өрлеу дәуірі философиясында материалистік бағыт сол кездегі ұлы жаңалықтардың және XV-XVI ғасырлардағы өнер мен техника өндірісі жаңа салаларының өркендеуі нәтижесінде қалыптасты. Қайта өркендеу дәуірі философиясы феодализмнің дағдарысқа ұшырап, капитализмнің пайда болған дәуіріндегі идеологиясы болғандықтан оның өзіне тән мазмұны, мағынасы болды. Экономикалық және саяси әлеуметтік салалардағы ескі мен жаңаның күресі Қайта өрлеу дәуірі философиясында гуманистік этика, утопиялық социализм, натурфилософия мен гностиологиядағы материалистік бағыт, идеализм мен діни көзқарасқа қарсы күрес ретінде қалыптасады. Бұл кезеңнің көрнекті өкілдері Галилей мен Ф. Бэкон ғылым мен философиядағы жаңа кезенді бастайды. Қайта өркендеу дәуірінің ойшылдары шексіз материалдың, дүниенің ешбір

сыртқы күштің құдіретінсіз-ақ өзіндік заңдылықпен, себеп-салдар байланысы арқылы өздігінен өмір сүреді деп түсіндіруге тырысты.

Қайта өркендеу дәуіріндегі философиясында табиғаттың біртұтастығы дүниенің мәңгі қозғалыста өзгерістерге ұшырауы жөнінде диалектикалық ой-өріс алып, дами бастады. Толершо: «Дүниедегі барлық өзгеріс қарама-қарсы күштердің күресі арқылы болады», – дейді.

Ал енді әдебиетке келсек, ағартушылықта атқарар рөлі аз емес. Қайта өркендеу дәуірінің әдебиеті, ең алдымен, Италияда қала мәдениетінің қарыштап дамуына байланысты өркендей бастады. Бұл кезде (XIII-XIVғғ.) Италияның ұлы ақыны, «Құдіретті комедияның» авторы **Данте Алигьери** итальян халықтық тілінің қорғаушысы және ұлттық бірліктің жаршысы ретінде көрінді. XIV ғасырда Петрарка өзінің жасаған лирикалық, "Сонеттерінде" шындық пен адамгершілікті мадақтады, адамның асыл сезімін, ізгі мұратын жырлады. Классикалық новелланың негізін салушы Боккачоның жоғарыда аталған "Декамерон" атты шығармасын осы тұста да атап өткен дұрыс. XV-XVI ғасырларда пародия жанры едәуір дамыды. Қайта өрлеу дәуірі кезінде Германияда әдебиет негізі сатиралық арнада (С. Бранд, Т. Мюнцер, т.б.) өркендеп, пародиялық шығармаларда надандық пен озбырлық, арамтамақтық пен дүниеқоңыздық сынға алынды. XVI ғасырда Франция әдебиеті (К. Маро, П. Ронсар, Б. Десперье, т.б.) гуманистік идеяны ту етіп, халықтық мүддені жақтады. Ф. Рабле "Гаргантюа мен Пантагрюэль" атты романында халық өмірін терең гуманистік махаббатпен суреттеді. Қайта өрлеу дәуірінің идеялары Испанияда М. Сервантес шығармасында («Дон Кихот» романы, т.б.) айқын көрінді. Англияда Д.Ж. Лосер, К. Марло, В. Шекспир, П. Джонсон т.б. шығармаларында Қайта өркендеу дәуірінің шындығы терең бейнеленген.

Сонымен қатар Қайта өркендеу дәуіріндегі ұлы өзгерістер, әсіресе архитектура мен бейнелеу өнері саласынан айқын көрінді. Онда ортағасырлық діни мұраттар мен догмалық шарттылықтарға жұртшылықты дүние мен адамды жете танып білуді, өмірді, адам мен оның жасампаздық күш-қабілетін қарсы қою басты мақсатқа айналды. Дүниені танудың объективтік заңда-

рын танып білуге деген құштарлық, Қайта өркендеу дәуіріндегі өнерге сай сындарлы сипат бере отырып, дүниежүзі өнерінің жаңа бағыт-бағдарын жасады. Ортағасыр өнер шеберлері Д. Альгери («Құдіретті комедияның» авторы) Италия халық тілін қорғаушысы және ұлттық бірліктің жаршысы ретінде көрінді. XIV ғасырда жасаған Петрарканың лирикалық «Сонеттерінде» шындық пен адамгершілікті мадақтады, адамның асыл сезімін, ізгі мұратын жырлады. Классикалық новелланың негізін салушы Боккаччо жоғарыда аталған "Декамерон" атты шығармасын осы тұста да атап өтпесек болмайды.

Қайта өрлеу дәуірінің архитектура және бейнелеу өнері алғаш Италияда пайда болып, бірте-бірте шырқау биікке көтерілді. Оның алғашқылары XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың басында өмір сүрген Никколо Туано, Арнольдо ди Камбио және кескіндемеші Пьетро Каваллини болды. XVI ғасырда пайда болған гомикалық реакцияны Қайта өркендеу дәуірінің өнерін біршама теңегені мен түбегейлі тосқауыл бола алмады. XV ғасырда Қайта өркендеу дәуірінің өнері, әсіресе Флоренцияда жоғары сатыда дамыды. Италия мен бастапқы Қайта өрлеу дәуірінде сәулет өнері (Ф. Прунеллески, Микелацио, Элбатиста Альберти, Б. Росселино, Джулино де Сангалло) алғаш Флоренцияда етек алды. Бұл дәуірдегі архитектура өнері ғимарат салу ісіндегі мол тәжірибені шығармашылықпен ілгері дамыта отырып, оны саңқырлы сипаттағы жаңалықтармен байытты. Динамикалық жағынан күрделі болып келетін готикалық құрылыстарға қарағанда құрылымы айқын әрі жинақы интерьері кең, жарық ғимараттар тұрғызу Қайта өркендеу дәуірі архитектурасының басты жетістігіне айналды. Көне дәуірдің ордерлер жүйесін шығармашылықпен алуан тәсілде қолдану қайта өрлеу дәуірінде архитектураға жаңа сипат, көркемдік сапа әкелді. Алып фасатта сарайлар, терастар, виллалар, әсем лоджалар мен портиктер, еңселі аркалар осы дәуір архитектурасының өз ерекшелігін паш етті. Құрылысты жүйелі жоба бойынша салу алаңдар мен аудандарды, кейде бүтіндей қаланы ансамбльдік тұтастыққа тұрғызу қала салу ісінің жаңа мүмкіндіктерін туғызды. XV ғасырда Италияға кең қанат жайып, өз бойындағы ортағасырлық сарқыншақтардан арыла бастады. Мүсін өнерінде (Г. Либерти,

Донателло, Якобо Делло, Кверчо, Роббиа, Дезидерио да Сеттиньяно, Бенедето да Майано) мүсін, рельеф, бюст қабырғалық құрылыс тас, альтарлық композиция, ат бейнеленген ескерткіш тағы да басқа өріс алды. Ал бейнелеу өнерінде иконалардың орнына сурет салуға мықты бетбұрыс жасалынған болатын. Сонымен қатар фрезка өнері шырқау шыңға көтерілді. XV ғасырдағы Италия суретшілері өзінің өміршендігімен көзтартар тұтас бір кезеңді бейнелеген шынайы ғажайып туындылар жасады.

Қайта өркендеу дәуірінің өнерінде өткір дағдарыс пен драматизм тоқырау сияқты ішкі қайшылықтар болып отырды. Осының салдарынан өнердің саналуан түрлері біркелкі дами алмады. XVI ғасырдың екінші ширегінің өзінде-ақ бұл өнер Италияда дағдарысқа ұшырады. Мұны Микеланджело мен Гицион шығармасының соңғы кезеңіндегі туындыларынан айқын аңғаруға болады. Қаһарман күресі мен оның сөзсіз қазаға ұшырауы, үмітсіздік пен адам көңіл-күйінің саналуан драматизмге толы сәттері осы кезең суретшілерінің өзекті тақырыбына айналды. Кезінде готикалық өнердің туын тіккен Бургундиядан XIV-XV ғасырларда Жан Малюэль, Акри, Белгиоз, Клаус, Слютер сынды қылқалам шеберлері мен мүсіншілер шығып, Нидерланды мен Францияда шынайы өнердің дамуына жол ашты. XV ғасырда Нидерландыда адам мен оны қоршаған дүниені нанымды түрде көз жеткізе бейнелей білген өнер мектебі қалыптасты. XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырда Нидерланды өнерінің прогресшіл жолмен дамуы оның нақты өмір шындығы мен халық тұрмысын бейнелеуге ұмтылуынан, портрет салудың тұрмыстық жанр элементтерінің, пейзаждың, натюрморттың дамуынан, халық өмірі мен фольклорға ден қоюынан айқын байқалды. Германияда Қайта өрлеу дәуірі өнерінің гүлденуі қысқа мезімде (XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың бірінші ширегі) драматизмге толы болды. Ол ескі мен жаңаның, ұлттық өнер мен итальяндық өнердің, зиялылар көзқарасы мен діни көзқарасты, референдум мен гуманизм мұраттарының күрделі түрде ұштасып, ұласа дамуымен халықтық қозғалыс ықпалын бойына сіңіруімен сипатталады. Оған А. Дюрер, Л. Крана, мүсіншілер П. Ришер, Г. Рименшнейдер, А. Крофт шығармасымен тығыз байланыста

болуы әсерін тигізді. Ал Францияда Қайта өрлеу дәуірі өнерінің дамуына жергілікті готиканың бай дәстүрлері, көне мұрасымен жақсы таныстық, Италия және Нидерландымен арадағы тығыз қарым-қатынас игілікті ықпал жасады. Әсіресе XV ғасырдың екінші жартысынан басталған мемлекетті бір орталыққа біріктіру саясаты мәдени шоғырланудың үлкен факторына айналды.

Осылайша, архитектураның қалыптасуы, орналасып, дамуының өзіндік тарихы бар екендігін көреміз.

Қайта өрлеу дәуірі мәдениетінің прогресшіл, гуманистік мән-мазмұны көне заман драматургиясының театр архитектурасымен драма теориясының зор ықпалымен өзінің жарқын көрінісін тапты. Бірқатар елдердің топ драматургиясы қалыптасты. Сахна өнерінде алып тұлғалардың жан дүниесіне ден қою басым болды. Актер өнері өз дәуіріндегі ұлы драматургтердің этикалық түсінігіне сәйкес кең құлашты эпикалық қуатымен ерекшеленеді. Жаңа театр эстетикасы орындаушылар алдында драматургтің түрлі ойына терең бойлай отырып, көп қырлы, аса күрделі сипаттар жасау талабын қойды. Театр өнері шынайы өмір қайшылығын бейнелеу, халық өнерінің дәстүрін дамыту трагедиялық пен шендестіру секілді мәселелермен сипатталды. Қайта өрлеу дәуірінде театр профессионалдыққа бет бұрып, драматургиямен актерлік өнер теориясы жасалды, алғашқы театр ғимараттары тұрғызылды. Әсіресе театр өнері Италия, Испания және Англияда өрледі.

Қорыта келгенде, Қайта өркендеу дәуірінің ойшылдарының қоғамның рухани дамуына көп көңіл бөлгендігін көреміз. Ғылым, білімді көтеру дамыту арқылы елді білімділік, саналылыққа шақырып, әділ, бейбіт, тұрақты қоғам құруға тырысқандығын білеміз. Әсіресе ағартушылық жұмыстардың маңызы зор болған.

Қайта өрлеу дәуірі мәдениетінің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі өте зор. Ғылым, білім, өнердің дамуы оның кең мағынада басқа да елдерге таралуы осының нәтижесінде қалыптасқан рухани мұралар бүгінгі таңда баға жетпес дүние болып саналады. Тақырыпты қарастыру барысында Қайта өркендеу дәуірінің жан-жақты дамығанына қарамастан, ортақ тарихи жағдайдың орны ерекше екендігін көреміз. Әдебиет те, сурет те, ақын да, мүсін де, театр да тек қоғамдық өмірге негізделіп, көптеген қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Қайта өркендеу дәуірінің адамзат тарихында алатын орны ерекше. Қайта өрлеу дәуірі мәдениеттің, соның ішінде ғылым, білім, өнердің жандануының, дамуының, таралуының қайнар көзі болды. Қайта өркендеу дәуірі Еуропа елдерінің мәдени және идеялық өмірінде аса зор прогрестік рөл атқарды. Дүние жүзі мәдениетінің мәңгі құнын жоймайтын озық үлгілері осы кезеңде жасалды. Соның ішінде саяси билікке байланысты да өзіндік пікір қалыптасты. Ол – еркін, демократиялық құқықта дамыған зайырлы мемлекет құру туралы пікір. Зайырлы мемлекет идеясының тууын, жалпы Қайта өрлеу дәуірінің қалыптасуына XIV-XV ғасырлардағы қоғамдық өмірдің әсерінің күшті болуы негіз болғандығын көреміз. Ал қоғамдық өмір, негізінен, дінмен байланысты болған. Алғаш ренессанстық дәуірдің алғашқы Отаны болып саналатын. Италияда XIII-XIV ғасырларда папа билігінің күшті болғандығын, діни реформалардың, іс-шаралардың көптеп жүзеге асқандығын, халықтың жағдайының нашар болғандығын көреміз. Ал оның тарихи алғышарты феодалдық құрылыстың ыдырап, капиталистік қатынастар негізінің қалыптаса бастауы болып табылады.

Жалпы алғанда, XIV ғасырдың екінші жартысынан орта ғасырлық Батыс Еуропаның мәдени өмірінде жаңа ерте буржуазиялық мәдениеттің тууына байланысты маңызды бетбұрыс болды деп айта аламыз. Капиталистік қатынастар Италияда барлығынан бұрын туып, дами бастағандықтан «Қайта өркендеу» деп аталған ерте буржуазиялық мәдениет те осы елде тұңғыш қалыптаса бастады. XV ғасырда Қайта өрлеу мәдениеті толық гүлденуге жеткенін көреміз.

Бүкіл Қайта өркендеу заманы, оның ішінде XIV-XV ғасырлардағы ертедегі Қайта өркендеу әлі де болса феодалдық құрылыс үстемдік еткен кезеңге жатады деуге болады. Өйткені туу үдерісінде тұрған болашақ капиталистік қоғамның жаңа топтары мүлде дерлік қалыптаспаған еді де, барлық жағынан феодалдық стихиямен қоршаулы болатын. Сауда, қала мәдениетінің дамуы да қайта өркендеу дәуіріндегі саяси ілімдердің қалыптасуына ықпалы зор болғандығын, яғни тарихи алғышарты болғандығын көреміз. Ғалымдар, ойшылдар, архитекторлар, сәулетшілер заман тудырған сұраныс негізінде пайда болған топтар. Ал олардың ғылым, білім, саясат туралы ойларын бүгінгі таңда

әрбір мемлекет өз мемлекетін дамытуда сабақ ретінде пайдаланары сөзсіз. Саяси ілімдерге келсек, онда бүгінгі таңда да өзекті болып саналатын, егемендік, еркіндік, бейбітшілік, демократиялық қоғам мәселелері кең етек алғандығын айта кету керек. Бұл мәселелер Қайта өркендеу дәуірі ойшылдарының саяси билік туралы айтқан пікірлерінің өзектілігін арттыра түспесе кемітпейді.

**Сұрақтар:**

1. Гуманизмді қалай түсінесіз?
2. Қайта өркендеу дәуірінің хронологиялық шеңберін көрсетіңіз.
3. XVI ғ. Еуропа мәдениетінің даму ерекшеліктері қандай?

## **8 - т а қ ы р ы п**

### **Каир қаласындағы Египет музейі**

1850 жылы француз археологы Лувр музейінің ассистенті Огюст Мариет ертедегі қолжазбаларды сатып алу үшін Каирге келген. Ол аз уақытқа келгенмен, оны құмнан басы көрініп тұрған сфинкс пен Каирдың цитаделі қызықтырған. Дәл сол кезде оның ойына Страбонның географиялық мәліметтері түседі: «Мемфиста Сарапис атты ғибадатхана бар, ол құмның дәл ортасында орналасқандықтан, оған желмен құм тау болып көмілген, осы таулы құмнан біз тек төбесі шығып тұрған сфинксті көрдік, кейбіреулері жартылай көмілген, ал басқалары мүлдем құмның астында».

О. Мариет осы сфинкстердің артынан іздеп шығады. Көптеген ауыр жұмыстар мен бірталай жергілікті басшылықтардың бөгеттерінен кейін, ол 141 сфинкстен тұратын бақты ашады, олардың кейбіреулері 30 метрлік құмға көмілген. Бұл бақ Мариетті Серепумдағы жерасты қасиетті өгіздер склептері мен әрқайсысы 65 тоннадан тұратын қара немесе қызыл граниттен жасалған табыттарға алып келеді.

Сағанал ертеде тоналған, дегенмен қабырғада өгіздер жайында мәліметтер қалған, онда олар қашан туылды, өмірлерінің



барысында не болды, қашан өлді, жерлеу рәсімдері сияқты мәліметтер жазылған. Бұл жазбалар тек діннің тарихымен ғана таныстырып қоймай, сонымен қатар Египеттің бүкіл тарихы жазылған, Египет мәдениет пен өркениеттің бесігі деп аталуы бекер болмас.

2500 жыл бұрын ежелгі грек тарихшысы Геродот Нілге келгенде ол сол кездің өзінде Египет тарихының түп-тамырына жете алмай - аңыздар мен мифтердің тұманынан шыға алмаған. Сонау заманда кейбір еуропалық халықтардың бабалары үңгірлерде өмір сүргенде Египетте сол кездің өзінде тамаша сарайлар мен шіркеулердің, жер шаруашылығының дамыған, мемлекеттік құрылысы қалыптасқан, астрономия мен медицинасы шарықтаған болатын. Египеттіктерден гректің атақтылары оқып үйреніп, олардың жемісімен Рим империясы қамтамасыз етілген.

О. Мариеттің экспедицияларын жалғастыратын болсақ ол, Серапеум маңынан абыз Тидің мәйітін табады, оның қабырғаларында тамаша боялған рельефтер ертедегі египеттіктер қандай құралдармен жерді өңдегені, тасты қалай түзегені, құмыраларды жасауы, қандай қарулармен соғысқаны, тағамды қалай және немен дайындағандары, тоқыма тоқуы сияқты тұрмыс- тіршіліктері көрсетілген. Құстар, өсімдіктер мен үй жануарлары сондай тірі жаны, бар сияқты болып тоқылған. Барлық жерде өзінің құлдарынан екі, бес есе үлкен болып Ти абыз бейнеленген.

Одан кейін О. Мариет өзінің ашылуларын Эдфу, Карнак мен Дейр-эль-Бахрид жерлерінде жалғастырды және оны барлық жерде ежелгі Египет байлығының бақылаусыз тоналғанын көріп, қатты ашуланған. О. Мариеттің ұсынысымен енді Египетте оның рұқсатынсыз ешқандай қазба жүргізілмейтін болып және табылған байлықтың жартысы музейге өткізілсін деген бұйрық шығарады. Каир қаласындағы Египет музейі де О. Мариеттің ұсынысы негізінде ашылды. Египеттіктер қазіргі күнге дейін Француз ғалымы Огюст Мариетке шексіз алғыстарын білдіріп, музейдің алдына оған арнап ескерткіш орнатқан.

Дегенмен Египет байлығының тоналуы жер-жерлерде тоқталмады, 1881 жылы Гастон Масперо көп кешікпей музейлердің директоры болған кезінде, әріқарай пирамидалардың тоналуын тоқтату керек деп, қара базарда 19 бен 21 әулеттің біз көрмеген

бұйымдарын сатып жүр, осыны тоқтатып фараонның табытын табу керек деген ұсыныс жасаған.

Египеттік және еуропалық полиция бірігіп тонаушыларды қолға түсіреді. Оны Абд-эль-Расул есімді Египет тұрғыны мойындап, алты жыл бұрын Дейр-эль Бахр «Патшалар жазығынан» жартастан 11 метрлік лаз тауып, ол үңгірге саркофагтар мен мумияларға тура апарған. Бұл жаңалық әлемге 1923 жылдың басында тарап, лорд Карнарвон мен археолог Говард Картер «Патша жазығынан» Тутанхамон фараонның табытын тапқан. 17 адамнан тұратын экспедиция мүшелері Тутанхамонның жерленген камерасына кірген. Фараон жерленген камерадан



Египет басшысының мумиясы мен ғажап байлығы табылған.

1924 жылы ағылшын экспедициясы тек алдыңғы камерадан 34 контейнер толған әшекей бұйымдар, қымбат тастар, алтыннан жасалған өнер туындыларын шығарған. Экспедиция мүшелері қабірге кіргенде ағаштан жасалған, алтынмен жалатылған ковчег көрген, оның ішінде екінші еменнен жасалған ковчег, екіншінің ішінде үшінші алтынмен жалатылған ковчег, сосын төртіншісі тағы бар. Осы соңғы төртіншіде саркофаг табылған, ол табиғатта сирек кездесетін кристалды кварциттан жасалыпты, ал оның ішінде тағы бір таза алтын саркофаг болған. Осы саркофақта мумияланған фараонның денесі жатқан. Мумияның бетінде алтын маска, саусақтарында

алтын сақиналар бар, мойнында екі қабатпен оралған алқа болған.

Говард Картер мумияны орауынан босатқанда көптеген әшекей бұйымдарын тапқан. Сонымен қатар қабірден тамаша жасалған күзетшілер мүсіні мен патшаның күнделікті пайдаланатын алтынан жасалған заттары, оның ішінде алтын жалатылған екі арба, алтын тақ, шкафтар мен орындықтар бар. Дегенмен Тутанхамон Египеттің атақты фараондарының бірі болмаса да, осыншама байлықпен жерленген. Ол кезде ұлы фараондардың мәйіттерін барынша жасыруға тырысқан, мысалы, II Рамсесті айтуға болады. Қазіргі аңда Тутанхамонның байлықтары Египет сарайында, футбол алаңындай он үлкен залда орналасқан. Ғажап байлыққа таңқалған Картер саз тақтайшада жазылған «Вилы смерти пронзят того, кто нарушит покой фараона» атты сөздер мен тас тұмардың артына жазылған «Я тот, кто зовом пустыни обращает в бегство осквернителей могилы. Я тот, кто стоит на страже гробницы Тутанхамона» қарғыстарға мән бермеген. Белгісіз бір себептермен экспедиция басшысы лорд Карнарвон Луксор жері мен табытты тастап Каирге кетіп қалған. Бір ай өткеннен кейін лорд құпия ауруға ұшырап, төсек тартып жатып қалғаны жайында жайсыз хабарлар келе бастаған. Өлер алдында сандырақтап Тутанхамонның есімін бірнеше рет қайталаған екен. Соңғы сәттерінде есін жинап, жұбайына: «Міне, әйтеуір бәрі бітті. Дауыс мені шақырды» – деп қайтыс болған. Сол мезетте бүкіл Каирде жарық өшіп, бір минут қараңғыда қалған. Жарықтың өшу себебін, сол кезде ешкім түсіндіріп бере алмаған. Бірнеше айдан кейін экспедицияға қатысқан екі археолог-та бірінен кейін бірі қайтыс болған. Сол кезде Тутанхамонның қарғыстары жөніндегі мәліметтерді естеріне түсірген. Осыдан кейін де өлімнің артынан, өлім жалғасқан. Ағылшын кәсіпкері Джоэл Вулф археология саласына ешқашан қызықпаған, дегенмен Карнарванның құпия өлімі, оны патша жазығына баруға ынталандырған. Ол біршама уақыт фараонның камерасына кіріп аралап, еліне оралған. Джоэл Вулф Египетке барған саяхаты жайында ешкімге айтып үлгерместен, көп ұзамай қайтыс болған.

Сонымен, бірнеше жылдар ішінде фараон Тутанхамонның мумиясымен жұмыс істегендер мен экспедиция мүшелері, сол

кездегі атақты тарихшы, археолог, дәрігер, тіл мамандарынан тұратын барлығы 22 адам қайтыс болған. Олардың әрқайсысы жеке-жеке қайтыс болған мен, өлім бәріне ортақ: дене қызуы, әлсіздік, есінен тану бәрі де құпия.

Дегенмен экспедиция мүшелерінің белгісіз бір себептермен қайтыс болса да, олар адамзат тарихына көне өркениеттің ошағы Египет пирамидаларының құпия сырын ашып, тарих ғылымының дамуына өте үлкен үлестерін қосты.

**Сұрақтар:**

1. Огюст Мариетті Египет халқы не үшін құрмет тұтты?
2. Фараон Тутанхамонның табыты қай жылы табылды?
3. Экспедиция жұмысының нәтижесі қалай болды?

## Ш Б Ө Л І М

### БАТЫС ЕУРОПА МЕН АМЕРИКА ЕЛДЕРІНДЕ АЛҒАШҚЫ МУЗЕЙЛЕРДІҢ АШЫЛУ ТАРИХЫ

#### 9 - т а қ ы р ы п

##### **Лувр музейі – көркем құндылықтар жиынтығының көрнектісі**

Лувр құрылысы: Лувр музейі Париждің ортасында, Сена өзенінің оң жағында, Ривали көшесінде, астананың 1-ші округінде орналасқан. Музейдің негізі 1793 жылы 27 шілде-де қаланған. Лувр алғашында қамал болған. Бұл сарайдың құрылысы бірнеше ғасырға созылды. Сарайға ерекше өз үлесін қосқан Францияның суретшілері мен архитекторлары болды. Лувр музейіне төрт ғасыр бойы жинақталған коллекциялар негізінде сегіз ғасыр бойы құрылыстар жүрген. Оның негізін алғаш II Филипп Август қалаған.



Лувр атауына байланысты ғылымда бірнеше көзқарастар бар. Айталық, Лувр сөзінің мағынасы мұнара деген аңшылық иттер ұстайтын аңшы үйінің атынан шықты десе, екінші француз сөзінен шыққан қамал деген мағынаны білдіреді деседі. 1190 жылы Сугей аралында қамалдар салына бастаған болатын. Ені 10 метр тереңдігі 6 метрден тұратын бұл қамалда король өзінің қазынасын сақтайтын.

V Карл тұсында Лувр құрылысында үлкен өзгерістер болды. V Карл өзінің жинаған қолжазбаларын Париждегі Луврға әкелді. Соның негізінде алғашқы кітапхананың негізі қаланған.

1563 жылы II Генрихтің жұбайы Екатерина Медичи Филипп Деларионға жаңа сарай салуға бұйрық берді. Жаңа сарайдың аты Тюильри деп аталған. Тюильри 1871 жылы өртеніп, кейін қайта қалпына келтірілген. IV Генрих кезінде үлкен құрылыс жүргізілді. Соның нәтижесінде Лувр төрт есе кеңейді. Осы кезеңде Лувр мен Тюильридің 1608 жылы Сена өзенінің жағалауында ұзындығы 420 метр болатын жаңа үлкен галерея салынды. Сонымен қатар өкілдер залын антикалық мүсін, антикалық галерея деп қайта жандандырды.

XVII ғасырда Луврда кең көлемдегі құрылыс жүрді. Архитекторлар Лемерсье мен Лево төртбұрыш алаңның салған. Сонымен қатар Клод Перроның басшылығымен архитекторлар құрылыстың шығыс бөлігінің алдын әрлеген, ол оңтүстік флигель үлгісінде безендіріліп салынған. Француз архитекторы Перро, Францияда көрмеге қойылатын классицизм үдерісі бойынша шығыс үлгісін жасады.

1674 жылы XIV Людовик өзінің жаңа резиденциясы етіп Версаль атты құрылыс кешенін салуға шешім қабылдады.

Осы кезеңде құрылыс салынып, одан әрі дамыды. Әсіресе Н. Бонапарт кезеңінде үлкен өзгеріс болды. Сәулетшілер Персье, Пантеннің басшылық етуімен Луврдың көлемі одан әрі ұлғайды. Айталық, кардинал Мазаринидің коллекциясы және банкир Ябахтың коллекциясының сатып алынуы музейді байытады. Король жинақтары көршілес «Де Грамон» қонақүйінде музей ретінде көрсетіледі.

Людовик XV (1715-1784 жж.) кезінде музей қоры жаңа көркемөнер туындыларымен байыды. Әсіресе Фламанд және голланд шеберлерінің суреттерімен толықтырылды. Көп суреттер ханзада Кариньяно (1742 ж.) жинағынан сатып алынды.

1750 жылы король коллекциясының бір бөлігі Люксембург сарайында қойылады, сонымен қатар Медичи галереясында аптасына екі рет Рубенс картиналарын көруге мүмкіндік туды. Осы оқиғалар Луврдың қалыптасуына бастама болады.

Халыққа көркемөнер туындыларын көрсету керектігін түсінген король дамыған қоғамдағы халықтың орны ерекше екенін біліп, голландық және фламандық коллекциясын аптасына екі рет көрсетті.

XVI Людовик шебер Юбер Роберге музейді әшекейлеп безендіруге бұйрық береді. Сонымен қатар Юбер Робер 1784 жылдан бастап XVI Людовик коллекциясының жинақталуына өз үлесін қосады.

Ресми түрде 1793 жылы Лувр музей болып жарияланып ұлттық атағына ие болады. 1798 жылы Парижде Италиядан шедеврлер жинағы келеді. Сол себепті музей құрылымында өзгерістер болып, қайтадан 1800 жылы музей ашылады. 1803-1815 жылдар аралығында музей Наполеон музейі деп аталады. Басшысы Виван Рено болады. Оның мақсаты музейді «өнер храмына» айналдыру болды.

Күрделі жөндеулер кезінде ұрланған картиналар өздерінің отандарына оралады. Осы кезде Лувр 50 мыңға жуық картиналар мен өнер туындыларын жоғалтады.

XVIII Людовик кезінде король картиналар коллекциясын көбейтіп, музей ұлттық мәдени орынға айналды. Осы уақыт аралығында Қайта өрлеу дәуірінің мүсіндері, Египет өнер туындылары және жан Франсуа Шампольон жинақтары сонымен қатар Луи Филипптің испандық коллекциясы және Поля Эмильдің Ассириядағы қазба жұмыс нәтижесінде табылған өнер туындылары сатып алынады.

1827 жылы X Карл тұсында музей қабырғалары фрескалармен ерте Египеттік және антикалық шедеврлермен көбейеді. Музейдің үлкеюі 1848 жылы, яғни екінші республика кезінде де жалғасады. Луврды «халық сарайына» ауыстыруға тырысты. Себебі музей кітапхана, көрнекілік бөлмелері бөліктерінен тұрған.

Екінші империя кезінде коллекция ұлғая береді, этрусктер өнері, ежелгі Грекия және Ежелгі Шығыс өнері қосылады.

1857 жылдардан бастап музей құрылыстарында күрделі құрылыстар басталады, яғни жаңа Лувр екі бірдей ғимараттан құралады, екі ғимарат ортасында Наполеон алаңы орналасқан.

1863 жылы **Компаноның** коллекциясының сатып алынуы Луврдың коллекциясын жүздеген итальяндық шедеврлармен көбейтеді.

1869 жылы Ла Козенің мұра етіп қалдырған коллекциясында XVIII ғ. француз көркемсуретінің өнер туындылары Лувр қорын байытады.

1870-1940 жж. Білікке үшінші Республиканың келуімен музей ұлттық дәрежесіне көтерді.

1895 жылы музейдің ұлттық одақтастығы құрылады. 1897 жылы «Луврдың достық қауымдастығы» құрылады. Аталған екі құрылымдар музейдің болашақта гүлденуіне, ары қарай дамуына себепші болады.

XIX ғ. Луврдың ұлғаюы жалғасады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінен кейін Үлкен Луврдың құрылысы жалғаса береді.

1980 жылы Лувр музейі соңғы өзгеріске ұшырады, яғни үлкен галерея Луврдың орталығы қайта жобаланды, басшылық жасаған архитектор Йо Минг Пей болды.

Архитектор Йо Минг Пей үлкен бір пирамиданы салып, шет жағынан тағы да үш кіші пирамидаларды тұрғызды. Құрылыс материалы негізінде пайдаланған әйнек құрамы қазіргі технология негізінде арнайы жасалған. Құрылыс өзін-өзі жарықтандырып тұратын. Осы пирамидалардың арасында қара тастан жасалған бассейн қойылған. Ол Луврға кіретін басты алаңда үлкен пирамида да орналасқан. Бастапқыда, құрылыс жүргізілген кезде Кур-Карре жерінде ертедегі орындары табылған. Қамал қалдықтары XIII ғасырда өмір сүрген Филипп Август тұрғызған бекініс болып шыққан. Үлкен Лувр 1984 жылы салына бастайды.

Қазір Лувр 40 га жерді алып жатыр. Оның 60 мың шаршы метрін экспозиция залдары алып жатыр. 1989 жылы Наполеон пирамидасы салынады.

Лувр – дүниежүзіндегі ең бай коллекциялық жинағы бар музей. Музейде Леонардо да Винчи, Жан Мануэль, Веласкес сияқты дүниежүзіне әйгілі қылқалам шеберлерінің суреттері сақталған. Лувр – тамаша көркем құндылықтар сақталатын орын.





Музей қорлары: Рампен салт атты бейнесі б.з.д. VI ғасырдың II жартысына жатады. Биіктігі - 30 см, архаикалық грек кезеңіне жататын өнер туындылары, оның ішінде осы заманғы көзқарастарының жаңа үлгісі, бұл бейнеде адамның бет формасы кәдімгідей және құдайға теңестірілгендіктен эстетиканың революциясы болып табылады. Бұл бір ғана адамның бейнесі емес, адамдар тобының бейнесін көрсетеді.

Гот көркемсурет үлгісіндегі “Періште мен модонна” – ағашқа салынған сурет. Бұл суретті салған – **Чимабуэ Ченни ди Пеппо** (1240-1302 жж.). Періште мен бала бейнеленген бұл сурет - христиан өнеріндегі шығыс пен батыстың ежелгі дүниеден танымал болған туындысы. Кейін бұл өнер XIV ғасырдан бастап “светое совесед...” деген бір типтегі атаумен дамыды. Бұл суретке тапсырыс беруші Мария Магдалина болды. Авторы – Жан Эй, бұл – ағашқа қашалып салынған сурет, ол 1480-1504 жж. аралығын қамтыды. Суреттің мағынасы христиан дінінің орта ғасырдан бастап кең таралғанын, күнәһар әйелдердің христің аяғына май жағу арқылы кешірім алуы бейнеленген.

Келесі құнды шедевр Тангара мүсіні б.з.д IV ғасырдың аяғы мен III ғасырдың басында Грекияда жасалған. Қоладан және қыштан жасалған сирек кездесетін мүсін. Бұл сол заманғы адам бейнесі мен діни ағымы адам бейнесі түрінде көрсетілген. Биіктігі 20-30 см болатын мүсін биотикалық Тангара қаласынан табылған.

Венера Мелос – адам бейнесінің керемет туындысы. Бұл - мәрмәрдан соғылған мүсін. Б.з.д II ғасырда Грекияда жасалынған. 1820 жылы Мелос қала маңынан табылған. Бұл

коллекция, алғашында, Францияда тұрған, кейін Лувр музейіне әкелінген.

Октавиан Август – бұл рим мүсіні б.з.д. I ғасырда мәрмәрдан жасалған. Бұл мүсінді Рим жеріндегі гректер жасаған. Осы бейне арқылы римдіктер өздерінің данышпандығын көрсеткісі келген.

Италияның сурет өнері – XV ғасырда Марияның тәж бейнесі. Фра Анджелико 1387,1400,1455. Бұл суретте шіркеудің бейнесі және Дева Марияның құдайға сиыну кейпі бейнеленген. Бұл бейне XIII ғасырда гот өнерінде туындаған. Мұндай бейнелерді көбінесе мүсіндерден байқауға болады. Кейін келе картиналарға осы суреттер бейнеленетін болған.

Д' Эсте ханшайымының суреті, бұл суретті Антонио Пизанно 1395-1455 жылдар аралығында салған. Бұл – ханшайымының гүлдер мен көбелектердің арасында тұрған бейнесі. Бұл суреттің ерекшелігі суреттің шеберлігін, әйел бейнесінің жинақылығын көрсетеді. Сурет – шынайы өмірдің психологиялық тұрғыдан әрлендірілген бейнесі.

Хаммурапи патшаның заңдары. Аталмыш заң базальд тақтасына қашалып жасалынған, оның биіктігі – 2 метр, онда 282 заң жазылған. Тақтаның жоғары бөлігінде патшаның бейнесі бейнеленген. Садақшылар фризі, бұл бейне сурет ұлы I Дари патшаның мәңгілік өлмейтін жанын бейнелейді. Бұл бейне суретке қарап парсы өнері мен Ассирия-Вавилон өнерінің туысқандық ұқсастығының бар екенін байқауға болады.



II Саргон патша сарайынан (Ассирия, б.з.д. VIII ғ.)

Кай мүсіні б.з.д III мың жылдыққа жатады Y династия ежелгі патшаның тіпті перғауын немесе оған жақын адамдардың отырған бейнесі. Бет бейнесі өте айқын бейнеленген, толық сақталған шедевр.


Бұл – ауыл шаруашылық өмірінен үзіндіні көрсететін, б.з.д. II мың жылдықтағы, XVIII әулеттің жаңа патшалық заманына жататын табыт. Бұл табыттан табылған бейне мәйіттің мәңгілік бейнесін бейнелейді. Бұл бейне – мәдени, эстетикалық және тарихи мәні бар теңдесі жоқ құнды зат. Бұл суреттен Египетте бидайды өсіруге және оны жинауға өте үлкен мән берілгендігін көруге болады. Сонымен бірге ол – Египеттің ауылшаруашылық өмірін паш ететін тарихи мәні зор ескерткіш.

Бичевание Христа (1414-1492 жж.) – ағашқа салынған бейне сурет. Бұл бейнеден Нидерландылық өнердің ықпалын байқауға болады. Қасиетті Георгидің азапқа салынуы, авторы – Бернардо Леортерель. Қасиетті Георги – христиан дінінде аты аңызға айналған жауынгер. Ол кіші Азияда туылған деп есептеледі. Дегенмен өте сирек кездесетін құнды шедевр. Бұл алтарь 1420 жылы құрылған.

### **Мона Лиза (Джоконда) Леонардо да Винчи**

Мона Лиза (Джоконда) – Леонардо да Винчидің ең әйгілі суреті, сонымен қатар дүниежүзіне әйгілі әйел бейнесі. Мона Лизаның кім екені – қазіргі күнге дейін нақты шешімін таппаған құпиялардың бірі. Дегенмен Франческе Джоконданың әйелі Лиза Террардинидің бейнесі деген тұжырымдар бар. Леонардо да Винчи картинаны Флоренцияда сала бастады, бірақ аяқтамаған. Тек Джериланд Медичидің бұйрығы бойынша, бітіреді. Джулиананың өлімінен кейін Леонардо Францияға оралады. Картинаны оның шеберханасынан тапқан, кейін I Франциск 4000 алтын ақшаға сатып алған.

Орындалған техникасы: ағаш, майлы бояу. Көлемі - 77x53 см.



Мона Лиза (Джоконда) шамамен 1502-1513жж. Лувр, Париж

### **Рембрандт Харменс ван Рейн**

Рембрандт Харменс ван Рейн (1606-1669 жж.) – сурет өнерінің ұлы шебері, голланд кескіндемешісі әрі график. Диірменшінің баласы 1620 жылы аз уақыт Лейден университетінде оқып, соңынан біржола өнер жолын қуды. Лейденде, Амстердамда кескіндеме бойынша сабақ алды. 1525-1531 жылдары Лейденде әр түрлі жұмыс істеді. Рембрандт шығармашылығы Голландия өнеріндегі реалистік бағыттың даму кезеңінде қалыптасты. Суретшінің діни мазмұндағы алғашқы туындыларынан қиял еркіндігі мен өмір шындығын бейнелеуге деген талпыныс байқалады. 1632 жылдан Амстердамда тұрып, кейін әйгілі суретшіге айналды, оның көптеген шәкірттері болды. Рембрандттың негізгі көңіл қойғаны - адам, оның мінез-құлқы, ақылы мен толғаныстары. Суретші тұрмыстық және діни тақырыпқа картиналар, байлардың әйелі мен баласының портреттерін салды. Ол жүз шақты автопортрет қалдырды. Рембрандт діни және өзіне жақын адамдарды бейнелей отырып, адамның бет-әлпеті сырының шексіз екендігін көрсетті. Өнерде өмір шындығына ұмтылу суретшіні ауқатты тапсырыс берушілерден айырды, олар суретшіні өз талғамына тәуелді еткісі келген. Оның өмірі өзгере бастады. Тапсырыс азая берді. Қол ұшын берер адам қалмады, мүлкі мен шығармалар коллекциясы қарызын өтеуге сатылды. Суретші өзінің шеберханасынан айырылды, кедейлер тұратын пәтерге көшті. Алайда өмір тауқыметі суретшінің сағын сындыра алмады. Рембрандт кедейленген шағында өзінің ең таңдаулы шығармаларын тудырды. Рембрандт сол кездегі адамдардың портреттерін салды. Бұлардың бет-әлпетінде басынан кешкен қасіреті, бүкіл өткен өмірі жөніндегі толғанысы бейнеленген. Суретшінің аса үлкен жетістігі жарық пен көлеңкені батыл пайдалануда еді. Ол жарықтың көмегімен бейнелеуде ең маңызды жақтарына көңіл аударады, оның мәнін ашады. Адамның ішкі дүниесін айқындай отырып, жарық сәулесі адамның бетін түнектен шалып қалғандай әсер қалдырады. Рембрандт ең әйгілі картиналарының бірі – «Адасқан ұлдың қайта оралуын» қайтыс боларының алдында салған еді. Шығарма адамға деген сүйіспеншілік, адамға деген сенім, күйзеліс пен толғаныс сезімдеріне құрылған. Рембрандттың

жаңашыл шығармалары Голландия бейнелеу өнері мен өзінен кейінгі дәуірлердегі дүниежүзілік реалистік кескіндеме өнерінің дамуына зор ықпал жасады. Голландия байлары данышпан суретшіні бағаламады. Рембрандт жоқшылықта өлді, оны қауым ақшасына кедейлер зиратына жерледі. Біздің заманымызда Рембрандтың шығармашылығын тек Голландия ғана емес, бүкіл адамзат мақтаныш етеді.

Орындалу техникасы холст: майлы бояу.

Көлемі – 142x142см. 1869 ж.



Құрылымы жағынан Лувр негізгі бес бөлімнен тұрады:

1. Ежелгі Шығыс бөлімі;
2. Ежелгі Египет бөлімі;
3. Ежелгі Грекия мен Рим бөлімі;
4. Кескіндеме мен сурет бөлімі;
5. Мүсіндер бөлімі.

Бірінші бөлім: Ежелгі Шығыс бөлімі 1881 жылы ашылған. Бұл бөлімде Британ музейінен кейінгі Ассирия және Финикия, Вавилон, Шумер, Палестина мәдениетінің ең озық үлгілері жинақталған. Ең атақтысы – Карисундар стелласы. Шумер патшаның жеңісіне арналып жасалған. Хаммурапи стелласында заңдар жинағы басты орын алып, Шығыс бөлімінің құндылығын арттыруда.

Екінші бөлім: Ежелгі Египет бөлімі 1826 жылы ашылған. Оны алғаш басқарған Ф. Шампольон Мысыр жазуының құрылысын ашқан. Ежелгі Мысырдың теңдесі жоқ құндылықтарын осы бөлімнің бай қорынан көруге болады.

Ең ірі бай коллекциясын Мысырдағы жаңа патшалық кезеңіндегі ескерткіштер қатарын кремни минерал тасынан жасалған пышақ құрамақ. Ол Джебель-Эль-Аркадан табылған. Бұл пышақтың сабы адам мүсінімен безендірілген.

Үшінші бөлім: Ежелгі Грекия мен Рим бөлімі 1800 жылы ашылған. Бұл бөлім, негізінен, XVI-XVII ғасырлардағы француз корольдері жинақтаған антикалық коллекциялармен толығады. Б. Наполеон кезінде осы аталған коллекциялар екі есе үлкейеді. Антикалық коллекцияның ішінде көптеп эгей және эллиндік кезеңінің ескерткіштері бар. Сонымен қатар антикалық коллекциялардың қатарында Италияның көптеген ескерткіштері орналасқан. Этрускілердің шығармалары ең ірі және үлкен топ болып саналады.

Төртінші бөлім: кескіндеме және сурет бөлімі - Лувр музейіндегі маңызды орын. Бұл бөлімнің ерекшелігі орта ғасырдан XIX ғасырға дейінгі аралықты көрсететін керемет туындыларымен ерекшеленеді. Ең ірі және бай коллекциялары ретінде италян көркемсуретін санауға болады. Аса ірі коллекцияның ішінде Рафаельдің жеті көркемсуреті, Тициан, Тинторетто, Веронеза, Бассано, Джорданненің және т.б туындылары бар. Ең

құнды және әйгілі Леонардо да Винчидің бес суреті бар. Оның ішінде Жаконда немесе Мона Лизаны атауға болады.

Бесінші бөлім: мүсін бөлімі 1817 жылы ашылған. Бұл бөлімде ренессанс кезеңінің мүсіншісі Жан Гужонның туындылары жинақталған. Ал XVII-XIX ғасырлардағы Францияның әйгілі мүсіншілерінің Кузевокс, Жирордон, Кусту, Пажи, Фальконе, Гудон және т.б. туындыларын көруге болады. Нимфа Фонтенблоның Бенвенуто Челлинидің, жұмысы шедевр болып саналады. Сонымен қоса Микеланджелоның “құл” атты мүсінін көруге болады. Италия қаласындағы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы танымал мүсіншілердің жұмыстары бесінші бөлімнің құндылығын арттыра түспек.

Қорытындылай келгенде, Лувр музейі – әлемге әйгілі музейлердің бірі, ол Франция қаласында орналасқан. Лувр музейінің топтамаларының жылдан-жылға саны өсіп келеді. Музейге келушілердің саны 2004 жылғы көрсеткіш бойынша 6 894 000 мың болса, ал 2005 жылғы көрсеткіш бойынша 8 300 000 мың болған. Жалпы, Лувр музейінің топтамаларының саны 38-40 мың қорды құрайды. Мысалы, 2005 жылғы есеп бойынша бір көрмеде 1200-ге тарта суреттер қойылған. Ол өзінің белгілі коллекцияларымен танымал, оның ішінде Мона Лиза, Хамурапи заңдары, Тангаро мүсіні және т.б. бар. Лувр пирамидасы Азиядан шыққан Нью-Йорктің сәулетшісі Ео Минг Пенің жобасының негізінде салынған. Шыны құрылыс материалдарынан салынған музей биіктігі 21 метрді құрайды. Жан-жағының ұзындығы - 35 метр. Пирамида 603 шыны ромбиг, 73 үшбұрыш формасындағы үлгі ретінде жасалған. Құрылысы 1989 жылы аяқталып, негізгі кіру бөлмесіне айналған.

**Пайдаланылған әдебиет:**

1. Серюльяс Морис, Пуйон Кристиан “Лувр” - М., 2003.
2. Юренева Т.Ю. “Музееведение” - М., 2006.
3. “100 Великих музеев мира - М., 2006.

**Сұрақтар:**

1. Лувр атауы мен музейдің ашылу тарихы қалай?
2. Музей құрылысының ерекшелігін атаңыз.
3. Музей негізгі қандай бөлімдерге бөлінген.
4. Лувр шедеврлерін атаңыз.



### **Париж. Версаль**

Людовик XIII өзіне арнап кішігірім аңшылық сарайын салдырды, сарай өте кішкентай болатын. Бірақ XIV Людовик кезінде Версаль кішігірім сарайдан аса керемет салтанатты сарайға айналды. 1664 жылы мамыр айынан король Версальда өзінің резиденциясының іргетасын қалады.

Аса таңқалдыратын – аталық бөлік және атақты Айналы галерея. Үлкен корольдің демалатын бөлігі – «Геркулес залы және бал залы. Залдың төбесінде «Геркулес Апофез» картинасы ілінулі. Бұл картина дүниежүзіндегі теңдесі жоқ көркемөнер туындысының бірі болып табылады. Сонымен қатар сарайда бастапқыда буфет болған. Олар – «Изабелла залы және Диана залы». Диана залы XIV Людовик бильярд ойнайтын залы болған.

Меркурий салоны корольдің салтанатты ұйықтайтын бөлмесі болған. Бастапқыда, осы бөлмеде Тицианның картиналары қойылған. Бірақ уақыт өте келе картиналарды Луврға сыйлаған.

Ең керемет зал – Айналы галерея. Осы жерде мерекелер мен үйлену салтанаттары болатын, шетел елшілерін де осы залда қарсы алатын. Галерея ұзындығы – 73 метр, ені – 10,5 метр. XIV Людовик Версальда 40 жыл бойы құрылыс жұмыстарын жүргізеді, мыңдаған жұмысшылар сазды жерді өңдеп, фонтандар мен террастар салды. Версаль паркі 101 гектар жерді алып жатыр.

#### **Сұрақтар:**

1. Музейдің ашылу тарихын атаңыз.
2. Музей құрылысының ерекшелігін атаңыз.
3. Музейдің негізгі шедеврлерін атаңыз.

### **Париж. Импрессионист музейі**

1874 жылы көктемінде қарапайым жеті суретші Париждің орталық көшесінде өздерінің көрмесін өткізген. Бұл көрмеге дейін олардың туындылары қолдау таппаған болатын. Осы жеті суретшінің мойнында көп жыл істеген ауыр жұмыс, аштық пен қиын күнкөріс болды. Бірақ суретшілерге көмекке фотограф Нодар келді, ол оларға өзінің залын береді. Көрермендер осы көрмеге тек қана көру үшін ғана келеді.

Бірінші күннен бастап олардың есімдерін дүниежүзі біледі. Олар – Клод Моне, Огюст Ренуар, Камиль Писсарро, Эдгар Дега,

Альфред Сислей, Поль Сезанн, Берао Моризо. Біз оларды импрессионистер деп атаймыз. Музей Тюлери паркінде кішігірім екі қабатты ғимаратта орналасады. Бұл ғимарат екінші империя кезінде салынады. Музей 1947 жылы ашылды. Ал 1950 жылы жаңа жөндеулерден өткен. Бірінші қабатта Моненің жинағы орналастырылып, олардың ішінде оның «Олимпия» «Шөп үстіндегі таңғы ас», сонымен қатар Ренуардың «Дорога в траве», «Натурщица на солнце», ал музейдің екінші қабатында Ренуар, Клод Моне, Писарро, Сезанн, Ван Гог, Поль Гоген картиналары орналасқан. Екінші қабатта бүкіл импрессионизмге бағыт берген атақты Моненің «Впечатление» картинасы қойылған.

**Сұрақтар:**

1. Музейдің ашылу тарихы туралы не айтасыз?
2. Музей атына байланысты не білесіз?
3. Музейдің басты туындыларын атаңыз.

**Жорж Помпиду атындағы ұлттық музей**

1970 жылдары Париж қаласында жаңа көпфункционалы мәдени орталық салынады. Бұл орталық жаңа кезеңде архитектураның дамығанын айқын көрсетеді. Бабурдың экстравагант конструкциясы сырттан алып қарағанда фабрикаға ұқсас. Болат, әйнек, қиын өріліп қиысқан қызыл-көк түтіктер, айнадан тұнық галереялар эскалаторлар, кездеспейтін қызық темір бұйымдарға толы. Бабур архитектурасы әлі бітпеген арнайы болашақта өзгеру мақсатымен архитектураның құрылысын тоқтатқан.

Итальяндық Ренцо ПIANO мен ағылшындық Ричард Роджерс конкурсты ұтып алады.

Пампиду орталығында күнделікті көрмелер өтетін. Бабур кітапхана қоры миллионға жетеді. Алтыншы қабаттағы мейрамханадан Париж қаласына керемет көрініс ашылады.

Пампидуда, сонымен қатар концерт залы мен кинотеатр бар.

Бірінші күндері орталық күніне 45000 көрермен келетін. Бұл Эйфелева мұнарасының күнделікті келетін көрермендерінен де көп.

## 10 - т а қ ы р ы п

### Лондон ұлттық галереясы



Лондон ұлттық галереясында әлемдегі ең керемет еуропалық сурет коллекциясы сақтаулы. Музей 1824 жылы Лондонда Пәлл-Мәлл көшесінде ашылған. Жылдар өткен сайын музей қорлары көбейіп, 1838 жылы музей Трафальгарск алаңына жаңа ғимаратқа көшірілді. Аталмыш ғимарат **Уильям Уиликинстің** жобасы бойынша салынған. Ұлттық галереяға шамамен 2000-ға жуық жұмыс жиналған және мөлшерінің аздығына орай әлемнің ірі музейлерінен анағұрлым төмен тұратыны да сондықтан. Дегенмен музей жәдігерлерінің құндылығына орай ол маңызды орын алады. Музейде XIII-XIX ғасырларға жататын Еуропаның атақты көркемсуретшілердің шығармалары кезең бойынша көпшілікке ұсынылған. Италияндық Аппенин жарты аралында ең танымал картиналар жиынтығының таңдаулылары жиналған. Бұл туындылар әлемдегі шедеврлер болып саналады. Атап айтсақ, «Крещение Христа», Пьероделла Франческо «Поклонение волхвов», Сандро Боттичелли «Мадонна со Светой Анной», Леонардо да Винчи «Мадонна Алсидей», Рафаэль «Мадонна с младенцом» және «Мятым Иоанном Микеланджело», «Поколение волхов», Джорджоне «Вахк и Ариадна», Тициан «Встреча в Эймаусе», Микеланджело да Караваджо «Пир Клеопатры», Джовани Батист Тьеполо «Битва при Сан-Романо» сияқты танымал картиналарының құндылығы зор. Сонымен қатар галереяда Рогира Вандер Вейденнің, Ганс Мемлингтің, Иеронимус Босхтың, Питер Брейгельдің, Рембрандтың, Питер

Паул Рубенстің, Антониса Ван Дейктің және тағы басқа нидерландылық және фламандық жинақтары жеткілікті. Сонымен қатар Ян Ван Эйканың «Портрет четы Арнольфини» және Ян Вермераның екі тақтасы музейдің мақтанышы.

Музейде ағылшын көркемсуреті Тейт галереясындағыдай толық көрсетілмеген. Ұлттық галереяда Д. Рейнолдсті, Джоан Констеблдің, Джон Кроумның, Уильям Тернердің және тағы басқа көптеген шеберлердің жұмыстары безендіріліп қойылған. Залдың көркі, ең керемет тақта ағылшын авторы Уильям Хогарттың «Модный брак» және «Девушка с криветками», сонымен қатар Томас Гейнсброның «Утренняя прогулка» атты шедеврлері болып табылады.

Сонымен қатар музей ішінде испандық коллекциялар да қызығушылық танытады. Атап айтсақ, Эль Греко, Диего Веласкес, Бартоломе Эстебан, Мурило, Хусепе Рибера, Франсиско де Сурбаран, Франческо де Гойе сынды ұлы шеберлердің туындылары.

Музейде Еуропаның танымал көркемсурет шеберлерінің де жұмыстары орын алған. Ұлттық галереяны әсемдеп тұрған туындылар – үлкен Лукас Кранх, Ганс Гольбейн, Альберх Дюрер, Никола Пуссен, Клод Лоррен, Филипп де Шампань, Камиль Коро, Эдуард Манэ, Оноре Далье, Поль Сезанның тақталары.

**Сұрақтар:**

1. Лондон ұлттық галереясының ашылу тарихын сипаттаңыз?
2. Галерея шедеврлерін атаңыз.
3. Нидерланд және фламандық жинақтардан мысал келтіріңіз.

## **11 - т а қ ы р ы п**

### **Лондон. Король жинақтары**

Лондон король жинақтарын Еуропаның ірі көркемсурет коллекциялар қатарына жатқызуға әбден болады. Ол шамамен бес ғасыр көлемінде жинақталып құрылды. Бастапқыда экспонаттар король резиденциясы мен букингендік сарайда Виндзор камалы мен Хемптон-Корт сарайында жинастырылған. Бұл

жинақты картиналар, мүсіндер, гравюралар, суреттер акварельдер, жиһаздар, қышқұмыралар, сағаттар, бағалы күміс заттар, географиялық карталар, қарулар, сауыттар, кітап пен қолжазбалар құрайды. Көркемсурет саны шамамен 10000-нан астам, сапасы жағынан Еуропаның музей қорларынан еш кем түспейді.

Италияның танымал суретшілерінің ішінен Рафаэл, Джованни Беллин, Лоренцо Лотто, Тициан, Кореджо, Пармиджаниннің шығармаларының орны ерекше. Музейдің мақтанышы болып Андре Мантеннің «Триумф Цезаря» және 50-ге тарта Каналеттоның жұмыстары есептелінеді. Музей қоры, сонымен қатар XVIII ғасырлық фламанд пен голландық көркемсуретшілердің үлгілеріне бай. Олардың қатарына Питер Паул Рубенс, Антонис Ван Дейк, Давид Тенирис, Ян Вемеер, Питер де Хох, Геральд Терборх, Адриан Ван Остаде, Габриэль Метсю, Якоб Ван Ресдал және Мейнерт Хоббемнің шығармаларын жатқызуға болады.

Король жинақтары портрет бейнесуреттеріне бай деп атап кеткен дұрыс. Себебі мұнда кіші Ганс Гольбейннен бастап Люсьен Фрейдке дейінгі тамаша үлгілер жинақталған. Көбінесе бұл жұмыстар британ суретшілері – Ульям Хогарттың, Джошуа Рейнольдстің, Алан Рэмзи, Томас Гейнсбордың, Питер Лели мен Томас Лоренстің туындылары болмақ.

Мүсіндер коллекцияларын XV-XX ғасырлар аралығына жататын 1400 данаға жуық жұмыстар құрайды. Бенвенуто Челлинидің, Леон Леонидің, Юбер Ле Сюердің, Франсуа Жирардонның, Антуан Куазвоның, Филип Бертранның, Антонио Кановтың мүсіндері қола мен мәрмәр тастан құйылған.

Қазіргі таңда көпшілікке арналған король жинақтары 150 000-ға тарта гравюра мен 40 000 картина, акварельді сақтап отыр. Мол қызығушылық танытатын кіші Ганс Гольбейннің 80 портреті мен Леонардо да Винчидің 600 картинасы, Рафаэльдің мол сурет коллекциялары мен Ульям Хогарттың тамаша акварель туындылары теңдесі жоқ құндылықтар болып табылуда.

**Сұрақтар:**

1. Лондон король жинақтарының жиналу тарихы туралы не білесіз?
2. Жинақтың саны шамамен қанша?
3. Жекелеген авторлардың жұмыстарынан мысал келтіріңіз.

## 12 - т а қ ы р ы п

### Британ музейінің құндылықтары

Британ музейінің Әлем музейлерінің ішінде өзіндік ерекше орны бар. Музейде Ежелгі Египеттің, Қосөзеннің, Ежелгі Грекияның, антикалық Римнің, Еуропа мен Азияның, тиын ақшалары мен әшекей алқалары, гравюралар мен этнографиялық коллекциялары сақталған. Музей коллекциялары 4 км. созылған 94 галереядан тұрады.

Музей коллекцияларының негізін қалаушы болып атақты дәрігер, натуралист, король қауымының президенті Хэнс Слоун саналды. Оның тиын ақшалары, құстары, антикалық геммасы, көне замандағы қолжазбалары, мүсін өнері, сонымен қатар гербарий коллекциялары мемлекетке мұраға қалдырылды.

1753 жылы желтоқсанда парламенттің Британ музейінің негізін қалау туралы акті қабылданып, ал 1759 жылы 15 қаңтарда музей Блумебер ауданында алғашқы көрушілерін қабылдады.

XIX ғасырдың басы коллекциялардың көбейген уақыты болып саналды.

- 1802 жылы француздар Александрия қаласын алып ежелгі египеттік коллекциялармен толықтырылды.
- 1805 жылы антикалық мәрмәрлер сатып алынды.
- 1814 жылы Бассадағы Аноллона храмы.
- 1816 жылы Афинадан алынған Парфенонның мүсін өнері.

Осылайша, кескін және нумезматика бөлімдері толықтырылып отырды. XIX ғасырдағы көптеген коллекциялар жаңа экспозициялық алаңды қажет етті. 1823-1847 жылы архитектор Роберт Смерканың жобасы бойынша музей ғимараты Лондондағы орталық көшелердің бірі Грейг Рассел көшесіндегі шамамен 6 га жерді алып жатты. Залдың биіктігі – 32,2 метр, диаметрі – 42,7 метр болатын төбесі күмбезбен жабылған.

1881-1887 жылдары Британ музейінің құрамына кіретін көптеген өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жинағы, геологиялық және палеонтологиялық коллекциялар арнайы құрылған табиғи-тарихи музейіне көшірілді.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде көптеген экспонаттар қауіпсіз жерге көшірілді. Музей ғимаратындағы залдар мен кітапхананың оқырман залындағы күмбез де қиратылды.

Музей коллекцияларын бөліп қарастыратын болсақ, ежелгі Египет музей жинақтары әлемдегі ірі қорлардың бірі болып саналады. Онда 66 мыңнан астам экспонаттар бар. Хронологиясы б.з.д. 4-3 мың жылдықтар. Музейдің ең бай бөлімінде: III Тутмостың гранит басы, граниттен жасалған III Аменхотептің 2 мүсіні (шамамен б.з.д. 1400 ж.), фараон II Рамсестің мүсін өнері (шамамен б.з.д. 1250 ж.) бар.

Залдардың біріне кіре берісте Розет тасы (шамамен б.з.д. 196 ж.) қойылған. Қара базальт тақтасын 1794 жылы Розеттен жақын жерден француз әскерлері тапты. 1822 жылы Жан-Франсуа Шампольон египеттік жазулардың сырын ашты.

Египеттік коллекцияларда әлемді әдеби шығармалармен, құдайшылық, діни мифтер мен гимндерімен, заңмен таныстыратын шамамен 800 құжаттары жинақталған. Сонымен қатар мұражайда 180 тараудан тұратын магиялық сиқырлау, яғни «Өлілер кітабы» сақталған. Ең күшті үлгілері суреттермен, заставка-миниатюралармен безендірілген. Бұл бөлімде, керамика, әйнек құмырасы, зергерлік қолөнер бұйымдар қойылған.

Мұнда 100 шақты ағаш саркофақтар, жақсы сақталған мүрделер, сонымен қатар қасиетті аңдардың мүсіні, Фаномдық кескіндер бар. Жинақта 31 портрет орналасқан. Оған Артемидордың кескіні (II ғ. басы), Эр-Рубайяттан шыққан жас келіншектің кескіні (II ғ.) және Хавар ер адам кескіні (II ғ. басы) т.б. жатады.

Алдыңғы Азия өркениеті Таяу Шығыстағы ежелгі өркениеттің шығармаларынан тұрады. Олар: Шумер, Аккад, Вавилон, Хет патшалығы, Ассирия, Урарту, Сирия, Палестина, Финикия, Шығыс Авария, 6-5 мың жылдықтан б.з.д. VII ғ. ежелгі Иран Ағылшын археологы Остин Генри Лэйярд (1817-1894 жж.) б.з.д. 883-873 жж. құрылған және бедерлі мүсіндермен әшекейленген Нимрудтан **Ашшурнасираналдың** солтүстік-батыс сарайын тапты. Сарайға кіре берісте бүркіттің қанаттары бар, адам басты өгіз тұр.

Ассириялық өнердің басты жетістігіне (б.з.д. IX-VII ғ.ғ.) үлкен бедер жатады. Тас панельдер ассириялық патшалардың сарайын безендіріп тұрған. Көптеген қантөгіс шайқастар

қойылды. Мысалы: құдайларға арналған бүркіт басты, қанатты құдайлар қойылымы. Ірі аңшылық қойылымдар ассириялықтардың сүйікті көңіл көтеру ісі болып табылады. Мысалы: жаралы арыстан, өлі арыстан, жабайы есектерге аңшылыққа шығу, темір тордан шыққалы тұрған сияқты арыстан.

Көне бөлімі әлемдегі ең үлкен коллекцияларға, яғни саз тақтайшаларға жазылған сына жазулары б.з.д. III-I мың жылдықтардағы Месопотамияға арналған. Музейдің намысы болып дүниежүзіне белгілі Ниневиядағы Ашшурбанапал патшаның кітапханасы (б.з.д. VII ғ.) болмақ.

Ежелгі Греция мен ежелгі Рим өнерінің музей коллекциялары Эгейдің ескерткіштерінен (б.з.д. III-II ғ.ғ.) басталып, Рим империясының шығармаларымен аяқталады. Гректің архаикасы (б.з.д. VII-VI ғғ.) алып мүсін өнерімен, яғни Дидимдегі Апполон, Стрэнгфордтағы Апполон өнерлерімен танымал. Әсіресе гректердің классикалық өнерлері (б.з.д. V-IV ғ.ғ.) көрмеге қойылған. 1801 жылы Түркиядағы Британ елшісі лорд Джейме Брюс Элгий (1811-1863 жж.) Лондоннан Парфенонның әшекейленген мүсін өнерін әкелді. Қазір музейде 15 метон сақталған және 17 қатты бүлінген ескерткіштер бар.

Ежелгі Грекияның керамикалық коллекциялары: Эксекияның қара мүсіні (шамамен б.з.д. 525 ж.), Эпистеттің қызыл мүсінді тағамы (б.з.д. V ғ. соңы), Панифеялық амфора (б.з.д. 525-520 жж.). Ежелгі Римнің өнерлері ішінде Рим императорларының кескіндері жақсы сақталған: император Августың бас мүсіні (I ғ. басы), император Адрианның кеудесі (117-131 жж.).

Орта ғасырлар мен қазіргі заман бөлімі:

Бұл бөлім XIX ғасырға дейінгі ерте христиан өнерімен таныстырды. Саттон-Худан табылған қайықтағы ағылшын-саксондық корольдерінің VII ғасырдағы жерлеу рәсімі болып саналады. Сонымен қатар алтын әшекейлер, қару-жарақтар, күміс ыдыстар т.б. табылды. Әйнектен жасалған Кристалл Лотаря (IX ғ. ортасы) ойып жасалған өнер түріне жатады. Ол франк королі Лотаряның (954-986 жж.) бұйрығы бойынша жасалған. Ерте христиандар ескерткіштерінің коллекциялары: ағылшын және француз королінің алтын кубогі (шамамен 1380 ж.), морждың сүйегінен жасалған шахмат мүсіндері (XII ғ.),



алтын бұйымдар (құмыралар, брошкалар), ортағасырлық әскерлердің қару-жарақтары. Жиналған керамикалар мен әйнектер – бұлардың бәрі Веджвуданың жұмыстары. Тағы бір бөлігі әлемге белгілі сағаттардың коллекциялары. Крепостық Страсбургтың сағаты (1589 ж.), кеме түріндегі сағат (1580 ж.), қалта сағаттар, т.б.

Этнография бөлімі; Африка, Азия, Австралия, Мұхит аралдары халықтарының материалдық және рухани мәдениетімен таныстырады. Музей залынан сәндік тігіндерді, әшекейлерді, дәстүрлі маскалар мен құмыраларды көруге болады. Америка, майя, ацтек халықтарының жасаған бұйымдарымен: Шипо-Титек құдайының маскасымен, Шочипилль құдайының ескерткіштерімен, Кинолькоат құдайының маскасымен белгілі. Музейдің басты қоры капитан Куктың саяхаты кезіндегі тапқан олжаларымен толық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- Клуб Знакоков «Музей мира» Санкт-Петербург 2007г, издательства «Вектор»
- Музеи Британи, Москва 1974 г.

#### **Сұрақтар:**

1. Британ музейінің ашылу тарихы.
2. Алғаш көрме қай жылы ұйымдастырылды?
3. Музей тарихы үшін XIX ғ. неліктен маңызды?
4. Шедеврлерін атаңыз?
5. Музей қандай бөлімдерден тұрады?

## 13 - т а қ ы р ы п

### Әлем құндылықтарының орталығы Италия музейлерінің жиынтығы



Ватикан музейлері – папаның билігі арқасында жиналған үлкен көркемдік шедеврлер коллекциясы. Оларға антикалық ескерткіштер мен басқа орта ғасырмен жаңа заманның кескіндемелік, мүсіндік және сәндік қолданбалы өнер туындылары, этнографиялық коллекциялар және қазіргі заманның діни көркемсурет жинақтары жатады. Папалардың көпшілігі жоғары білімді, өнер сүйгіш адамдар болғандықтан, коллекцияларды жинақтауға өздерінің күштері мен мол қаражат жұмсаған. Мүсіндер мен танымал картиналарға тапсырыс беріп отырды және сатып алып, сыйға тартты және айырбастап алған.

Қазіргі Ватикан мемлекеті Тибрдің оң жағалауында, сұлу римдік төбешігінде орналасқан. Ватиканды ауданды «болжау төбешігі» деп атайды екен. Ватикан көлемінің кішілігіне қарамастан, ел әлемдік теңдесі жоқ асыл қазынаны иеленген.

Константиннен Борджаға дейін Ватиканның құрылысы IV ғасырдан император Ұлы Константиннің Әулие Петрге арнап салынған шіркеулер мен алғашқы дін қызметкерлерінің үйінің салынуынан басталады. Папаның тұрақты тұратын жері Латерандық сарай болды, ал кішігірім, қарапайым Ватикан резиденциясында ол үлкен шіркеулік мейрамдар кезінде келіп тұрды. 756 жылы франктік король Пипин қортық германдық лангобард тайпасынан Рим облысын жаулап алып, оны папаға

сыйға тартып, папалық мемлекеттің негізін қалаған болатын. IX ғасырда Ватикан төбесінде жаудың ұзақ уақытқа дейінгі қоршауына төтеп бере алатындай берік қамал салынды.

Резиденция бірнеше рет қайта салынған еді. XIII ғ. III Николай Папа кезінде бұрынғы ғимараттардың орнына анағұрлым кең, сән-салтанатты жайлар салады. Ватикандық коллекциялардың қалыптасуы папалық үкіметтің беделі мен күшінің өсуімен қатар жүреді. 1377 жылы XI Григорий (1370-1378 жж.) Ватиканға орнығады да, сарайлардың құрылысы өз жалғасын табады.

XV ғ. католик әлемінің басына V Николай Папа (1447-1455 жж.) келеді. Ол ренессанстық гуманистердің идеясымен бөліскен тұңғыш понтифик болды. Ол антикалық өнердің табынушысы болады, ол Римді қайта қалпына келтіріп, гүлдендіруге тырысады. Оның тұсында қаланың ірі шіркеулері қайта жаңғыртылып, қаланың қабырғалары бекітіліп, көпірлер салынады және б.з.д. I ғасырда антикалық су құбырлары қайта жөнделген. Ескі құрылыстарды бұзбай, сарайдың сол қанаты қайтадан салынады да оған кейінірек Борджа апартаменті мен Рафаэль залы орналасады. Римнің түпкілікті жаңғыруы IV Сикстің (1471-1484 жж.) кезінде басталады. Ол орта ғасырда Римдегі бос жерде пайда болған батпақты жерлерді құрғатып қана қоймай, сонымен қатар көшелердің барлығын тегістеп, тазалады және папалық резиденцияны Латераннан Ватиканға түпкілікті көшіреді. 1471 жылы Сикст қалаға антикалық мүсіндерді папалық коллекцияға сыйға тартады да, оны Капитолий төбесіне көруге көрмеге қояды. Міне, сөйтіп, Еуропада тұңғыш музей пайда болады. Осы жылдың желтоқсанында папалық кітапхананың ғимаратының құрылысы басталып, 1480 жылы салтанатты түрде ашылады. Оның алғашқы сақтаушысы танымал гуманист Платина болса, оның ішкі қабырғаларына фрескаларды безендірген флоренциялық Доминика Гирландайо және умбриялық Мелоццо да Форли болады. IV ғасырда Сикст өзінің есімін Ватиканда 1475-1483 жж. салынған Сикст капелласы аталған жаңа шіркеуді салумен мәңгілікке есте қалдырды. Ғимарат көлемі 520 шаршы метр және биіктігі 26 метр болатын залдан тұрады. Ол анағұрлым маңызды діни шараларды өткізуге арналды. Дәстүр бойынша қазірдің өзінде жаңа понтификті сайлау үшін дін басы

жиналады. Капелланың құрылысын басқару және қабырғаларындағы жазбалардың орындалуын бақылауды флорентиялық Джованни ден Дольчиге тапсырса, ал Моисей мен Христостың өмірінен алынған кескіндемелерін сол кезеңдегі ең үздік суретшілер: Перуджино, Гирландайо, Пинтуринкьо, Боттичелли орындады.

«Кошмарный папа» II Юлий Папа кезінде Рим Италияның ең маңызды мәдени орталығына айналады. Нағыз Қайта өрлеу дәуірінің адамы ретінде ол өзінің үлкен жасына қарамастан жағымсыз мінезі мен темпераментіне байланысты оны замандастары «қорқынышты (кошмарный) папа» деп атаған. Бұл понтифик антикалық және өз заманының өнерін жақсы білетін адам болды. Ол кескіндемелік шығармаларды кардинал болып жүргеннен-ақ жинастырған еді. Ол өнердің дамуына қамқорлық жасай отырып, Италияда сол уақытта болған барлық ұлы талант иелерін өз сарайына шоғырлауға тырысты. Оның кезінде Ватиканда Браманте, Микеланджело, Рафаэль сияқты танымал суретшілер болған. Ол Римді шынайы әлемдік астанаға айналдыруды мақсат тұтты.

Донатто Браманте басты папалық сәулетші етіп тағайындалып, оған жана әулие Петр шіркеуін салу тапсырылды. Кейінірек бұл храмның алғашқы жобасын Микеланджело қайта жасайды. Сонымен қатар Браманте Бельведер вилласын папа сарайымен, Сикст капелласымен және салынып жатқан шіркеумен біріктіру жұмыстарын да тапсырады. Бұл антикалық кезеңнен кейінгі тұңғыш біртұтас сәулеттік ансамбль болады.

1505 жылы Римге папаның қабірін (усыпальница) жасау үшін II Юлий Микеланджелоны шақырады.

Ал Борджиа мұнарасы VI Александр (1492-1503 жж.) кезінде салынған. II Юлияның тапсыруы бойынша V Николай мен VII Иннокентия сарайларын Браманте біріктіріп, осының нәтижесінде Бельведер сарайы пайда болды.

III Павел кезеңінде (1534-1549 жж.) сәулетші Антонио да Сангалло Младший (1483-1546 жж.) Паолина капелласын, Дукам мен Реджа залдарын салады.

XI Пия кезінде (1922-1939 жж.) Латеран келісімшарты негізінде Ватикан тәуелсіз мемлекетінің құрылғанын ресми түрде жариялады. Оған өнер туындыларына ие болу құқы мен оларды

көпшілікке көрсету міндеті берілді. 1932 жылы сәулетші Джузеппе Момо (1875-1940 жж.) көрермендердің кіруі үшін салынған монументальдық кешеннің жалпы ұзындығы 7 кмге созылған. Ватикан экспозициясының әртүрлі бағыт бойынша көруге бастайтын баспалдақтарды жасады.

Ватикан музейлеріне сипаттама.


44 шаршы метрді алып жатқан музей Ватикан сарайларының ең үлкен бөлігін бірнеше музейлер жиынтығы құрайды.

Негізгі Ватикан музейлері қатарын, Ватиканның жүрегі – қасиетті Петр соборы, Григориан Египет музейі құрайды. Ол XVI Григорий тапсырысымен құрылды. Ресми түрде 1839 жылы ашылды. Музейде египеттік көне құндылықтар: саркофагтар, мумиялар, жерлеу рәсімдері және т.б. коллекциялар жинақталған. Айталық:

- Сехмет құдай мүсіні (б.з.д. 1408-1372 жж.)
- Қара базальттан жасалынған саркофаг (б.з.д. VI ғ.)
- Базальттық құдайлар мүсіні
- Римдік кезеңнің скульптуралары (II-IV .ғғ.)
- Мумия, папирустар, жерлеу ыдыстары.

Келесі музей жиынтығын Григориан Этрус музейі құрайды. XVI Григорий кезеңінде 1837 жылы ашылды. Музей тоғыз залдан тұрады, онда этрус, грек және рим өнерінің ескерткіштері жинақталған. Атап айтқанда:

- мола стеллалары мен саркофагтар (б.з.д. V-I ғ.ғ.)
- Вульчи некрополынан тұратын Этрус қаласы, Тодидың Марс мүсіні б.з.д. IV ғ.
- Алтын мен тетрокаттан жасалынған этрустық бұйымдар (өліп бара жатқан Адонистің мүсіні, (б.з.д. II-I ғ.ғ.)
- Афина құдайының басы (б.з.д. V ғ.)



- 1) Джулиано Медичидің табыты «Түн» және «Күн» Сан-Лорен шіркеуі.
- 2) 1542 ж. П Юли табыты Сан-Пьет шіркеуі.
- 3) Шамамен 1547-1555жж. Пьета. Санта-Мария.

Аксүйек өнері Григориан музейінің (Музео Профано) 1844 жылы негізі қаланып, 1970 жылы көпшілік үшін ашылған. Музейде Ватикан территориясында табылған антикалық шығармалар жинақталған.

- Мирон мүсіндік тобының римдік көшірмесі: Марсий, Марсия торсы, Афина басы.

- Нептун (гректік оригиналдың IV ғ. б.з.д. римдік көшірмесі)

- Софокл (б.з.д. 340 ж.)

Шіркеулік өнер музейі (музео Сакро) Ватикан кітапханасының бір бөлігі болып табылады. Яғни көне заманның шығарма жинақтары - қолжазба кітаптар сақталған құнды музей.

Танымал музейлердің бірі – 1771-1793 жж. негізі қаланған Пио-Клементино музейі. XIV Клементе мен VI Пионың кезеңінде құрылған (атауы осыдан шыққан). Антикалық өнердің музейі грек, рим мүсіндеріне, мозайкалары мен бюст қойылған бірнеше залдардан тұрады. Аталмыш музейдің басты ерекшелігі мүсін галереясы болмақ. Галерея б.з.д. II-I ғ.ғ. жататын Макоон мүсіндері, Аполлон Бельведерский мүсіні (б.з.д. IV ғ. Леохара жұмысының римдік көшірмесі), Меркурий мүсіні (б.з.д. IV ғ. грек түпнұсқасының римдік көшірмесі) сияқты шедеврлермен танымал.

Кьярамонти музейінде (сәулетшісі Антонио Канова 1757-1822 жж. өмір сүрген) мүсіндердің көп бөлігі сақталған. Музей, негізінен, екі бөліктен тұрады. Біріншісі – ескерткіш тастардың музейі және екіншісі – Нілдің ежелгі рим картиналары. Солардың ішіндегі басты құнды заты, мақтанышы:

- рим саркофагы (II ғ.);

- император Август басының мүсіні;

- үкі мен Афина (б.з.д. V ғ. грек түпнұсқасының римдік көшірмесі);

- Геракл (б.з.д. IV ғ. грек түпнұсқасының римдік көшірмесі);

Ватикан пинакотекасы Бельведер сарайының бір қанатында 1908 жылы 19 наурызда ашылып, 1932 жылы жаңа ғимаратқа көшірілді. Пинакотекада II-XIX ғасырдағы византиялық және еуропалық кескіндемелер сақталынған. Жинақтың басты құнды шедеврлері:

- Триптих «Стефанески» Джотто ди Бондоне мен шәкірті Беато Анжелико: «Мадонна на троне между святыми Екатериной и Домеником», «Сцены из жизни св.Николая Барийского»;
- Леонардо да Винчи: «қасиетті Иероним»
- Рафаэль Санти: «Мадонна ди Фольньо», «Преображение», «Коронавание Марии», «Святой Петр».
- Паоло Веронез: «**Виденье** қасиетті Елена»;
- Лодовико Кораччи: «Троица с мертвым Христом» сияқты тамаша туындыларымен белгілі.

Қазіргі заманғы дін өнері коллекциясы 1973 жылы VI Павелдің ұсынысы бойынша Ватикан пинакотекасынан бөлінеді. Мұнда қазіргі заманғы өнер туындылары берілген, оны Ватиканға суретшілер мен коллекционерлер сыйға тартқан. Олардың ішінде Матисс, Роден, Дали, Шагал, Утрилло, Кокошко, Пикассо, Сикейрос сияқты танымал қалам шеберлерінің картиналары жинақталған.

Гобелендер галереясында Брюссель мануфактурасында Рафаэль суреттері бойынша жасалған онға тарта гобелен қойылған.

Миссионерлік этнологиялық музейдің негізін 1927 жылы XI Папа Пия қалаған. Мұнда әлемнің төрт бөлігінен (Африка, Америка, Океания, Азия) жинақталған 80 мыңнан астам діни сипаттағы тамаша туындылар сақталып тұр.

#### **Сұрақтар:**

1. Ватикан музейлерінде тамаша туындылардың мол болып жинақталуына себепкер болған кімдер?
2. Музей құрылысы тарихынан не білесіз?
3. Қашан Ватикан дербес мемлекет болып жарияланды?
4. Шедеврлерін атаңыз.



## 14 – т а қ ы р ы п

### Уффици сурет галереясы



Флоренциядағы Уффици сурет галереясы – флоренциялық қоғамдық музейлер мен галереялар кешеніне кіретін кескіндеме, мүсін, графика мемлекеттік музейі. Уффици деген атауы итальян тілінен аударғанда кеңсе «канцелярия» деген сөзінен шыққан. Себебі ол герцог Медичидің сарайы жанынан әкімшілік мекемеге арналып салынған болатын. Оның құрылысын 1560 жылы Джорджо Вазари Козимо I Медичидің тапсырысы бойынша бастап салады да, 1574 жылы ол дүниеден қайтқаннан кейін Бернардо Буонталенти оның жұмысын жалғастырып, аяқтайды. 1575 жылы Медичи жинақтары жаңа сарайға әкелініп топтастырылады.

Музейдің басты құндылығы – сурет өнерінің ғажап туындылары болып табылады.

1581 жылы Франческо Медичи I жоғарғы қабатта бірнеше жайлар әулеттің өнер туындылар жинағына арнайды, міне, осы жыл галереяның негізі қаланған уақыты болып саналады.

Негізінен, XV ғ. алғашқы ширегінен бастап-ақ Медичидің банкірлік үйі Флоренция өмірінде маңызды орынға ие болады. Осыдан бастап қала билігін өз қолына зорлықпен алабастайды. 1434 жылы Козимо ди Джованни (үлкені) республика алдында ерен еңбегі үшін Отан әкесі аталып, мұнда алған өз диктатурасын орнатты. Кейінірек бұл әулеттің өкілдерін Флоренциядан бірнеше рет қуғындады, бірақ олар қайта оралып

отырды. Оларға бірнеше рет қастандық та ұйымдастырылды, олармен соғысты да, бірақ олар тайсалмай, тіпті шетелдік әскерді әкеліп те, өздерінің билігін қайта орнатып отырды. Алайда олардың Флоренцияға үстемділігі XVIII жүз жылдыққа дейін созылып, содан кейін бара-бара бәсеңдеген еді.

Медичилердің барлығы өнердің мәнін жақсы түсінетін еді және Флоренцияны италяндық өркендеудің мәдени астанасына айналдыра алған еді. Олардың сарайларында танымал философ, ақын да жарқырап көріне алған еді, олардың тапсырысымен үздік кескіндеме шеберлері мен сәулетшілер еңбек етті. «Медичи ұясынан» Ренессанстың мынандай титандары шыққан болатын: Леонардо да Винчи, Микеланджело, Сандро Боттичелли, сарай суретшісі болып ұзақ қызмет еткен Лоренцо. Медичилер лиценат және коллекционерлер болды. XVI ғасырдың аяғында олардың отбасылық жинағы Италияның ең құнды коллекциясы болып саналды.

I Франческоның тапсырысы бойынша сәулетші Бернардо Буонталенти екінші қабатындағы терасты әйнекпен жауып, бірнеше музейлік залдар жасады. Мұнда тарихи портреттер мен мүсіндер орналастырылды. Осы жаңа галерея үшін V Папа Пий Франческоға арнайы сый ретінде Ватикан жинағына келіссіз деп танылған 26 антикалық мүсіндерді тарту еткен болатын.

XVII ғ. кескіндеме коллекциясы ерекше көбейген еді. Кейбір суреттер Уффици галереясы үшін арнайы салынып отырды. Мысалы: 1639 жылы Гвидо Ренидің «Умирающая Клеопатра» айтуға болады. XVII ғасырда Медичи әулеті өздерінің көркемдік коллекцияларын Уффициге тапсырып, оларды жүйелеуге үлкен күш салған болатын. II Фердинанд тұсында Оңтүстік және Батыс галереялары ашылып, музейде енді үш галерея залы болды. Франческоның мирасқоры I Фердинандтың тұсында жинақтың мөлшері өсе түсті. Әсіресе 1631 жылы II Фердинандтың герцог Урбинскийдің мұрагері Викторияға үйленуі коллекцияны одан әрі байыта түсті. Оған ұзақ жылдар бойы жинақтаған Тицианның «Венера Урбинская», Рафаэль, Бароччилардың шығармалары енген еді.

XVI-XVII ғ.ғ. өзінде-ақ Уффици Флоренцияның шіркеулері мен монастырьлерінен кейде көшірмелермен ауыстырып, анағұрлым құнды деген шығармаларды ала бастаған болатын.

Уффициға Леонардо да Винчидің, Андреа дель Сарто және XII-XV ғ.ғ. суретшілерінің шығармалары осындай жолдармен түскен болатын.

XVII-XVIII ғ.ғ. басында коллекция қарқынды түрде өсе түсті. Фердинандтың інісі кардинал ғалым Леопольдо 11 мың көне шеберлердің суреттерін жинаған болатын. Осы уақытта Дюрердің «Голгоф», Леонардо да Винчидің «Поколение волхов» және Ван Дейк пен Рембранттың портреттік еңбектері мен Болон академия шеберлерінің шығармалары алынған болатын.

1737 жылы 31 қазанда Медичи әулетінің соңғы өкілі Анна Мария келісім-шартқа отырып, Флоренция қаласына Медичи әулетінің барлық коллекцияларын тапсырды. Ол: Уффицида сақталған коллекциялар қаладан ешқашан шығарылмауын және коллекцияны көпшілік көруге мүмкіндік жасауға арнайы шарт қойды. Сөйтіп, Уффици жеке музейден Лувр, Британ музейінен де ертерек көпшілікке арналған мемлекеттік музейге айналды.

1765 жылы мемлекетті австриялық эрцгерцог Петер Леопольд басқарады. Ол өз заманының ағартушылық идеясының негізінде мемлекетті қайта құру жоспарын жасайды. Оның ішіне флоренциялық коллекцияны қайта ұйымдастыру да кірді. Уффици жоспарға сәйкес тарихи белгілері бойынша ұйымдастырылған сурет галереясына айналды.

Уффици музейінің құрылымы еуропалық танымды, мойындауға ие болды.

XVIII ғ. II жартысында туристік мода өскеннен бері Италиядағы Уффици ең көп келетін орынға айналды. Оған Еуропаның түкпір-түкпірінен өнердің білгірлері ағылып жатты. Сол кездің өзінде-ақ галерея музейлердің эталонына айналды. Музей жинақтарын құрушылар өз еліндегі музейлерді Уффицида жасалған жүйеге сай құруға тырысты.

1795 жылы музей практикасында алғаш рет суреттердің астында туындының атауы ғана емес, автордың есімі жазылған этикеткалар пайда болады.

XIX ғ. Уффици коллекциясының негізінде мемлекеттік музейлердің тармақталған жүйесі құрылды: қару-жарақ музейі, зергерлік өнер музейі, герцогтық ғылыми қондырғылар мен

құралдар коллекцияларынан жинақталған ғылыми-тарихи музейі, археологиялық музей.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Уффици Ұлттық галерея мәртебесін алуға негіз болды.

Ал 1945 жылдан кейін біраз құнды туындылар алынып, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жоғалған шығармалар қайтарылынды. Оған Мазаччо, Мазолино, Веронезе, Тинтореттоның шығармаларын айтуға болады.

Мемлекет мұралыққа қалдырылған жеке коллекциялармен де толықтырылады. 1969 жылы банкир Контини Бонакоссидің сыйы музей коллекцияларын түпкілікті толықтыра түсті. Музей қоры Чимабуэ, Тинторетто, Веронезе, Бассано, испандық суретшілер Сурбарана, Гойенің шығармаларымен толықтырылды.

Бүгінгі таңда Уффици галереясы 45 залдан және 4 экспозициялық коридордан тұрады. Олардың барлығы бірегей құнды шығармаларға толы. Мұнда мүсін, графика (110 мың) гобелендерді айтпағанда 1700 кескіндемелік туынды қойылған. Жинақтың ауқымдылығы сондай, оны толық дұрыстап көріп шығуға бірнеше ай қажет.

Уффици галереясының жинақтарының ерекшеліктері сонда, барлық басты суретшілері мен ең үздік шығармалары бар флорентиялық мектептің тұтас даму кезеңдерін қамтуында. Ең алдымен, Уффици жинағы XIII-XVII ғ.ғ. итальяндық кескіндеме элементтерінің құндылығымен танымал.

Галерея топтамаларында төмендегі мектептер қамтылған: флорентия (XII-XIV ғғ.); венециандық (XVI ғ.); боллондық (XVII ғ.).

Уффици галереясына кескіндемелік шедеврлерден басқа: антикалық коллекциялар да кіреді. Ол, негізінен, XVII ғ. жинақталған. Соның ішінде «Венера Медичи» (шамамен б.з.д. I ғ. ортасына) жатады. Графика коллекциясы Еуропадағы ең көне және Италиядағы өте бай жинақ болып табылады. Көптеген экспонаттарды суретшілердің өзі немесе мұрагерлері тапсырған. Мысалы: Джорджо Вазаридің мұрагерлері музейдің негізін қалаған Франческо I Медичиға суретшінің суреттер альбомын сыйға тартқан.

Уффици галереясының экспозициясының таң қалдыратын бөлімі суретшілердің автопортрет галереясы. Оның негізі XVII

ғасырда қаланды. Оны бастаған Леопольдо Медичи болады. Римнен алғаш туынды сатып алған. Осының нәтижесінде ұлы шеберлердің түрін көруге болатын жалғыз музей құрылды. XVIII және XIX ғасырларда суреттерге мақсатты түрде арнайы автопортреттер тапсырыс беріліп отырды. Леонардо, Рафаэль, Микеланджело, Дюрер, Тициан, Рембранд, Рубенс, Ван Дейк, Гольбейн мен орыс суретшілерді: Кипренский, Айвазовский, Кустодиев, Репин, Шагалдың автопортреттері бар.

Сонымен қатар бұл жерден барлық флорентиялық ірі суретшілердің мысалы, Чимабэ, Джотто ди Бондоне, Мазаччо, Анре Верроккьо, Филиппо Липпи, Леонардо да Винчи, Лоренцо ди Креди, Андреа дель Сарто, Джованни Батист Россо шығармаларын көруге болады. Музей қорларының ішіндегі ең танымал құндысы Сандро Боттичеллидің «Аллегория весны» және «Рождения Венеры» атты туындысымен Микеланджело Буонарротирдің «Модонна Дони» көркемсуреттерін атап кетуге болады.

Галерея, сонымен бірге антикалық мүсіндерді сақтап тұр. Ерекше көзге түсетіні – эллинизм дәуіріне жататын «Танцующий фавн», «Марсий», «Юный Аполлон», «Гибель Ниобид» және танымал «Венера Медичи». Музейдің әлем бойынша XVI ғ. Еуропада қалыптаса бастаған кескіндеме жинақтарының орны ерекше.

Қазіргі таңда музей тұрақты түрде көрмелер ұйымдастыруда, және үлкен ғылыми жұмыс жүргізуде, үлкен кітапханасы және ғылыми-реставрациялық шеберханасымен танымал. Уффици галереясын тамаша шеберлердің энциклопедиясы деп текке атамаса керек.

**Сұрақтар:**

1. Уффици галереясының құрылу тарихын атаңыз.
2. Галерея қандай мектептер негізінде топтастырылған?
3. Галереяның еуропалық музейлерден ерекшелігін атаңыз.

## 15 - т а қ ы р ы п

### Рим. Капитоли музейі



Римдегі Капитоли музейі Италия астанасының ірі өнер жинақтарын сақтайды. Музей Капиолилiк алаңдағы Микеланджело Буонарроти жоспарлаған ғимаратта орналасқан. Қазiргi музей жинағының тарихы IV Сикст папа қорынан бастау алады, ол қала тұрғындарына 1471 сыйлыққа берiлген болатын. Аталмыш археологиялық жинақтар Палаццо Нуовода орналасқан алғашқы көпшiлiкке арналған музейдiң негiзiне айналды. Қазiргi таңда музейдiң Капитоли алаңында тағы екi ғимарат бар, олар - Палаццо консерваториясы, мұнда көркемсурет туындылары сақталуда және екiншiсi Палаццо Каффарелли көрмелер көрсетiлетiн орын орналасқан.

Капитоли музей антикалық жәдiгерлерге өте бай. Бұл жерден атақты ежелгi гректiк және көне римдiк туындылардан: «Спинарио», «Геркулес», «Умирающий галл», «Капитолийская волчица», сонымен қатар философтар мен ақындардың мүсiндерiн көруге болады. Антикалық жинақтың құндысы «Венера Капитолийская» мүсiнi болып табылады.

Музей мақтанышы – көркемсурет жинақтарының молдығы. Жинақтағы қазыналарға ірі маңызды шеберлердің, атап айтқанда, Тициан «Крещение Христа», Гверчино «Убийство Петро-нилы», Питер Паул Рубенс «Ромул мен Рим» еңбектері бар. Сонымен бірге Санта-Мария-ин – Арчели шіркеуінің қабырғалары да осы Капитолий сарайына кіреді, ондағы өрнектерді Бернардино Пинуринньо Беноццо Гоццолли, Пьетро Каваллини салған. Тағы да көңіл аударатын маңызды оқиға 1880 жылы герцог Чинидің музейге бай фарфор қорын сыйлыққа беруі музейдің құндылығын арттыра түскен болатын.

**Сұрақтар:**

1. Музейдің ашылу тарихынан не білесіз?
2. Антика дүниесінің қандай мүсіндері сақталған?

## 16 - т а қ ы р ы п

### Германия. Дрезден галереясының тарихы



Барлық Еуропа мемлекеттері сияқты Германия да жеке коллекциялардың көбеюіне байланысты бір мекемеге жинақтала

бастайды. Дрезден галереясы – Еуропаның XV-XVIII ғ.ғ. жататын көркем шығармалар жиынтығының орталығы. Құрылысы үш қабаттан тұратын музей.

XVII ғ. басында Дрезден тамаша көркемсурет орталығына айнала бастайды. Ірі коллекционерлер ішінен (1694-1733 жж.) Фридрих I Август Польша тағын иеленіп, Польшада II Август атымен (1697-1706 жж.) танымал болған. Ол 1722 ж. Юденхофта екінші қабатта арнайы жабдықталған «Конюшен» деп аталатын мекемеде кунсткамералар мен сарай, шіркеулерден ең жақсы шығармаларын жинақтап галерея құрады. Келесі он жылдықта галереяның қоры Франция, Италия мен Голландиядан арнайы сатып алынған бірнеше жүздеген өнер туындыларымен толықтырылады, ал 1742 жылы көрмеге 1938 картина қойылған болатын.

Дрезден галереясының нағыз даму шағы III Август (1733-1763 жж.) тұсында, себебі III Август картиналарды жинауға құлшыныс танытып, құмар болғаны соншалық, ол мемлекеттік істерді шетке қойып, тек картиналарды сатып алумен айналысқан. Тіпті, түсірілім сатылым болып тұратын Париж, Венеция және Антверперге арнайы тыңшы топтарын құрып, жіберіп отырған. Осы жерлерден бір емес бірнеше коллекциялар сатылып алынатын. 1741 жылы Дрезденге герцог Валленштайнның жинақтары әкелінген. 1745 жылы Моден герцогі Франческо III д'Эстенің атақты жинақтарының бірі Тицианның «Динарий кесаря» сияқты тамаша туындысы сатып алынған. Ал 1754 жылы III Август жинағының ішіндегі ең танымалы – Рафаэльдің «Мадонна Сан-Систо», қазіргі таңда «Сикст мадоннасы» атымен белгілі болған картина галереясының қорына түседі.





1746 жылы «Конюшен» ғимараты экспозициялық орынды көбейту үшін қайта жаңғыртылып, құрылыстар жүрді. Дегенмен осы ғимаратқа 1855 жылға дейін басты галерея ретінде барлық өнер туындылары жинала берді. Дрезденге Еуропаның түкпір-түкпірінен әкелінген тамаша жұмыстар түскен уақытынан бастап көлеміне қарай көрмеге қойылады. Сол кезде галереяны көруге көпшілік қауымға мүмкіншілік бермеген.

Дегенмен 1765 жылы галереяны тамашалауға тек мамандар кіре алатын болған. Үш жыл өткен соң студент Иоганн Гете арнайы Липшигтан Дрезденді өз көзімен көру үшін келген. Дрезден галереясынан көрген толғанысын И. Гете «Поэзии и правде» газетіне мақала етіп жазған<sup>1</sup> [1].

1777 жылы Мюнхендік пинакотека залына кіруге суретшілер мен дилетанттарға рұқсат берілген.

VII Вильгелм ландграфы 35 Рембрандтың, 35 Рубенстың, 20 Ван Дейктің жинақтарынан құралған атақты галереясына 1760 жылдан бастап, арнайы алдын ала жазылу арқылы еуропаның ең тамаша шедеврлерін көруге мүмкіндік туады.

Осы жылдары танымал адамдар мен суретшілер Дюсельдорфтағы картиналар галереясын тамашалай алатын еді, бұл ғимаратты 1710 жылы курфюрст Иоганн Виттельсбах көркем-сурет жинақтарына арнайы жасатқан. Кейін курфюрст Карл Теодор (1742-1799 жж.) жинақтарды бірталай толықтырып,

---

<sup>1</sup> Гёте И.В. Из моей жизни. Поэзия и правда. - М., 1969. - С. 246.

суретші Ламберт Крагеға галереяда жаңа экспозиция құруға тапсырма берген.

1756 жылы Дюссельдорфтық галерея басқа галереялар сияқты картиналары шеберлеріне байланысты басты екі топқа – итальяндық және нидерландық болып бөлінген.

Дрезден картиналар галереясының ресми түрде ашылуы болып 1772 жыл есептелінеді. Өткен жылдардың бай әшекей мен зергерлік бұйымдары жинақталған «Зеленый свод» галереядан 1771 ж. бөлініп шығады. Онда бағалы әшекей заттары сақталып, сол уақыттарда кіруге тек сауатты, қалталы адамдарға көруге рұқсат берілген.

Сонымен, қорыта, айтқанда Германия мемлекеттінің әлемге танымал музейі Дрезден адамзат тарихындағы құнды өнер туындыларын сақтап тұр. Ресми түрде XVIII ғасырдың соңында ашылып, қазіргі таңға дейін Еуропа мәдениеті мен өнерінің басты ошақтарының бірі болмақ.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. *Алтатов М.В., Данилова И.Е.* Старые мастера в Дрезденской галерее. - М., 1959.
2. *Зейдевиц Р., Мане З.* Дрезденская галерея (сокр. пер. с немецкого) // Под общей редакцией А.А. Губера. - М, 1965.
3. *Григорьев С.* Стясения дрезденских сокровищ. (1945). Лит. Обработка И. Григорьевой. - «Искусство», 1975, № 1.
4. «Блистательный Дрезден». Искусство и художественные собрания во времена Августа II и Августа III (1694-1763). (Каталог) М., 1989.

#### **Сұрақтар**

1. Дрезден галереясының құрылуының алғышарттары.
2. «Конъюшен» дегеніміз не?
3. Галереяның ресми ашылған жылын ата?
4. 1742 жылы көрмеге қанша картина қойылған болатын?

## **17 - т а қ ы р ы п**

### **Берлин мемлекеттік музейі**

Берлин мемлекеттік музей – дүниежүзі бойынша музейлердің жиынтығының қатарындағы ірісі деп айтса болады. Ол 1830

жылы Пруссия королі мен бронденбургтің курфюрсттарының негізінде қаланған болатын. Музейдің ауқымды бөлігі Берлиннің шығысында орналасқан «музей аралы» деп аталатын жерде топтастырылған. Музей қалашығы – 1823-1830 жылдары танымал архитектор Карл Фридрих Шинкелемнің қолынан шыққан, классикалық үлгіде салынған ғимарат. Бастапқыда музейде барлық Берлин қорлары топтастырылса, қазіргі таңда антикалық және египеттік өнер туындыларының бұйымдары сақтаулы тұр.

Ескі ұлттық галерея 1876 жылы ашылып, XIX ғасырда Германияның ірі коллекцияларын құрап тұр. Онда көптеген танымал суретшілердің жұмыстары да сақталған. Айтар болсақ, Петер фон Корелиус, Фридрих Овербек, Адольф фон Менцель Ханс Том, Ансельм Фейрбах, Арнольд Беклин, Ханс фон Море, Вильгельм Лейбель, Вильгельм Трюнбер, Макс Либерман, Ловис Коринт және тағы да басқа Еуропа шеберлері Эдуард Ман, Клода Ман, Пьер Огюст Ренуар, Эдгар Дега, Поля Сезинна мен Огюст Роденнің туындылары сақтаулы.

Аралдағы Пергаман музейі - көпшілікке танымал музейлердің бірі. Онда дүниежүзінің ерте заманына қатысты, Грекия, Рим, Вавилон, Ассирия, Египет, Шығыс Азия мен ислам дәуірі мен ерте христиан өнер туындыларының жәдігерлері топтастырылған. Музейдің негізгі құнды қойылымы эллинизм дәуірі өнерінің шедеврi – Пергам алтары. Музейде, сонымен қатар Вавилонның тарихына қатысты «Иштар қақпасы, Нефертити бюсті» сияқты ежелгі шығыс өркениетінің құнды маржандары сақтаулы тұр.

Музей аралында, сонымен қатар Жаңа музей мен Боде музейі орналасып, олардың ішінен бейнелеу өнері, мүсіндер, ақша тиындарының жинақтарын көруге болады. 1999 жылы музей аралы ЮНЕСКО-ның мәдени мұра тізімінің қатарына енгізілген болатын.

Мемлекеттік Берлин музей құрамына Берлин-Далем атты музей жиынтығы да кіреді. Ол 1957 жылы негізі қаланып, құрамына Египет, Антика, ислам мен үнділік және Таяу Шығыс өнерлерін, неміс халқының өнер музейін, этнографиялық музей, қолданбалы өнер музейін, алғашқы қоғам мен ежелгі дүние

тарихы музейін, сонымен бірге картиналар галереясы мен Ұлттық жаңа галереялар енген.

Ұлттық жаңа галереяға ХХ ғасырдағы бейнелеу суреті мен мүсіндері жинастырылған, онда: Эдвард Мунк, Эрнст Людвиг Кирхнер, Прабло Пикассо, Паул Кле, Лайонел Фейнинджер, Отто Дикс, Оскар Кокошка және тағы басқа суретшілердің көркем туындылары көрсетілген.

Далем картиналар галереясында Еуропадағы көне шеберлердің көлемді жинақтары сақталған. 72 залдан тұратын музей әлемге танымал шебер Ян Ван Эйктің, Үлкен Питер Брейгелдің, Альбрехт Дюрердің, Рафаельдің, Тицианның, Микеланджело да Караваджоның, Ян Времердің, Конрад Витцтің, ганс Гольбейннің Каналеттоның, Антуан Ватто мен Томас Гейнсбордың шығармалары сақталған. Галереяның мақтан тұтатыны – сегіз бұрыштан тұратын залы онда Рембрандтың 16 жұмысы қойылған. Сонымен қатар Рафаельдің бес Мадоннасы тұрған залы көпшіліктің қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

Қорыта келгенде, Берлин мемлекеттік музейі - неміс ұлтының мәдени жетістігінің мақтанышы. Аталмыш музей тіпті ЮНЕСКО-ның қамқорлығына да алынған. Музейде тек картиналар ғана емес, сонымен бірге танымал шеберлердің мүсіндері де көпшілік үшін жинастырылған.

**Сұрақтар:**

1. Берлин мемлекеттік музейі ресми түрде қай жылы ашылды?
2. ЮНЕСКО-ның мәдени мұраларды сақтау қатарына қашан енгізілді?
3. Шедеврлерін атаңыз.

## 18 - т а қ ы р ы п

### Испан музейі – Прадо



Прадо музейі – Испанияның атакты музейлерінің бірі. Музей Мадридтің орталығы Прадо саябағында орналасқандықтан, музей атауы да содан шыққан.

Прадо әлемдегі маңызды көркемсурет музейлерінің қатарынан орын алады. Ол үш жүз жыл бойы Габсбург пен Бурбон әулеттерінің жинастырған қорларының негізінде қалыптасқан.

Прадо (испанша *Museo Nacional del Prado*) – еуропаның бейнелеу өнерінің маңызды және көлемді жинақтары сақталған музей. Музей ғимараты – кейінгі испан классицизмінің керемет үлгісі. Құрылған уақыты - 1785 жыл.

1775 жылы испандық III Карлдың бұйрығымен архитектор Хуан де Виллануэ Жаратылыстану тарихы музейінің эскизін жоспарлап жасай бастаған. Көпшілік үшін музей 1818-1819 жылдары ашылған.

1809 жылы Жозеф Бонапарттың корольдік үкімі негізінде көркемсурет музейі деп жарияланады.

Музей жинақтарында Босха, Веласкес, Гойя Мурило, Сурбарана және Эль Греконың толық жинақтары сақталған.

Италия шеберлерінің ішінен Андре Мантень, Сандро Боттичели, Рафаэль, Андре дель Сарто, Тинторетто, Веронез туындылары да орын алған. Әсіресе Тицианның шығармаларын ерекше айтқан жөн. Көптеген Италия шеберлерінің картиналары Ү Карл, II Филип, әсіресе IV Филип тұсында сатылып алынған.



**Сандро Боттичелли**  
**1483 ж.**



**Рафаэль Санти**  
**Кардинал**  
**портреті**  
**1510-1511 жж.**



**Андреа дель Сарто**  
**Нәресте мен періште**  
**ұстаған Мадонна**  
**1520-1530 жж.**

Фламандық мектептен төмендегі суретшілердің жинақтарын келтіруге болады, Рогир ван дер Вейден, Ганс Мемлинг, Иоахим Патинир, Иеронимус Босх, Питер Брейгель, Рубенс, Якоб Йорданс және Атон ван Дейк. Фламандық суретшілердің шығармалары музейде өте көп мөлшерде жинақталуының басты себебі қазіргі Бельгия, Нидерланд, Люксембург аймақтары Испания корольдігіне біржарым ғасыр бойы бағынышты болуына байланысты еді. Сондықтан себепті көптеген фламандық суретшілер Испанияда жұмыс істеген. Фламандық мектептің маңызды шедеврі Босханың «Воз сена» атты картинасы.



**Иоахим Патинир**  
**Стикс өзенінің**  
**өткелі**  
**1515 ж.**



**Иероним Босх**  
**Воз сена**  
**1550 ж.**



**Питер**  
**Брейгель старший**  
**Ажал триумфі**  
**1560 ж.**

Испан мектеп жинақтары музейде өте мол көрсетілімге қойылған. Осы көрмелерге қарап испан көркемсуретінің ХІІ ғасырдан бастап дамығанын байқауға болады. Музейге орта ғасырлық фрескалар, готика мен Ренессанс өнерінің үлгілері мен ХІХ ғ. картиналары қойылған. Айталық, Веласкес, Эль Греко, Мурильо, Гойдың туындылары ерекше сұранысқа ие.



**Диего Веласкес**  
**Менины**  
**1656-1657 жж.**



**Диего Веласкес**  
**IV Филипп Портреті**  
**1634-1635 жж.**



**Эль Греко**  
**Рыцарь**  
**1570-1578 жж.**

Музейде германдық мектеп шеберлерінің жұмыстары да бар – Альбрехт Дюрер (Адам және Ева атты картинасы) және Лукас Кранах картиналары.

Музей бірнеше басты бөлімдерден, залдардан тұрады. Атап өтетін болсақ:

- 1764 жылы ашылған Тақ залы, рококо стилінде жасалып, төбесін венециялық шебер Тьеполо безендірген.

- Гаспарин залы да рококо стилінде әрлендірілген. Ішкі жиһаздары мол байлық пен сұлулықтың белгісіндей.

- Фарфор залы - III Карл кезінде құрған Буэн Ретир заводында Хосе Гричи атты италиялық шебердің үлгісімен арнайы тапсырыспен жасалған, тамаша үлгідегі көрме.

- 1879 жылы меркелік қонақ күтетін зал ашылған. Бұл зал XII Альфонстың екінші жұбайы Мария Кристинамен некелесуіне байланысты Еуропадағы ең сұлу залдардың бірі, онда 145 қонақ қабылдауға болады.

- Вентура Родригестің жобасы бойынша жасалған Капелла.

- Қару қоймасының негізін II Филип салған. Бұл – Испаниядағы өте бай қару қоймасы. Онда Австрия әулеттерінің қару - жарақтары сақталған.

### **Әдебиеттер тізімі**

- *Прадо. Скала Паблицер Лтд. 2003 г. 240 с.*
- *Музей Прадо. Путеводитель. Мар Санчес Рамон. Aldeasa Ediciones, 2002 г., 126 с.*

### **Сұрақтар:**

1. Музейдің ашылу тарихы жайлы не білесіз?
2. Шедеврлерін атаңыз?
3. Музей ретінде ашылуына әулеттердің үлесі қандай болды?



## Испан ұлттық археологиялық музейі



Ұлттық археологиялық музейдің испанша атауы - *Museo Nacional de Arqueología*. Орналасқан жері Мадрид қаласы кітапхана сарайында музей болып орналасқан.

Музей 1867 жылы II Изабельдің қабылдаған декреті негізінде, музей құрылып онда этнографиялық және археологиялық заттар, қолданбалы өнер мен нумизматикалық коллекциялар жинақталды. Бұл музейде Мадрид автономиясының ежелгі ескерткіштері сақталған. Музейдің құнды жәдігерлері болып, ибер мәдениетінің шедеврлері – Дама из Эльче (б.з.д. IV ғ.), Дама из Басы және Дама-дарохранительница с холма Святых атты мүсіндері ерекше құрметке бөленген. Сонымен бірге иберлердің бірқатар алтын қазыналары да сақталған, әсіресе VIII ғ. Гваррасардан вестготтардың культтік тәжин табуға болады.

Музей мақтанышы египеттік саркофагтары мен мумиялары, Испанияның Рим кезеңіндегі декоративті-қолданбалы өнер туындылары және Қайта өрлеу дәуіріне жататын араб археологтарының тапқан бұйымдары болмақ.

Испанияның ұлттық археологиялық музейінде Еуропаның тарихына да қатысты археологиялық қазба кезінде табылған этнографиялық, қолданбалы өнер туындылары мен тиын ақшалар, мөрлер сияқты заттар көрмеге қойылған.

**Сұрақтар:**

1. Музейдің ашылу тарихынан не білесіз?
2. Шедеврлерін атаңыз.
3. Музейдің басқа испан музейлерінен ерекшелігін атаңыз.

**19 - т а қ ы р ы п**

**Голландия музейінің тарихы мен шедеврлері**

Рейкс музейі – Голландияның үлкен музейі. Бұл музей көптеген түрлі коллекциялары мен танымал.



XVI ғасырдың басында голландық біртоп атқыштар қатары портретке тапсырыс берген. Олар өз портреттерін мекемелерінде қабырғаға іліп қоятынды әдетке айналдырған. Міне, осылайша, Рембрандтың «Ночной дозор» атты портреті қалыптасқан. Біртіндеп тапсырысты тек атқыштар ғана емес, сонымен қатар өндіріс орындарының қызметкерлері, саудагерлер, қайырымдылық

қорлар тапсырыс бере бастаған. Бұл картиналар мекемелерде, цехтар мен корпорацияларда сымбат беріп тұрса, кейін қаланың меншігіне айналған.

Республикалық Голландияның стадахудерлер атқарушы билік басшылықтарының үлкен жинақтары жиналады. Бұл қызметті дәстүр бойынша Орански-Нассау әулетінің өкілдері басқаратын. Әулетте жинақталған жинақтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. XVII ғасырда жинақ құрамы көпшілік жағдайда әулет мүшелерінің портреттерінен тұрса, ал XVIII ғасырдан бастап стадахудер IV Вильгельм мен әсіресе V Вильгельм өздері өмір сүрген мыңжылдықтың танымал шеберлерінің картиналарын белсенді жинаған.

1795 жылы Голландия территориясына француз әскері басып кірген болатын. V Вильгельмнің өнер кабинетінің көптеген еуропалық құнды жинақтары Парижге жөнелтіліп, ал қалғандары сатылымдарға қойылған. Батав республикасы деп аталған Голландияның басқа да өнер туындылары сақталған Орански сияқты сарайларының құндылықтарын, ортақ көпшілікке арналған музейде сақтау идеясы туындаған.

1800 жылы Гаагада Хейс-тен-Босх («Ормандағы үй») Орански жазғы резиденциясында Ұлттық көркемсурет галереясы ашылады. Көпшілік қауымның музейді көруіне мүмкіндік туады. Бірақ бұл көпке созылмайды, 1806 ж. Наполеон Батав республикасының орнына Голландия корольдігі деп жариялап билікке өзінің бауыры Людовикті отырғызады. Людовик 1808 жылы Гаагадан Амстердамға көшіп, өзімен музейдің жинақтарын ала кеткен болатын. Амстердамның корольдік резиденциясы қалалық ратуш ғимаратында Людовиктің бұйрығы негізінде корольдік музей (Кониклийк-музеум) құрылып, шамамен 450 полотно көрмеге қойылған. Бұл музейдің негізін гагалық Ұлттық галереяның картиналары мен ратушта бұрыннан сақталған Рембрандтың және т.б. бір топ портреттері құрады.

1813 жылы V Вильгельм Оранкидің баласы I Вильгельм Нидерландының королі болды. Ол өзінің резиденциясындағы музейдің тұрғанын ыңғайсыз санап, 1660-1662 жж. темір сатушы ағайынды Триптерге арнап архитектор Ю. Вингбонстардың салған ғимаратын бөліп берген. Бірқатар

жөндеу жұмыстарынан кейін 1817 жылы Рейксмузеум немесе мемлекеттік музейі ашылады. Қазіргі таңда ол Голландия мемлекетінің бірінші орндағы ірі көркемсурет музейі болып табылады.

**Сұрақтар:**

1. XVI ғ. жеке қорлардың жинақталуы жөнінде не білесіз?
2. XVII ғ. Голландия атауы қандай?
3. Рейксмузеум немесе Мемлекеттік музейі қашан ашылды?

## 20 - т а қ ы р ы п

### **Америка шедеврлер жиынтығы Метрополитен музейі**

Еуропалық музейлер монархтар мен жеке адамдардың жабық жинақтарынан біртіндеп өссе, АҚШ-та, алдымен, ғылыми, әдеби қоғамдардың, оқу орындардың күшімен көпшілікке арнайы құрылған музейлер пайда болып, содан соң ғана жабық жинақтар қалыптаса бастады. Олардың көбі кейінірек қоғамдық институттарға айналды немесе басқа музейлерге мұралыққа қалдырылды.

Америка музейлер туралы ертеректегі дерек Оңтүстік Каролинадағы колонияға жатады. 1776 жылы ол басқа да ағылшын отарларымен бірігіп тәуелсіз мемлекет АҚШ-ты құрағаны белгілі. Оған дейін үш жыл бұрын Чарлстон қаласынан кітапхана қоғамы жергілікті газеттің беттерінде оқырмандарына музей құру үшін материал жинау туралы өтініш жариялаған болатын. Сөйтіп, 1773 жылы АҚШ-та музей ісі тарихының бастамасы болды.

Қоғамның өтінішіне үн қатқан штаттың белсенді тұрғындарының арқасында Чарлстон музейінде бай табиғи-ғылыми және этнографиялық коллекциялар жинақталған болатын. Музей күнделікті көрушілер үшін ашық болады және үлкендер үшін 25 цент, ал мезгілдік билет бір доллар тұрды.

1770 жылы Чарлстон сияқты екі музейлік мекеме Филадельфияда, ал 1782 жылы көпшілік үшін сирек заттар кабинеті немесе америкалық музей ашылды.

Алғашқы уақытта америкалық музейлер еуропалық сирек заттар кабинетіне ұқсайтын, оларда өнер туындылары өте аз болып, табиғат үлгілері басым болған.

Еуропаға қарағанда АҚШ-та ұлттық галереялар пайда болатындай корольдік коллекциялар болған жоқ. Оның құрылуына себеп болатын күшті орталықтандырылған мемлекет те болмады. Елде ұзақ уақыт бойына ғылыми, әдеби қоғамдар мен колледж, университеттер құрған кішігірім көркемсурет галереялары ғана болды. Олар бірнеше жылдардан кейін жабылып қалып отырды және олардың жинақтарының сапалық деңгейі төмен болды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде жағдай өзгеріп, ғасырдың ортасында басталған экономикалық өсу күшейе түсіп, АҚШ біртіндеп, гүлденген капиталистік елге айнала бастайды. Еуропалықтардың байлықтарын сақтап, көбейтудің ең сенімді, тексерілген тәсілдерінің бірі – көркемсурет коллекция сферасына салу. Еуропалық аукциондарда болған америкалық мұнай, қант және т.б. салалардың байлары көне шеберлердің, иллюстрациялық қолжазбалар мен сәндік қолданбалы өнердің үздік үлгілерінің бағасын жоғарылатып, сатып ала бастады. Міне, осындай америкалық коллекционерлердің арқасында қомақты көркемсурет жинақтары, сонымен бірге музейлер қалыптаса бастады.

1870 жылы америкалық музей құрылысы тарихының жаңа беттері ашылды. Бұл онжылдықтың соңында мәдени құндылықтардың ірі сақтау орнына айналған музейлердің негізі қаланды. Олар: Нью-Йорктегі Метрополитен музейі (1870 ж.), Филадельфиядағы көркемсурет музейі (1876 ж.), Чикагодағы өнер институты (1879 ж.).

Солардың ішіндегі әлемдік деңгейге өсе алған және АҚШ-тың ірі музейі – Метрополитен. Оның негізін қалауға ынта білдірген шығармашылық зиялылары мен іскерлік ортаның өкілдері, Нью-Йорктегі Одақтық Лига Клубының мүшелері болды. Клуб өзінің көркемдік комитетінің бір отырысында болашақ музейінің басқармасын Қамқоршы (Попечитель) кеңесін сайлап, «Метрополитен» («Столичный») деп аталатын музейді ашу туралы Штаттың заң шығару жиналысына өтініш білдірді. Оның жинағының құрамына тек кескіндемелік туындылармен мүсіндік коллекциялар ғана емес, суреттер, гравюралар, медаль

мен фотосуреттер, сәулеттік модельдер, тарихи тұлғалардың портреттері, сәндік қолданбалы өнер туындылары кіретіні туралы да айтылды.

1970 жылы Штаттың үкіметі музейдің құрылғаны туралы арнайы акт қабылдап, санкция жасалды. Болашақ музейдің ғимараты мен оны салатын жер учаскесінің иесі қала үкіметі, ал коллекцияның қожайыны болып музей жарияланды. Бірақ Метрополитеннің өзінің негізі қаланған уақытта оның ғимараты, не коллекциялары болмады, енді оларды құруды бастау қажет болды. Поптар Кеңесі алғашқы уақытта қажетті 250 мың доллар қаражатты Нью-Йорктік көпшілік қауым мен іскер адамдардан қолхат арқылы жинаған болатын. 1871 жылы музей өзінің ең ал-



ғашқы ерекше коллекциясын сатып алады. Ол франк-пруссиялық соғыстың қақтығысының нәтижесінде еуропалық рынокта пайда болған француз және бельгиялық жинақтағы XVII-XVIII ғғ. еуропалық шеберлердің

174 картинасы музейге түскен.

Метрополитен музейі осы коллекцияларды көрсету мақсатында Бесінші авенюдағы би мектебінің ғимаратын жалға алып, 1872 жылы 17 ақпанда оның тарихында алғаш рет көпшілік үшін алғашқы экспозиция ашылады. Осымен бір уақытта алғашқы келушілер үшін 1880 жылы наурыз айында қаулы қабылданып, музейдің тұрақты ғимаратының құрылысы басталады. Мұндағы экспозицияға ескі батысеуропалық шеберлер мен сол замандағы америкалық суретшілердің шығармалары, америкалық көркемдік өндірістің үлгілері, генерал Чеснолдың коллекциядағы кипрлік көне заттары да қойылды. Музейге уақытша берілген Нью-Йорктік

коллекционерлердің шығармалары да оның екі залына орналастырылды. Соңынан америкалық музейлерге осы ерекшелік тән болған болатын. Мұндай коллекция-салымдарды экспозицияға өте ұзақ уақытқа қою екі жақтың пайдасына өзара келісім мен жүргізілген. Себебі коллекционерлер өзінің жинағына жақсы жарнама және экспонирлеуге сенімді жай алса, музей экспозициялық көрсетілім кеңейіп, келермен ағымын көбейтуге мүмкіндік алатын. Америкалық музейдің экспозицияларында ешқандай хронологиялық және көрмелік логикаға сай келмейтін музейге мұрагерлікке қалдырған немесе жеке көрсету үшін уақытша берген жеке адамдардың осындай коллекциялық жинақтарын жиі көруге болады. Мысалы, 1876 жылы Метрополитен музейінде банкир Леманның керемет коллекциясына арналған, музейге ерекше шарт бойынша сыйға тартылған жеке павильон ашылды. Мұнда коллекциялар банкирлер үйінің жағдайын көрсететін интерьерлердің негізінде көрсетілді.

Мемлекет тарапынан ешқандай қаражат алмаған музей өзінің дамуы үшін қаражат көзін өзі табуға тырысты.

Өзінің қалыптасуының алғашқы күнінен-ақ ол музей достарының қоғамы деп аталатын өзіндік ерекше қаржылық көмек институтының негізін қалады. Сөйтіп, ол соңынан америкалық музейдің арасында кеңінен танымал болады. Алдын ала төлеген адамның барлығы қоғамның мүшесі бола алатын еді және оның көлеміне қарай бірқатар жеңілдіктер алып тұрды. Соның ішінде музейге, көрмелерге тегін кіруге, әртүрлі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік алды. Уақыт өте бай америкалықтардың арасында дәстүрге айналған ірі қаржыларды, көркемдік шығармаларды, тіпті кейде толық коллекцияларды музейге сыйға тарту оның жинақтарын көбейтуге үлкен мүмкіндік жасады. Осының нәтижесінде Метрополитен музейі жарты ғасыр өткеннен кейін АҚШ-тағы батысеуропалық кескіндемелік туындылардың иегері ғана болып қоймай, батыс еуропалық көркем галереялармен өзінің коллекцияларының құндылығы мен толықтығы жағынан қатарласа алатын болды.

АҚШ-тың көптеген музейлері еуропалық музейлерге қарағанда мемлекеттен шектелген, себебі олар жеке адамдарға неме-

се корпорациялар иеленген жеке институт ретінде пайда болып, өмір сүруде.

**Сұрақтар:**

1. Метрополитен музейінің ашылу тарихын атаңыз.
2. АҚШ музейлерінің ашылуына тән ерекшеліктерді атаңыз.
3. Музейдің мақтаншысы.

## 21 - т а қ ы р ы п

### Әлем құндылықтарының жиынтығы – Эрмитаж музейі

XVIII ғасырдың орта кезеңі Ресей империясы үшін тарихи жағдай туып, болашақта әлемге әйгілі болудың алғышарты қалыптасты. Ол қазір күллі адамзат баласының мәдениетінің өз құрылымына жинаған біз білетін Эрмитаж музейінің ең бірінші патша сарайы ретінде салынған қысқы сарайдың құрылысының басталуы еді.

Нева өзенінің сол жағалауында орналасқан Эрмитаждың тарихын арыдан бастасақ былай болып келмек. Негізінде, Нева өзенінің сол жақ жағалауы жылдар бойы Ресей патшаларының резиденцияларына мекен болып келген. Енді бұл жер неліктен соншалықты сол уақыттағы орыс патшаларын қызықтырды десек, біріншіден, Нева өзенінің жағасы өте керемет сұлу жер болған. Екіншіден, ол жер бүкіл Санкт-Петербурдың, яғни Ресейдің ортасынан керемет көрініс тауып тұрған. Қазіргі әлемге әйгілі болып тұрған Эрмитаждың ең басты және бірінші салынған ғимараты қысқы сарай болса, зерттей келе, бұл Қысқы сарайдың алдында I Петр кезінде ең алғашқы Нева өзенінің сол жақ жағалауындағы Қысқы үй соған арналып салынған. Кейін 1720 жылы патша басқа ғимаратқа көшеді, ол болашақ Эрмитаж театрының орнында тұр еді. Оның терезесінен А.К. Кикиннің және Ф.М. Апраксиннің зәулім үйлері көрінеді. Кейін бұл зәулім үйлердің қожайындары дүние салған соң Анна Иоанновнаның жарлығымен ол үйлерді қосып ғимарат жасайды. Кейін империяның резиденциясы болып қалыптасқан. Патша бұл құрылыстың үлкен биік мінбесіне шығып кірпіш қалаушылар-



ды, ағаш ұсталарын, мәрмәршілерді, алтын аптағыштарды бақылап тұрған. Ғимаратқа көптеген зиялы қауым өкілдері де келген, сонымен қатар патшайым Елизавета Петровнаның өзі де келген, яғни құрылыстың барысын қызықтап көріп кетіп жүрген. 1761 жылы көктемде ғимараттың ішкі жұмыстары басталды, сол жылы желтоқсан айында Елизавета Петровна дүние салады. Патшайым жаңа сарайдың ішіне кіріп те үлгермей дүниеден өтті. Патшайым Қысқы сарайдың құрылысы жүріп жатқан кезінде сол жерге жақын жерде Растреллидің жобасы бойынша салынған ағаш үйде өмірінің соңына дейін тұрған.

Міне, осылай Қысқы сарай салынып бітпей тұрды. Осы кезде билікке II Екатерина келген болатын, Елизавета заманындағы борокко стилі дағдарысқа ұшырады. Жалпы, II Екатерина бұл Қысқы сарайдың көп жерлерін ұнатқан жоқ. Санкт-Петербургта борокко стилінің дәурені кеткеннен кейін ақ Растреллидің де басынан бағы таяды. Бұл борокко стилінің орнына классикалық стиль келіп, бүкіл Ресей жерінде Франция мәдениетінің экспанциясы қарыштай түседі. Ресей жерінде борокко стилі өмір сүруін тоқтатқаннан бастап, Растреллидің Ресей жеріндегі өмірі тоқтайды, яғни Растрелли жұмыстан шығып, жұмыссыз қалып Швейцарияға кетеді, патша сарайын босқа архитекторлар жалғастырады.

### **Эрмитаждың қалыптасу тарихы мен әлемдік музей болуы**

XVIII ғ. ішінде орыс билеушілері арасында дем алатын орындар пайда болады, ол II Екатерина құрған бөлектене отырып демалатын французша «эрмитаж» болды. Патшайым өзінің саяси істерден шаршағанда, әңгімесі жарасатын дос зиялы қауым өкілдерімен кездесетін, көңіл көтеретін басты орынға айналған. Онда бау-бақша, саябақ болған. Енді осы істерді кімдердің данагөйлігімен іске асырды десек, бұл үлкен мәселенің шешімі Жанн Батиста Мишель сурет академиясының оқытушысы Валлен Деломотанның (1729-1800 жж.) жобасы негізінде жүрген. Сонымен қатар сарай архитекторы Юрий Матвеевич Фельтендер де өз үлестерін қосты. Олар онда аспалы бақ жасады, яғни оның фонтаны да болған. Бұл аспалы бақ әртүрлі құстар мен өсімдіктерге бай болды, бассейінде неше

түрлі балықтар жүзіп жүрді. Аспалы бақ Қысқы сараймен байланысып жатты. Осындай әртүрлі демалатын орындар көптеп жасалды, оларда «дом фаворитов», Валлен Деломота атымен аталған павильон бар. Жалпы, Валлен Деломотан Мәскеу университетіне архитектор болып келген, кейін Санкт - Петерборға барып, яғни үш жылға контрактіге отырған екен, кейін ширек ғасыр осы жерде қалып қояды.

Оның бірден-бір ұлы еңбектерінің бірі ол Қысқы сарайдың сарайдың жанынан кіші Эрмитажды салуы еді. Құрылыс жұмыстары 1764-1775 жж. арасында жүрді. Ғимарат Нева өзеніне горизонталь бағытта тұр. Кіші Эрмитаждың тарихы Солтүстік павильонның тарихымен қатар айтылады, өйткені ол екеуін де Деломота салған еді. Деломота ғимаратқа классикалық сән бере білді, оның терезелері ұзынша келген. Адам бір қарағанда Қысқы сарайға өте ұқсас. Кіші Эрмитаждың құрылысы он жылға созылды. Бірақ бұған жинақталған экспонаттардың тым көптігінен, Фельтен Солтүстік павильонның жанынан үлкен Эрмитажды салады (ескі Эрмитаж). Онда кітапхана, үлкен залдары болып, Екатерина көптеген қонақтарды қабылдаған. Бұл құрылыстың ішкі жұмыстары 1783 жылы басталды, Рафаэль лоджиясы салына бастаған үлкен Эрмитаждың жалпы құрылысы 1787 жылы салынып біткен болатын.

Осындай қарбалас құрылыс барысында дана мүсінші архитекторлардың шеберлігімен 1783 жылы Эрмитаж театры да бой көтере бастады. Оны салған итальяндық Кваренги болды. Кваренги өз жерінде архитектураны жетік меңгеріп келген, ол сондай-ақ көп саяхатқа шыққан, Кваренги көбіне сызу арқылы біраз тәжірибе жинақтаған.

Кваренги Ресейде 1780 жылдан бастап жұмыс істейді. Оның жан-жақты біліктілігінің арқасында Ресей жеріне классикалық композиция сыйлады. Оның көптеген еңбектеріне материалдың жетіспеушілігі кедергі болды. Эрмитаж театрының ғимаратының құрылыстары 1783-1787 жж. аралығында жүрген. Бастапқыда, оның орнында I Петрдің үйі болған. Кваренги бұл үйді сақтап қалып, оның айналасына құрылысты жүргізген, алайда бұл ансамбльдік құрылыстар өзіндік сән беріп тұрады. Ал енді 1842-1852 жж. жаңа Эрмитаж ашылды. Бұл дегеніміз оның салынып бітуі еді. Жаңа Эрмитаж 16 колонадан тұрады, яғни

бұл колоналар Финляндиядан алып келінген асыл қызыл граниттен жасалған. Жаңа Эрмитаж баспалдақтары мәрмәрмен тамаша безендіріліп жасалған болатын, оған И. Герман, А. Терemenov, А. Трискорни сынды атақты шебер мүсіншілер өз үлестерін қоса білді. Бұл ғимаратқа Лео Фон Кленце де өз үлесін қосты. 1852 жылы жаңа Эрмитаж ашылды, бұл Ресейдегі музей ісінің біршама дамығандығын дәлелдейді. Осындай тарихи үдерістерде Эрмитаждың әр деңгейде салынған небір керемет ғимараттарының тарихы осылай болды. Әрине, бұл әрбір ғимараттың өзіндік салыну барысында оған әкелінген коллекциялардың жиналу тарихын зерттей келе Эрмитаждың музей ретінде, әлемдік деңгейдегі музей болуын анықтайды. Жоғары да көрсетілгендей біз ғимараттардың тарихын оның ішіндегі экспонаттарсыз тек құрылысын сипаттап едік, қазіргі біз білетін әлемдік музей Эрмитаждың осындай дәрежеге жетуі қандай үдерістер барысында жүрді деген сұраққа жауап беріп көрмекшіміз.

Әлемде қандай керемет ескерткіш болмасын ол атақты адамдармен немесе таңғажайып оқиғалармен байланысты болмақ, оған тарих куә. Мәселен, дүниені өзіне қарата білген Египет пирамидалары да өз перғауындарымен байланыста, яғни солардың ықпалымен жер бетінде салынған еді немесе Лувр музейін алып қарасақ та өз патшаларының қамалы бола тұра уақыт өте келе әлемдік музейге айналған еді. Қала берді алысқа бармай-ақ өзіміздің Түркістан да ежелгі дәуірлерді басынан өткізіп, талай-талай тұлғаларды өзінің бауырына басып, хан тағын беріп сый жасаған еді.

Міне, осындай тарихи үдерістердің басынан кешіріп қазір де бізге табиғаттың тамаша сыйы болып тұр. Осындай асыл адамдар, қасиетті, ұлы тұлғалар мекендеген сарайлар мен ғимараттар ғасырдан - ғасырға жалғасып, ұрпаққа аманат болмақ. Оның қадірін білген ұрпақтар бұл тарихи ғимараттарды музей қылмақ.

1764 жылы II Екатерина Берлиннен Гоцковскидің өз қарызын өтеу негізінде жіберген 225 картинасы жалпы патша сарайының болашақта музей болатынына алғы шарт болды десек артық айтпаған болар едік. Осындай барлық картиналар, мүсіндер, асыл тастар Қысқы сарайда сақталды. Эрмитаждың музей болуын 1852 жылдан бастасақ, Қысқы сарай 1917 жылға

дейін патша резиденциясы болған, тек 1920-1930 жылдар аралығында музейге берілген болатын. Жалпы, Готцковскидің берген картиналары көбіне голландық және фломандық мектептің өнер туындылары еді. Осыдан бастап II Екатерина өнерге деген қызығушылығы арта түседі. Енді патшайым шетелге өз агенттерін жібереді, елшілерін Францияға, Голландиядағы аукциондарды жете бақылап, ондағы қойылған өнер туындыларын сатып алып патша сарайына алып келуге бұйырды. Мысалға, осы елдердегі Ресей елшісі Д.А. Гольцин 1767-1768 жж. Рембрандтың қыл қаламынан туған «Возвращение блудного сына» картинасын, сондай-ақ басқа да Батыс Еуропаның шеберлерінің ондаған картинасын сатып алған. Эрмитаждың картиналық галереяға айналуының үш бірдей себебі бар, оның біріншісіне жоғарғы кластағы коллекцияны сатып алу себеп болды. Олар Брюлдің, Кроздың, Уопполдың картиналары болды. Эрмитажға жиналған құнды бұйымдардың бірі болып 1779 жылы Вольтердің кітапханасы сатып алынды. 1825 жылдан бастап Эрмитажға орыс суретшілерінің туындылары қойыла бастады. Жалпы, Француз революциясы кезінде Эрмитажға түсіп жатқан коллекциялардың саны азая түседі, Париж келісімінен кейін ғана қайтадан коллекциялар жиналуы арта түседі. 1814 жылы 38 картина алынды, яғни ол Наполеон әйелі патшайым Джосефина Богарнеге тиесілі еді. Оның ішінде Рубенстің «Снятие с креста», Рембрандтың «Ферма» картиналары бар. Міне, осылай Эрмитажға әлемнің түкпір-түкпірінен коллекциялар ағыла береді, осының нәтижесінде 1852 жылы жалпы қоғамдық музей болып ашылады. Әйтсе де белгілі тәртіппен санаулы билет Эрмитажға келушілерге кедергі жасайды. Тек, 1863 жылы ғана еркін Эрмитажға кіру орнайды, осыдан бастап келушілердің саны күннен-күнге өсе түседі. Келушілердің санының өскені сондай бірінші дүниежүзілік соғыс уақытысында жылына Эрмитажды 180 000 адам келіп тамашалаған. XIX-XX ғасырларда Эрмитаж галереялары енді тек шетелдерден сатып алынбай-ақ жергілікті өнер туындыларымен, сонымен қатар археологиялық қазбалардан табылған құнды коллекциялармен толықтырылды. Осы мақсатта 1859 жылы археологиялық комиссия құрылған болатын.

Империалистік соғыстың бас кезінде Эрмитажға 673 000 экспонат жиналған болатын. Соғыс кезінде 1919-1920 жж. ендігі жерде ол кеңестік музей ретінде жұмысын жаңа бағытта бастады. Осы кезден бастап музейге кіші және ескі Эрмитаж ғимараттары берілді. 1922 жылы музей аумағы Қысқы сарайды да алады. Кейін келе барлық ғимараттар музейге айналдырылады.

Осындай жағдайларда музей өз кезегінде дами береді. Онда 1920 жылы Шығыс бөлімі ашылған болатын, кейін 1931 жылы алғашқы мәдениеттің тарих бөлімі ашылады. 1941 жылы орыс мәдениеті тарихының бөлімі ашылады. Сондай-ақ 1941 жылы фашистік Германияның шабуылынан 1117000 экспонатты тылға Оралға апарып тастаған. Соғыс кезінде Эрмитаж біраз зардап көрді, жаңа Эрмитаж да бүлінді, Гербов, Николаевск залдарының терезелері суықтан, ызғардан бүлінді. Сол фашистік Германияның қоршауында тұрған кезде Эрмитажды қалпына келтіруге жағдайлар жасала бастады. 1945 жылы 8 қарашада төрт үзілістен кейін Эрмитаж музейі қайтадан жұмысын жалғастырып 65 зал ашылды. Жалпы, КСРО кезінде музей экспонаттары төрт есеге өскен екен. Эрмитаж музейінің негізгі қалыптасу тарихы осылай баяндала келе, әлемдегі ірі музейлердің бірі болып қалыптасты.

### **Эрмитаждың ішкі құрылымы мен оның кереметтері**

Эрмитаждың ішкі құрылымынан әлем тарихынан, мәдениетінен сыр шертетін асқан керемет дүниелерді көре аламыз. Эрмитаж музейінің барлық залдары әлем асылдарының ордасы сияқты. Осындай асыл коллекциялар бізге сонау тас ғасырынан қазірге дейін дүниеде болған өркениет жетістіктерін тізбектеп береді. Онда біз ерте христиандық кезеңіндегі иконаларды, Алтай қорғандарынан табылған скифтердің асқан бағалы коллекцияларын кездестіре аламыз. Шығыс өнерінің қайталанбас мұралары, сонымен қатар антик заманындағы шеберлердің туындылары осында бір билік құрғандай елестейді.

Алғашқы мәдениеттің мұрағат бөлімі Эрмитажда 1931 жылы құрылған болатын. Жалпы, топтама саны 413 000 ескерткіштерден тұрады. Осыған қарап Эрмитажды дүниежүзіндегі ең ірі археологиялық орталық деп те атауға болады. Бұл топтамалар - КСРО территориясында б.з.д. 430-300 мың жыл бұрын өмір

сүрген адамдардың еңбек құралдары. Бұл экспонаттар тек неолит дәуірінің құралдары емес сондай-ақ мұнда неолит, қола, темір дәуірінің құрал-саймандары да бар. Бұл еңбек құралдары көбіне Армения тауынан табылды. Сондай-ақ Онеж өзенінің шығысынан тасқа салынған петроглифтері де орын алған.

Енді Алтай көшпелілерінің Эрмитажда алатын орнын алсақ, өте құнды материалды дүниелер. Олар – Пазырық қорғандарынан табылған Шығыс Алтай КСРО археологтарымен 1927-1949 жылдар аралығында қазба жұмыстарынан табылған заттар.

### **Батыс Еуропа өнерінің бөлімі**

Бұл бөлімде 630 000-дай экспонат бар, олар кескіндемелер, суреттер, мүсіндер, гравюралар. Италиядан бастасақ, онда Қайта өрлеу дәуірінің алғашқы кезеңіндегі Джотто (1276-1337), Донателло (1386-1466), Мазаччо (1401-1428) шығармалары жинақталып, Эрмитажда көрсетілмеген. Мемлекеттік Эрмитажда Леонардо да Винчи (1452-1519) жұмыстарынан № 214 залда екі кескіндеме шығармасы тұр: – «Мадонна с цветком» және – «Мадонна Литта». Олар төменде көрсетілген.



Қорыта келгенде, тарихи өлкетанудың қазіргі заманда алатын орны өте ерекше. Себебі шежіресі де, трихы да тереңнен тамыр жайған орыс халқының өлкесін еске алу үшін археологиялық, ауызша және тағы басқа деректермен шектелу жеткіліксіз. Талай ғасырдың тарихын, деректерін, қорларын өзіне жинаған музей қазіргі кезде өте құнды, бағалы орын алуда. Музей деректерін пайдалана отырып, кез келген салада көптеген мағлұмат алуымызға болады. Деректер негізінде біз шындықты оқып қана қоймай, оның бізге тәлім-тәрбиесін де ескереміз.

Музейлерден тек өткенді ғана емес, сонымен қатар бүгінгі күннің тарихын да бақылауға болады. Әлемдік аренадағы әсем үлгілердің, қайталанбас туындылардың ерекше үлгілері осы музейде. Оны көріп қызықтауда біз үлкен тарихи, мәдени, әлеуметтік және саяси мағынадағы байлықтарға, адамның жеке тұлға болып қалыптасуына деген үлкен көмегін ескермей кетуімізге болмайды.

Эрмитаж тарихы Романовтар әулетінің тарихымен тікелей байланысты болғандықтан, музейдің қалыптасу барысы Ресей халқының тарихымен ұштасып жатқандығын көреміз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. М.В. Губарева, Н.А. Ионина *100 великих галерей и музеев*. – М., 2005
2. Л.Н.Воронихина *«Государственный Эрмитаж»*. Л., 1983.
3. Е.Н. Грицак, *Эрмитаж*. М., 2005
4. ҚР энциклопедиясы, 7-том.

#### **Сұрақтар:**

1. Эрмитаж музейі құрылысына үлес қосқан архитекторларды атаңыз.
2. Музей қандай ансамбльдік құрылыстардан тұрады?
3. Музейдің тамаша туындыларын атаңыз.
4. Алғашқы коллекциялар қалай жиналды?
5. Музей бөлімдерін атаңыз.

## **22 - т а қ ы р ы п**

### **Мемлекеттік Третьяков галереясы. Мәскеу қаласы**

Третьяков галереясы – Мәскеудегі мемлекеттік ең ірі орыс көркемсурет музейі. Бұл аса ірі коллекцияның негізін қалаған орыс мәдениетінің көрнекті қызметкері мәскеулік коллекционер

Павел Михайлович Третьяковтың (1832-1898 жж.) атымен тікелей байланысты.

Ол жас шағынан бастап сурет өнеріне қатты қызығушылық танытып, батысеуропалық суретшілердің гравюралары мен литографияларын жинай бастайды. Ол Петербургке барған сапары кезінде Эрмитажда сақталған әлемдік өнердің асыл қазынасымен ғана емес, орыс суретшілерінің шығармаларымен танысады. Оған, әсіресе П.А. Федотовтың қала тұрмысынан алынған көріністері бар жанрлық суреттер қатты ұнайды.

П.М. Третьяков осы кезден бастап, өзінің замандастарының еңбектерін жинауды түпкілікті шешіп, 1856 ж. алғашқы– жас суретшілер Н.Г. Шильдер («Искушение») және В.Г. Худяковтардың («Стычка с финляндскими контрабандистами») екі картинасын сатып алады.

Третьяков галереясының тарихы осылай басталды. П.М. Третьяков өз коллекциясы үшін XIX ғ. II жартысындағы ірі суретшілердің ең жақсы шығармаларын таңқаларлық сезімталдылықпен таңдап ала алды. Олар: В.Г. Перов, В.В. Верещагин, И.Н. Крамский, Н.Н. Ге, И.Е. Репин, В.И. Суриков, В.М. Васнецов, И.И. Левитан және т.б. суретшілер.

П.М. Третьяковтың жеке жинағының көлемінде орыс ұлттық өнерінің сурет тарихы өз көрінісін тапты. Ол 70 жылдары жинаған суреттерінің үйдегі бөлмелерге сыймайтын болған соң галереяға арнайы ғимарат салғызып, оны ылғида кеңейтіп отырған.

Галерея жалпы адамдардың көруіне 1881 жылы ашылды. 1890 жылы оған келушілердің саны 50 мыңға жетті.

Третьяков 1892 ж. өзінің суреттер жинағын, оның тұрған ғимаратымен қоса, Мәскеу қаласына сыйға тартты. Ал оның інісі де Сергей Михайлович Третьяков өзі жинаған батысеуропалық коллекциясын Мәскеу қаласына мұраға қалдырды. Музей «Павел Михайлович және Сергей Михайлович Третьяковтар атындағы Мәскеу қалалық сурет галереясы» деп аталып, ал Павел Михайлович оның өмірлік қамқоршысы болды.

1898 жылы галереяның негізін қалаушысы қайтыс болып, музейді Мәскеу қаласының Думасы мен Муниципалитеті сайлаған Кеңес басқарды. Оның құрамына Третьяковтың қызы



А.П. Боткина, көрнекті суретшілер В.А. Серов, М.С. Остроухов, И.Э. Грабарь және т.б. қалалық өзіндік басқарудың өкілдері кірді. А.П. Боткина және оның суретші достары мен галерея Кеңесінің мүшелері өнердің жаңа ағымына қарсы консервативті көзқарастары шенеуніктермен таласып жүріп, музейдің құрамына XX ғ. бас кезіндегі жас талантты суретшілердің еңбектерін қосуға қолдары жетті.

Галереяның сыртқы көрінісі де өзгерді. 1900 жылдың бас кезінде Васнецовтың суреті бойынша қазіргі кездегі тас сыртқы қабаты да соғылған болатын. Фимараттың сыртқы қабатында Мәскеу жерінің ежелгі гербі салынған барельеф безендірілген. Онда жыланды найзасымен шаншып тұрған жеңімпаз Георгий бейнеленген.

Төңкеріске дейінгі музей тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі 1913 жылға жатады. Белгілі суретші және өнер тарихшысы И.Э. Грабарь жоспары бойынша галереяда жаңа экспозиция құрылады.

Бұрынғы кезде кейбір залдарда суреттер «кілем» тәрізді еденнен төбеге дейін тұтас ілінген болса, енді көруге ыңғайлы етіп, ең негізгісі хронологиялық жүйелілікпен, ірі суретшілердің шығармаларын көрсететін залдар мен қабырғаларды бөліп қойған еді. Бұл көрермендерге көлемді жинақтарды өз бетімен қарап, бағдарлап шығуға көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар өнер тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеуге жаңа түрткі болды.

1917 жылы Третьяков галереясының құрамында 4 мыңнан астам экспонаттар болды.

1918 жылы 3 маусымда Третьяков галереясын мемлекет мүлкіне айналдыру туралы Халық Комиссарлар Кеңесінің декреті қол қойған.

Галереяға төңкерістер кейінгі алғашқы жылдары жеке шығармалармен қатар, халық игілігіне айналған тұтас жинақтар қабылдана бастады.

20-30 жылдардың басында мәскеулік Руменцев музейінің, Цветковский галереясындағы көркем сурет және графика жинақтары, 20 жылдардың басында Мәскеуде пайда болған бірнеше кішкене музейлер, сонымен қатар XX ғ. басындағы мү-

сіншілер мен суретшілердің еңбектерінің барлығы осында шоғырланған болатын.

Кеңес кезеңінде галереяның коллекциясы 12 есеге өсті, оның ежелгі орыс өнері бойынша жинақтарының сапасы мен көлемі жағынан әлемде ешкім тең келе алмайды.

Онда сақталған 5000 иконның ішінде аса құнды туындылар Андрей Рублевтің «Троицасы» мен «Богоматерь Владимир» иконасын ерекше атауға болады.

Галереяға Кеңес кезеңінде түскен XVIII-XIX ғғ. бірінші жартысында және XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы сурет өнер шығармалары өзінің құндылығымен ерекшеленеді. Олардың құрамына: П.А. Федотовтың «Световство майора», А.А. Ивановтың «Явление Христа народу», В.А. Серовтың «Девочка с персиками», т.б. шығармалары кіреді.

И.И. Левитанның «Весна – большая вода», В.Г. Перовтың ертеректе салған еңбектері және В.И. Суриковтың көптеген этюдтары және т.б. көптеген суреттер қосылған XIX ғ. II жартысындағы өнер экспозициясы да байи түсті.

Третьяков галереясының жинағына жылда өтетін көптеген көрмелерден суреттер түсіп отырады.

Галереяның ғылыми-зерттеу қызметі өте жоғары дәрежеде десе болады. Мұнда асыл қазыналарды сақтау, қорғау ісі, реставрация бөлімі кең ауқымды жұмыс атқаруда.

Бүгінде бұл галерея келушілері көп ірі музейлердің бірі болып табылады. Мұнда жылына бір жарым миллионнан аса келушілер келетін көрінеді.

**Сұрақтар:**

1. П.М. Третьяков галереясының ашылу тарихы.
2. Галереяның тарихында маңызды картиналар қай жылы сатылып алынған?
3. Ресей халқының өнері үшін галереяның маңыздылығы неде?
4. Шедеврлерін атаңыз.

**А.С. ПУШКИН АТЫНДАҒЫ МОСКВА  
МЕМЛЕКЕТТІК БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ МУЗЕЙІ**

А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік бейнелеу өнерінің музейінде әлем бойынша көркемсурет жинақтарының керемет туындыларын сақтап тұр. 1912 жылы Мәскеу университетінің бөлмесі негізінде қалыптасқан.

Қазіргі таңда музей қоры шамамен 500 000 экспонатты құрайды, онда ертеден бастап қазіргі күнге дейінгі өнер тарихы үйлестіріліп, көрсетілген. Айталық, орта және жаңа патшалық дәуіріне жататын сакрофагтар мен тазалық құралдары және т.б. заттары жиналған ерте египеттік қорлары маңызды болып отыр.

Антикалық өнер туындыларының құндылығын қара және қызыл фигуралы қыш құмыраларымен ұсақ пластинкалары және көптеген мүсіндері де жеткілікті.

Музейдің басты құндылығы болып, танымал ірі шеберлердің картина галереялары табылады. Музейдің кіреберісін византиялық мозайкалар мен икондар және Қайта өрлеу дәуірінің суреттері ішінен Симоне Мартини, Сандро Лоттолардың шығармалары әсемдеп тұр. Үлкен галерея бөлімі, музейге келушілер, алдымен, XVII-XVIII ғғ. өнерімен таныстырады. Мұнда төмендегі шедеврлерді көруге болады. «Вакханалия» атты Питер Паул Рубенстің, «Артаксеркс, Аман и Эсфирь» атты Рембрандтың, «Вид на Эгмонт-ан-Зее» атты Якоб Ван Рейсдалдың, «Ветчина и серебряная посуда» атты Виллем Клас Хедтың, «Ринальдо и Амрида» атты Николла Пуссеннің, «Прхищение Европы» атты Клод Лореннің, «Мадонна с младенцом» атты Франсиско де Сурбаранның, «Девочка прдавщица фруктов» атты Бартоломео Эстебан Мурильоның, «Венецианский дворик» Франческо Гвардидің, «Геркулес и Омфала» атты Франсуа Буштың, «Анромаха, оплакивающая Гектора» атты Жак Луи Давидтің және тағыда басқа танымал тамаша жұмыстар жинастырылған. Сонымен қатар әлемге танымал француз имперсионистер мен постимпрессионистердің бір топ жұмыстары топтастырылған. Оның құрамында төмендегі танымал шеберлер бар: айталық, Клод Моне, Эдуард

Мане, Пьер-Огюст Ренуар, Эдгар Дега, Камиль Писсрао, Альфред Сислей, Поль Сезанн, Винсент Ван Гог, Поль Гоген.

Музей 400 000-нан астам графикалық бейне қорларымен ерекшеленеді, онда Альбрехт Дюрердің, Питер Паул Рубенстің, Рембрандтың, Пьер-Огюст Ренуардың, Анри Матистің, Пабло Пикассоның, Карл Брюлловтың, Александр Ивановтың, Владимир Фаворскидің, Кацусик Хокусайдың және т.б.

Жан Антуан Гудоның, Жан Батист Пигалдың, Этьенна Мориса Фальконенің, Клодиананың, Огюст Роденнің, Аристида Майолдың, Эмил Антуан Бурделдің, Жан Батист Карпоның, Константен Меньенің, Джакомо Манцу сияқты көпшілікке танымал шеберлердің мүсіндері қызығушылық танытады.

**Сұрақтар:**

1. Музей қашан және қалай ашылды?
2. Экспонаттың саны неше?
3. Шедеврлерін атаңыз.

## IV БӨЛІМ

# АЗИЯ МЕН ОРТА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ МУЗЕЙ ҚОРЛАРЫ

### 24 т а р а у

#### Үндістандағы Калькутта музейінің тарихы

Үндістанның ең көне музейінің тарихы, XIX ғасырда Азия қоғамының Калькутта музейінің ашуы жайлы шешімінің қабылдануынан басталады. 1875 жылы Үндістан музейінің ғимараты Вальтер Л.Б. Гренвиль жобасымен салына басталады. Үндістан музейі, кіретін бас есік Чоуринг жақтан үш қабатты, керемет биік бағаналармен көтерілген. Ғимарат Үндістандағы Викторияндық дәуірдің керемет дәрежесіне салынған. Музейге кірген сәтте сол жақ бетте минералдар галереясы орналасқан. Бұл бөлім Үндістанның түгелдей минералдар қорын қамтыған. Бұл галереядан кейін, антропологиялық бөлім басталып, осы залдан жоғарыға көтерілсе Үндістанның түрлі тайпаларының көне диораммалары сақталған. Бас есікке қарама-қарсы археология бөлімі орналасқан. Осы бөлімнің бірінші бөлмесінде б.з.д. II ғасырға жататын Бхархут ескерткішінің қалдықтары қойылған. Бұл ескерткіш тарихы генерал Александр Каннингем есімімен тікелей байланысты, себебі А. Каннингем 1873 жылы Бхархут қалдықтарын көптеген археология ескерткіштер ішінен тапқан. Оны Каннингем Калькуттадағы Үндістан мұражайына береді, Бхархут ескерткішінің қоршауының биіктігі 3м, онда Джатактан келтірілген, Будданың инкорнациясынан үзінділер бірде, маймыл түрінде, бірде елік бейнесінде бейнеленген. Бхархут ескерткішінен кейін, Ганхара ескерткіші көрсетілген. Бұл ескерткіштің бет әлпеті нақты бейнеленіп жасалынбаған. Ескерткіш ағаштан, терракота, тас және темірден жасалынған. Осы галереяның көп-

теген ескерткіштері музейге Каннингемнің жеке қор жинағы көмегімен толықтырылған. Гандхар галереясынан кейін үлкен холлда, түрлі Үндістан аймақтарының мүсіндері қойылған. Мысалы, Буддизм бөлімінде. Амаравати киелісі Будданың туылуына арналған мүсін қойылған. Сонымен қатар индуизм коллекцияларының мүсіндері, Қхарджурахо мүсіні (X-XII ғғ.), Ява мен Камбоджия мүсіндері қойылған. Нумизматика галереясында хронологиялық тізбек бойынша б.з.д. V ғасыр мен б.з. II ғасырындағы тиын ақшалар, грек және араб тиын ақшалары, Гупт дәуірінің тиындары қойылған. Бірінші қабаттағы, зоология бөлімінде Үндістандағы жануарлар мен құстардың мүсіндері орналасса, көркем өнер бөлімінде, Үндістан текстиль түрлері, XVII ғасыр парсы миниатюралары және моңғол көркем өнер туындылары, сонымен қатар, Ақпар дәуірінің көркем өнер туындылары қойылған.

**Сұрақтар:**

1. Калькут музейінің ашылу тарихын атаңыз.
2. Музей бөлімдерін атаңыз.


## 25 – т а р а у

### Будда ғибадатханасы

Ғибадатхананың ағылшын тіліндегі аталуы – Wat Phra Chetuphan Vimolmangklararm Rajwaramahavihari. Аудармасы жатқан Будда ғибадатханасы. I Рама кезінде б.з.б. XVI ғасырда салынған деген болжамдар бар. Ғибадатхана екі бөліктен тұрады: солтүстік және оңтүстік. Солтүстік бөлік, құнды ескерткіштерден тұрса, оңтүстігінде көбіне монахтар өмір сүреді. Будда ғибадатханасында 1000 астам будда бейнесінің мүсіні қойылған. Бір жағынан ғибадатхана мемлекеттің тұңғыш білім орталығы болып саналады. II Рама көптеген діни, ғылым, әдебиетке байланысты еңбектер жазып, шәкірттерін оқытып тәрбиелеген. Ғибадатханадағы үлкен мүсін - Ват По құрылыстың биіктігі 43 метр, ені 15 метр. Бұл Будданың аяғының өзі 3 метрге жетеді және ол өте әдемі безендірілген. Бұл ғибадатхана, бір жағынан, дәстүрлі тай массажының орталығы болып саналады. Яғни, адам денесінің сымбаттылығына арналған кешен деп айтса да болады.



Будда храмы



**Сұрақтар:**

1. Ғибадатхана тарихынан не білесіз?
2. Ғибадатхана басты қанша бөліктен тұрады?
3. Ғибадатхананың атқаратын функциялары?

## 26 – т а р а у

### Қытайдың Ұлттық музейі



Қытайдың ұлттық музейі – келушілерді көп қабылдайтын музейлердің бірі. Ол Пекиндегі Тянь-ан-мен жерінің шығыс бөлігінде Қытайдың мәдениет министрлігінің жанында орналасқан. Музей тарихында өзіне басқа екі музейді қосып алған. Олар – Қытай революциялық музейі және Қытай тарихының ұлттық музейі. Музей өзінің жандануын 1959 жылы бастады. Сол жылы ҚХР біліміне он жылдық мерейтойын атап өткен. Екеуіне де бөлек ғимарат салынды. Ол 313 метр ұзындықты, 149 метр көлемді, 40 метр биіктікті, төрт қабатты құрайды. Пассат он бір бағанамен безендірілген. Қазіргі таңда музей 2010 жылдың екінші ширегінде бітетін жөндеу жұмыстарына байланысты уақытша жабылған. Жөндеу жұмыстары біткеннен кейін музей аумағы үш есеге үлкейтіледі. Яғни оны әлемдегі тарих және өнер музейлерінің ең кереметіне айналдырады. Сонымен қатар жиырма сегіз көрме залы ашылады. Музейде 620 мың құнды экспонаттар бар. Олар мемлекеттің 5 000 жылдық тарихи кезеңін қамтиды. Жеке экспонаттардың тарихқа дейінгі кезеңге қатысы бар. Мысалы, жасы 1,7 млн жыл болған юан – маулық адам. Музейдің маңызды экспонаттар қатарына мыналарды : үш мың жыл болған және салмағы 833 кг. қоладан жасалынған



«жертвенный триножник дин» жатқызуға болады. Қола ыдыс төрт қойдың басының суретімен безендірілген және қыш бұйымдарымен танымал.

Корыта айтқанда, музей – Қытай тарихын қамтитын ірі кешен. Қытай ұлты мен мемлекетінің 6 000 жылдық тарихына қатысты жәдігерлер жинастырылған.

**Сұрақтар:**

1. Қытай ұлттық музейінің ашылу тарихынан не білесіз.
2. Музейдің алып жатқан ауданы қанша?
3. Музей мақтаншы болып табылатын жәдігерлерді атаңыз.

## 27 – т а р а у

### Токио Ұлттық музейі

Токио Ұлттық музей – Жапониядағы өте көне және ең үлкен музей. Көлемі 100 м. кв. жерде 58 корпус орналасқан. Олар Бас корпусы, Шығыс, Хэйсэй, Хорюдзи байлықтары ғибадатханасы және Салтанатты залдардан тұрады. Ұлттық музей Жапон елінің алып мәдениет орталығы болып табылады.

Музей ғимараттары.

Бас ғимарат (Жапон ғимараты) Ұлттық музейде көрме галереясының ашылуынан бастау алады. Архитекторы Дзюн Ватанабэнің басшылығымен салынған. Бұл жерде Жапония мәдениетінің ерте тас ғасырынан, қазіргі заманға дейінгі даму жолдарын көрсететін, тарихи және этнографиялық экспозициялар жинақталған.

Салтанатты ғимарат 1909 жылы ашылды. Архитекторы Токума Катаяма. Бұл корпусты Мэйдзи заманының батыс үлгісіндегі архитектура ескерткіштері жинақталған. Қазіргі кезде музей көркею орталығы болып саналады. Салтанатты корпусты әртүрлі ғылыми семинарлар өткізілді.

Шығыс ғимарат 1968 жылы ашылған. Архитекторы - Есиро Танигути. Шығыс аудандардан табылған археологиялық олжалар осы ғимаратта сақталған. Жапония мен көптеген елдердің қарым-қатынасы және әрбір елдің мәдениет ескерткіштері көп-

теп сақталған. Сонымен қоса Хэйсэй және Хорю-дзи бөлімдері 1999 жылы ашылды.

**Музейдің қалыптасу тарихы.** Бұл музейдің негізі Тай-сэйдэн ғимаратының ғибадатханасында 1872 жылы салынады. Музейде 600-ге жуық экспонаттар сақталған. Император жан-ұясының заттары, елдің байлықтары, әр түрлі ескерткіштер, қолданбалы өнер туындылары музейдің негізгі экспонаттары болып саналады. 150 мыңға жуық адам көрмені аралаған. Мәдениет министрінің қолдауы негізінде салынған музей болып саналады. Кейіннен ол Ұлттық Жапон мұражайы деп аталынды.

Топтамаларға 120 - ға жуық өнердің әр түрлі туындылары, кескіндеме өнер және, мүсін өнері туындылары, металл өнімдері, қару-жарақ, керамика, лакты өнімдер, маталар, археологиялық ескерткіштер, тарихи және этнографиялық ескерткіштер, фото жинақтары топтамасының негізгі жәдігерлері сақтаулы.

**Сұрақтар:**

1. Музейдің ашылу тарихына не білесіз?
2. Музей қанша ғимараттардан тұрады және архитекторларын атаңыз?
3. Музей жәдігерлерінен мақтаньшы болып табылатын бұйымдарды атаңыз?

## 28 – т а р а у

### **Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейі**

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейі – Қазақстанның жаңарған тарихының музейі. Ол Президенттің 2004 жылғы 28 тамыздағы жарлығымен құрылды. Алғашқы келушілерді музей мемлекет басшысының бұрынғы резиденциясының ғимаратында 2005 жылдың наурызында қабылдады.

Музей экспозицияларында айтылатын негізгі идея республиканың мемлекеттік егемендікке қол жеткізуі мен оның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз демократиялық мемлекет құрудағы рөлі болып табылады.

Қазіргі уақытта ҚР Тұңғыш Президент музейінің коллекциясында 116 785 сақтам бірлігі бар, соның ішінде кітапханалық

қор 14 526 дана кітап пен баспа басылымдарынан, мұрағаттық қор 95 055 сақтам бірлігінен тұрады. Музей қорын 7 204 сақтам бірлігі мен материалдары құрайды. Музейде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде келушілердің кез келген санатына арналған шолу және тақырыптық экскурсиялар өткізіліп тұрады.

Музейді кешенді ғылыми-зерттеу, ғылыми-білім беру және мәдени орталық ретінде әрі қарай дамыту мақсатында 2006 жылы 7 желтоқсанда ғылыми-зерттеу, экспозиция-көрме, ақпараттық-баспа, экскурсия қызметін жетілдіру, сонымен қатар музей педагогикасы бағытын кеңейтуді көздейтін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті музейінің 2007-2009 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасы бекітілді.

Музейдің ғылыми-ағартушылық қызметі әр алуан қарым-қатынас жасау арналарынан: барлық деңгейдегі білім беретін оқу орындарымен, қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп өткізілетін дәріс-экскурсиялар, дәрістер, дәстүрлі емес кездесулер ұйымдастырудан, пікірталас клубтарының отырыстарын, тұсаукесер өткізуден көрінеді. Арнайы осы мақсат үшін музей жанында «Тарих беттері» бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін педагогтер кеңесі жұмыс істейді. Белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен үнемі өтіп тұратын кездесулер Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі тарихындағы айтулы даталарға қатысушылармен және көз көргендермен жүздесуге мүмкіндік береді.

Музейді мәдени өмірдің орталығы ретінде көрсететін бірқатар көрме жобаларына бастамашылық жасалды. Оған «Алға ұмтылған Қазақстан» («Казахстан, устремленный в будущее») көрме жобасы мысал бола алады. 2008-2010 жж. есептелген жоба тұжырымдамасы аймақтық музейлер қорынан ұсынылған неғұрлым маңызды тарих және мәдениет артефактілерін көпшілік қауымға таныстыруға бағытталған;

«Мәдениет арқылы үнқатысу» халықаралық мәдени жобасы, бұл жоба аясында музейдің Үндістан Республикасы елшілігімен, Үнді мәдени орталығымен белсенді ынтымақтастығының арқасында «Үнді шеберлігінің әдемілігі», «Мәңгілік өнер. Амрита Шер-Гилдің қайтып оралуы» атты көрмелер ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасындағы Жапония Елшілігімен және Жапон қорымен бірлесіп, «Жапонияның сәндік-қол-

данбалы өнері» көрмесі ұйымдастырылды. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің 3 съезі хатшылығының мәдени бағдарламасы аясында Марджани (РФ), А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік бейнелеу өнері музейі (Мәскеу қаласы), ҚР МАМ «Қазақстан халықтарының рухани даму қоры», Астана қаласында Балалар көркемсурет мектебі - ЮНЕСКО клубы бірлесіп ұйымдастырған «Балалар ертегілер әлемінде» көрмесі ашылды. ҚР-дағы Польша Елшілігімен бірлесіп, «Ұлы дала бейнесі» көрмесі және т.б. ұйымдастырылды.

Көркемөнер галереяларымен және халықаралық ұйымдармен бірлесіп өткізілетін Серіктестік жобалары, «Жаңа Эрмитаж-бір» (Мәскеу қ.) музей-галереясының коллекциясынан ұйымдастырылған «Менің ғаламшарым» атты С. Калмыков жұмыстарының көрмесі, «Has Sanat» галереясымен (Астана қ.) ЕҚЫҰ Орталығымен, ҚР СІМ жәрдемдесуімен ЕҚЫҰ Штаб-пәтерімен (Вена қ.) бірлесіп ұйымдастырылған «ЕҚЫҰ – үнқатысу форумы», музей мен халықаралық «Құлانشы» арт-клубы ұйымдастырған көрме, ҚР-дың РФ елшілігіндегі (Мәскеу қ.) «Н. Назарбаев – ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделінің негізін салушы»; Халықаралық ядролық қаруға қарсы «Невада-Семей» қозғалысымен бірлесіп, қозғалыстың 20 жылдығына орай өткізілген «Ғасырлар таңбасы» тақырыбындағы көрмелер және т.б. ұйымдастырылды.

Музейдің мәдени қызметін іске асырудағы маңызды бағыт республиканың әр алуан өңірлерінде музей қорынан тақырыптық көшпелі көрмелер ұйымдастыру болып табылады. 2007-2009 жылдары музей 7 жобадан тұратын «Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің саяси бастамалары» ғылыми бағдарламасын іске асырды.

Бағдарламаны іске асыру аясында «Мирас» қоғамдық-саяси және ғылыми-көпшілік журналы жарық көріп, оның бірінші санының тұсаукесері 2007 жылдың 5 шілдесінде өтті.

Музей бірқатар ірі ғылыми конференциялар мен «дөңгелек үстелдер» өткізді. Сөйтіп, 2006 жылдың 12 мамырында «Музей және қоғам» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел барысында музей ісін ұйымдастыру мен жетілдіру, мәдени-білім беру үдерісіндегі музейлердің рөлін, қоғамдағы

музейлердің даму келешегін және жеке тұлғаның адамгершілік, рухани қалыптасуындағы мәдени мұраның маңызын анықтау мәселелері талқыланды.

2007 жылы 22 қазанда «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы мен «Ақ Орда» республикалық қозғалысы» қоғамдық бірлестігімен бірлесіп, «Тарихтағы тұлғаның рөлі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Конференцияға шетел мемлекеттері мен Қазақстан Республикасында аккредитациядан өткен халықаралық ұйымдардың өкілдері, партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, шетелдік және отандық ғалымдар, көрнекті саяси және қоғам қайраткерлері қатысты.

Халықаралық ынтымақтастық аясында 2008 жылдың 21 мамырында музейде Әзірбайжанның көрнекті саяси және мемлекеттік қайраткері Гейдар Алиевтің 85 жасқа толуына орай конференция өтті. Конференцияны ұйымдастырушылар «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы, «Қазақстан-Әзірбайжан» достық және мәдениет қауымдастығы, Қазақстандағы Әзірбайжан Елшілігі мен Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейі.

2008 жылдың желтоқсанында Тәуелсіздік күнінің қарсаңында музейде «Мемлекеттілік нышандары» атты қалалық ғылыми-тәжірибелік конференция және «Қазақстанның бірлігі, бүтіндігі және тәуелсіздігі» «дөңгелек үстелі» өтті. Жұмыс барысында егемен мемлекеттің қалыптасуы мен даму тарихының өзекті мәселелері талқыланып, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың айрықша рөлі атап өтілді. «Дөңгелек үстел» жұмысына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімдігінің өкілдері, Парламент депутаттары, белгілі ғылым қайраткерлері, қоғамдық ұйымдар өкілдері қатысты.

2009 жылдың 28 тамызында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті музейі өзінің тұңғыш мерейтойын – құрылғанына 5 жыл толуын атап өтті. Ұжым атына мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардан, отандық және шетелдік музейлерден, көрнекті өнер және ғылым қайраткерлерінен құттықтау хаттары келіп түсті.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті музейінің құрылғанына 5 жыл толуына орай 2009 жылдың 24 тамызында

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейінде «Қазіргі заманғы музей: Ғылым. Дәстүрлер, Инновациялар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияны ұйымдастырушылар: Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Музейі, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қоры, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы.

Конференция музейлер мен ғылыми орталықтар арасындағы қарым-қатынасты күшейтуге, академиялық және музей қауымдықтастарын біріктіруге бағытталды. Ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына Қазақстан, АҚШ, Ресей, Әзірбайжан музей қауымдастығының өкілдері, сонымен қатар ҚР Парламентінің депутаттары, Қазақстан Республикасы министрліктерінің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, көрнекті ғылым және мәдениет қайраткерлері қатысты. Конференцияға 140 өтініш түсті.

2010 жылдан бастап музей 5 жобадан тұратын «Тұңғыш Президент және тәуелсіз Қазақстанның одан әрі дамуы» ғылыми бағдарламасын іске асыруға кірісті.

Музей жұмысының өзекті және қазіргі заманғы бағыттарын көрсететін «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті музейінің 2010-2012 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы» музейдің барлық бастамаларының заңды жалғасы болып табылады. Тұжырымдаманың мақсаты - музей қызметінің барлық бағыттарын одан әрі жетілдіру мен жаңғырту және оны келешекте республика мен жақын шетелдер музейлері арасында жаңа тарихымыздың жетекші ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік орталықтардың бірі ретінде орнықтыру болып табылады.

Бүгінде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Музейі өзін беделді ғылыми-зерттеу, білім беруші және мәдени орталық ретінде көрсете білген ел астанасындағы көз тартар көрікті орындардың біріне айналды.

**Сұрақтар:**

1. Музейдің ашылу тарихы.
2. Музей қандай іс-шараларға басшылық атқарған?
3. Музейдің ғылыми өмірдегі маңыздылығы қандай.

## 29 т а р а у

### Ә. Қастеев атындағы өнер музейі

ҚР Мемлекеттік А. Қастеев атындағы өнер музейі 1976 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясының (1935 жылы құрылған) және Ресубликалық қолданбалы өнер музейінің (1970 жылы қаланған) қоры негізінде іргесі қаланды.

1984 жылы қаңтарда музейге Қазақ ССР Халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімі берілді.

Бүгінде Ә. Қастеев атындағы МӨМ еліміздегі бейнелеу өнері саласындағы жетекші ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту ісіндегі ірі көркемсурет музейі болып табылады. Музейде Қазақстанның бейнелеу өнері, Қазақстанның қолданбалы өнері, шетел классикалық өнері, жаңа дәуірдегі шетел өнері, қорлар, қайта қалпына келтіру, көрме және экспозиция, насихаттау және экскурсиялық қызмет көрсету, ақпарат және баспа ісі сынды 9 ғылыми орталық жұмыс атқарады. Қазіргі таңдағы музейдің қоры өзінің көркемдік деңгейінің жоғарылығымен көптеген әлемдік жинақтардан еш қалыспайды. Музейдің аса бай қорындағы 22500-ден астам кескіндеме, графика, мүсін және Қазақстанның, Ресейдің, Еуропаның, Американың, Шығыс елдері халықтарының қолданбалы өнерінің баға жетпес жұмыстары музейдің негізі қорындағы туындылар болып табылады.

Ә. Қастеев атындағы МӨМ әлемдік мәдени мұраларды сақтау, оларды зерттеу және танытуда маңызды іс шараларды орындайды.

Музейдің тұрақты экспозициясы әрбір халықтың мәдени байлығы мен ерекшелігін көрсететін экспонаттар арқылы әлемдік өнердің негізгі даму сатыларын байқауға болатын тарихи хронология тәртібіне негізделген.

Музейде зерттеу және білім беру ісі белсенді түрде жүргізіліп қана қоймай, сондай-ақ жыл сайын халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар өткізу үрдіске айналған. Музейде өткізілетін қазақстандық, шетелдік суретшілердің көрмелері өнер сүйер қауымның, Алматы қонақтарының ерекше қызығушылығын тудырады.

Музей өз тарапынан жинақтау, сақтау, көрме ұйымдастыру жұмыстарымен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге музей қорын насихаттау және көркемсурет мәдениеті жайлы тұрғындарды кеңінен таныстыру мақсатында ағартушылық жұмыстарын жүргізуді өз алдына мақсат етіп қойған. Жұмыстың басты түрін түрлі жастағы және әлеуметтік топтағы келушілерді белсенді түрде тарту, музей қорының аса жоғары дәрежедегі көркемдік деңгейін көрсету мақсатында тақырыптық және шолу экскурсияларын жүргізу; аса бай иллюстриативтік материалдарды пайдалана отырып лекциялар өткізу қамтиды. Музей жанында Кіші өнер академиясы жұмыс істейді. Бейнелеу, сәндік-қолданбалы өнер тарихына арналған лекциялар 4-5 айға ойластырылған.

Ә. Қастеев атындағы МӨМ ЮНЕСКО жанындағы беделді ИКОМ халықаралық музейлер қауымдастығының мүшесі болып табылады.

**Сұрақтар:**

1. Музейдің ашылу тарихы?
2. Музей қазақ өнер қауымы үшін атқаратын іс-шараларын атаңыз.
3. Ә. Қастеевтың өмірі мен қызметі жөнінде не білесіз?

## 30 т а р а у

### **Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік музейі**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі – тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азия аймағындағы ең көне және ірі музейлердің бірі. Оның қоры 300 мыңға жуық материалдық және рухани мәдениет құндылықтарынан тұрады. Қазір музейде көне дәуірлерден қазіргі заманға дейінгі Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне арналған алты стационарлық зал жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік музейі – Орталық Азиядағы байырғы әрі ең ірі музейлердің бірі. Оның іргетасы 1831 жылы Орынборда Неплюев кадет корпусында Губернатор, Граф Сухтеленнің бастамасымен қаланды. Музейдің ке-



йінгі дамуына жазушы және этнограф-зерттеуші В.И. Даль еңбек сіңірді, бірегей топтамаларды жинақтауға үлкен күш жұмсады. 1920 жылдары музей қорына тағы да екі музей, Жетісу қазақтарының әскери және Республикалық атеизм музейлері біріктірілді.

Музей 1929 жылы Алматы қаласына көшіп, Вознесенск кафедралды соборының ғимаратына орналасты. Сол кезде оған Жетісу облыстық музейінің коллекциялары қосылды.

1985 жылдан бастап, музей Ю. Ратушный, Мустафина және Б. Рзағалиевтің арнайы жобасымен салынған, жалпы аумағы 17557 шаршы метр болатын жаңа ғимаратқа көшірілді.

ҚР ОММ топтамаларында сан ғасырлардың айғақтары мен ескерткіштері қамтылған. Мұндағы сақтаулы экспонаттардың жалпы саны 215972 бірлікті құрайды (оның ішінде негізгі фондта 176 565) экспозицияға (көрмеге) 4383 зат қойылған.

Ежелгі заманнан бастап бүгінге дейінгі Қазақстан тарихы мен мәдениетінен мәлімет беретін төрт экспозициялық зал (палеонтология және археология, этнография, Қазақстандағы диаспоралар мәдениеті және соғыс жылдарындағы Қазақстан (1941-1945 жж.), Егемен Қазақстан жұмыс істейді. Музейде түрлі тақырыптағы көрмелер, музейлік дәрістер, фестивальдар бас қосулар ұдайы өткізіліп тұрады.

2006 жылдан бастап музей ресми түрде ғылыми-зерттеу статусы бар мекеме ретінде қызмет атқаруда. Бұл өз ретінде оның ғылыми-зерттеу (соның ішінде қор жұмыстарын) және мәдени-білім беру жұмыстарын жетілдіре түсуге жаңа серпін берді. Музей ұжымының «Мәдени мұра» Стратегиялық Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді қатысуы - музейдің қазіргі ғылыми әлеуетінің айқын айғағы. Жобалардың көбі ҚР МОМ қорындағы, сондай-ақ Қазақстан мен Ресей мұрағаттарының материалдары және ҚР МОМ қорындағы сақтаулы бірегей экспонаттарға негізделіп отыр. Олар құжаттық дереккөздер жинақтары мен коллекциялар каталогтары түрінде жүзеге асырылуда. Орындалған сегіз жобаның алтауының нәтижелері жалпы көлемі 200 б.т. құрайтын бес кітап түрінде жарық көрді. Ғылыми-қолданбалы зерттеулермен қатар музей ғалымдары Қазақстан тарихы мен мәдениетінің түрлі теориялық-методо-

логиялық, тарихи, этнографиялық, археологиялық мәселелерін зерттеумен де белсенді түрде айналысады.

2008 жылдан бастап музей жаңа ғылыми-қолданбалы зерттеулердің екінші легі – 7 жаңа ғылыми-қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыруға кірісті. Бұлар – бұрын отандық ғылымда зерттелмеген жаңа және өзекті тақырыптар. Жобаларды жүзеге асыру ғылыми айналымға тарихи, археологиялық және этнографиялық аса мәнді тың дереккөздерін енгізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің алғашқы коллекциялары Орынбор музейі жинақтары негізінде қалыптасты. 1831 жылы Орынбор қаласында музейдің құрылуын Қазақстанның бас музейін ұйымдастырудың негізі қаланған уақыт деп есептеуге болады. Орынбор қаласындағы алғашқы музей 1831 жылы Орынбор әскери губернаторы, генерал-адъютант, граф Павл Петрович Сухтеленнің бастамасымен ұйымдастырылды. Граф П.П. Сухтелен 1830 жылдан 1833 жылдың 20 наурызына дейін Орынбор өлкесінің губернаторы болды. Ол замандастарының пікірінше, өлкенің ең үздік әрі білімдар басшыларының бірі болды. Ағартушылық дәуірі талаптарына сай болу үшін ол өз губерниясында «музей» ашуға бел байлап, жаңадан құрылатын мекемеге «көнекөз заттарды» сыйға тарту туралы жергілікті халыққа өтініш білдіреді. Осылайша, 1830 жылдың көктемінде Орынборға келген әскери губернатор П.П. Сухтелен (1788-1833 жж.) қараша айының өзінде-ақ «жас өспірімдерді тәрбиелеуге барынша қызмет ететін және ғылымды, әсіресе Орынбор өлкесіне таратуға жалпы пайдасын тигізетін барлық көне заттарды жинақтау үшін «Музей» құру ісіне кірісіп кетті. Сухтеленнің ойынша, музей қорының негізі ерікті тарту-таралғылардан құралуы керек. Сол себепті ол «көптеген ғылым жанашырларына, білімге құштар жандар мен табиғатты зерттеуші ғалымдарға» көмектесулерін сұрап, өтініш білдірді. Орынбор губернаторының бұл бастамасы көпшіліктің қолдауына ие болып, өлкеде ғана емес, одан тыс аймақтарға да кең таралды. Атап айтар болсақ, Жеке Сібір корпусы штабының бастығы генерал-майор Г. Броневский музейге «қазіргі Қырғыз даласының Қарқаралы округінен табылған, жергілікті тұрғындардың алғашқы қауымдық наным-сенімдерге қатысы болуы мүмкін, тунгус шаманы киімінің

толық үлгісін және металдан құйылған мүсінді» тарту етті. Жәңгір ханның отбасы Шыңғыс хан ұрпағы ақсүйектерінің киімдерін: сәукеле, асыл тастармен әшекейленген барқыт шапан мен жібек көйлектер сыйлады.

Құжаттық материалдар (қазіргі ҚР МОМ қорлары) арасында Екатерина II-нің 1770 жылы Нұралы ханға «оның хандық дәрежесін» бекітіп жолдаған грамотасының көшірмесі, Қазақстан аумағында «заңды» түрде жүргізілген қазақ балаларын құлдыққа сату туралы құжаттарды ерекше атап өту керек. Фотоқұжаттарда мынадай құндылықтар: «жүк артқан түйе» (түг. №379); «қыстау», XIX ғасыр (түг. №1068); «айыр қалпақты ер адам», XIX ғ. соңы (түг. № 12092); «киіз үйдің төл әшекейлері (өрнектер, ағаш қармақ, кереге басындағы жұлдыз), жүн, тоқыма...», XX ғ. басы (түг. № 719); «мақта матадан тігілген, кестеленген ки-мешек», XX ғ. басы (түг. № 13975-4); «жылтыр жіппен кестеленген барқыт қалпақ», XIX ғ. (түг. № 8047) және т.б. көрсетілген.

Орынбор музейінің тағдыры құбылмалы болды. Ол гүлдену кезеңін де, құлдырау кезеңін де басынан кешірді. 1881 жылы Орынбор генерал-губернаторлығы қысқартылған кезде, «...қала біраз қараусыз қалып, жергілікті тіршілік саябырсып қалды». Үкімет қамқорлығынан айырылған музей бірнеше рет орнын ауыстырды. Көшіп-қонып жүргенде бірқатар құнды экспонаттар жоғалды, музей жұмысы іс жүзінде тоқтап қалды. Тек он төрт жылдан кейін ғана, қалада Мұрағат комиссиясы құрылғанда, музей жұмысы жандана бастады. Сондай-ақ, осы уақытқа дейін ортайып қалған музей қоры қайтадан толыға бастады.

1887 жылы Орынбор губерниялық канцеляриясының, Шек-аралық комиссия мен Сыртқы істер коллегиясының өлке тари-хына қатысты мұрағат істері мен құжаттарын жинау және жү-йелеу мақсатында Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы құ-рылды. Мұрағат комиссиясы мен Орыс география қоғамы Орынбор бөлімінің бірлескен қызметінің нәтижесінде, 1897 жылы ОҒМК жанынан жаңа тарихи-археологиялық музей (Ежелгі дәуір құндылықтары музейі) құрылды. Бұл музейде айтарлықтай көлемде ертедегі артефактілер жинақталды. Олар: тиындар, кітаптар, қару-жарақ, минералдар, бұйымдар, археоло-гия және этнография заттарының коллекциялары және т.б. Му-зейде Емельян Пугачевтың башқұрт старшинасы М. Миндиаров-

тың полковник шеніне ұсынылғаны туралы патенттің түпнұсқасы, А.С. Пушкин қаза болғаннан кейін гипстен жасалған маскасы, Пугачев кезеңіндегі лафетті мыс зеңбірек, Прохоров қорғандарының археологиялық экспонаттары және т.б. бірегей заттар пайда болды.

Алайда 1914 жылдың тамызында бірінші дүниежүзілік соғыстың басталып кетуіне және 1917 жылғы екі революцияға байланысты Орынборда жаңа музей ғимаратының құрылысын салу тоқтатылды. Әрі кейінгі жылдардың қым-қуыт қарбаласы музей үшін ауыр тиді. Ал 1918 жылы басталған азаматтық соғыс Орынбор музейінің жұмысын одан әрі құлдыратып жіберді. Осылайша әлеуметтік-экономикалық дағдарыс салдарынан музей жұмысы тоқтап, негізгі қоры талан-таржыға түсті.

1919 жылы 13 қыркүйекте Орынборда Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың біріккен отырысы өтті. Онда музей жұмысын жандандыру мен Офицерлер үйі ғимаратын музейге беру туралы қаулы қабылданды. Осыған орай жеке адамдар мен мекемелерден экспонаттар жинала бастады.

1920 жылдың 26 тамызында Жалпы ресейлік орталық атқару комитеті мен РКФСРО Халық Комиссариаты «Қырғыз (Қазақ) Социалистік Кеңестік Автономиялық Республикасының құрылуы туралы» декрет қабылдады. Осылайша, Орынбор губерниясы Қырғыз Республикасы құрамына кіріп, Орынбор қаласы оның астанасы болды. 1920 жылы қараша айында «Қырғыз өлкесінз ерттеу қоғамы» құрылып, оған бұрыннан ИРГҚ-ның (Императорлық ресейлік географиялық қоғам) Орынбор бөлімшесі мен ОҒМК-ның (Орынбор Ғылыми Мұрағаттық Комиссиясы) мүшелері болып келген ғалымдар кірді.

Кеңес үкіметі кезіндегі Қазақстан музей ісінің қалыптасуы мен дамуы 1921 жылғы ҚАССР Халық ағарту комиссариатының «Орынбор өлкелік музейін Қырғыз өлкесінің Орталық өлкетану ғылыми музейі ретінде қайта құру» туралы қаулысының қабылдануынан басталады.

1921 жылы Орынбор губерниясының Атқарушы комитеті мен Халық ағарту комиссариаты арасында музей қорын өткізуге байланысты жұмыстар аяқталып, актіге қол қойылды. Осының нәтижесінде акт бойынша Қазақстанға ғимаратпен қоса мынадай экспонаттар берілді:

1. Тарих-мәдени бөлім бойынша: а) археология бойынша – 622; ә) нумизматика бойынша – 853 күміс және мыс тиындар, қағаз ақшалар, 45 медаль, 14 жетон, 18 несиелік билеттер; б) қару-жарақтар бойынша – 18 зеңбірек, 14 мылтық, 12 тапанша, 4 жебе, 32 қылыш, 8 сауыт, 3 дулыға; в) этнография бойынша – 18 ұлттық киім үлгісі, 62 бас киім және сәндік бұйымдар, 97 үй керек-жарақтары, 63 қытай және жапон жиһаздары; г) қоғамдық өмір бойынша – 65 фарфор бұйымдары, 16 гравюра, 9 картина, 62 ескі құжаттар. Табиғаттану бойынша: а) геология және минералогия бойынша – 2000, ә) палеонтология – 140, б) зоология – 502, 63 сүтқоректілер, 20 бауырымен жорғалаушылар.

Бұған қоса, Орталық өлкетану музейіне 7356 кітап қоры бар кітапхана да берілді.

Музей бұрынғы Орынбор ер балалар гимназиясының пансионатында орналасты. Ол екі бөлімнен: тарихи-мәдени және «табиғат тарихы заттары бойынша», ғылыми кітапхана мен мұрағат қорынан тұрды. 1921 жылдың соңына қарай сатып алу мен сый-тартулардың нәтижесінде қор 14 татар-башқұрт әйелдерінің киімімен, 31 сарттардың қолданбалы өнер бұйымдарымен, 79 орыстың көркем өнер үлгілерімен, 38 мата үлгілерімен, 13 қырғыз (қазақ) әйелдерінің сәндік бұйымдарымен, 13 үй керек-жарақтарымен, 6 күміс тиынмен толықтырылды. Музей қоры, сондай-ақ қоғам қайраткері А. Байтұрсыновтың Торғай өңірінен әкелген 26 затымен толықты.

Музей Қазақстан Халық ағарту комиссариатына өткеннен кейін Орталық өлкетану музейінің қызметкерлері басты назарды мәдени-білім беру жұмысына аударды. Қала халқын музей экспозициясын тамашалауға шақыру жұмысы да белсенді жүргізілді. Бірақ жұмыстың бұл тәсілі еш нәтиже бермеді. Ұйымдастырылмаған немесе жекелеген музейге келушілер экспонаттарға зиян келтіріп, кейде, тіпті, оларды ұрлап та жатты. Түсіндірме мәтіндердің, маманданған кеңес берушілер мен экскурсоводтардың жоқтығы келушілердің музейге деген қызығушылығын арттыра алмады.

1921 жылы Орталық өлкетану музейінде штаттағы 15 қызметкерден тек 1 қор сақтаушысы, 2 ғылыми қызметкер болды. Соған қарамастан, музей жыл сайын 7 мыңға жуық келушіге қызмет көрсетті. Алайда қаржының тапшылығынан,

музей өз қызметкерлерін Петроград қаласындағы Жоғары экскурсия институтына оқуға жібере алмаған.

1922 жылдың 24 қаңтарында Республикалық Халық ағарту комиссариаты орталық және губерниялық музейлер туралы Ережені бекітті. Ереже жоғарыда аталған музейлердің құқықтары мен міндеттерін және олардың өзара әрекеттесу шарттарын анықтап берді

Ереженің қабылдануы қордың толығына ықпал етіп, Өлкелік музейдің жұмысын жандандыра түсті. Мысалы, музейдің 1922 жылғы есебі бойынша, музей 93 күн жұмыс істеп, 10770 адам қабылдаған.

Бұған қоса, музей қайта құру жұмысын қолға алып, ең алдымен, Ресейдің солтүстігін мекендейтін халықтарға тиісті көрнектер қалпына келтіріліп, экспозицияға қойылды. Палеонтология бөліміне динозаврлардың бірнеше суреттері қойылып, нумизматика қорындағы барлық заттар саналып, есепке алынды.

1923 жылдың мамыр айында, 1922 жылы наурызда құрылған мектепке дейінгі әлеуметтік тәрбие музейі өзінің қызметкерлерімен және 791 с.б. экспонаттарымен бірге Орталық өлкетану музейінің құрамына кірді. Бұл бөлім келесідегідей бірнеше бөлімшелерден тұрды: жазу, оқуға үйрету, қоршаған ортаны, ойын мен сабақты түйсінуді дамыту, балалар еңбегі және мектепке дейінгі балалар тәрбиешілері.

Музей қорларын толықтырумен қатар, қызметкерлер музейдің кітапхана қорын толтыруға да ерекше назар аударды. Кітап қоры сатып алулар және сый-тартулармен толықтырылды. Егер 1923 жылы кітапхана тек 10 кітаппен ғана толықса, ал келесі жылы 171 кітап сатып алынды. 1924 жылы кітаптың жалпы саны 4161-ге жетті.

1923-1924 жж. бастап Орталық өлкетану музейі өзінің қызметтік есептерін Қазақстанды зерттеу қоғамының еңбектерінде жариялай бастады. Осы есепке сәйкес, 1923 жылы музей 190 күн жұмыс істеген, оның 21 күні тек экскурсиялық қызмет көрсетуге арналған, осы күндерде музейге 11303 адам келген. 1924 жылы 227 жұмыс күнінің 25-інде экскурсиялар жүргізіліп, оларға 88001 адам қатысқан.

1923 жылы музейде ұйымдастырылған тақырыптық көрмелер: «Балалар шығармашылығы», «Орынбор өлкесінің та-

биғаты», «Орынбор маңына экскурсия жүргізуге қажетті материалдар» болды. Оларды тамашалаған адамдар саны 16284-ке жетті. Олардың әлеуметтік құрамы негізінен оқушылар, мұғалімдер және балалар үйінің тәрбиеленушілері болды. Бұғанқоса, осы көрмелер кезінде мынадай тақырыптарда дәрістер өткізілді: «Экскурсияның рөлі мен мәні», «Орынбор маңы жануарларына жүргізілетін экскурсия», «Өсімдік материалдарын өсіру және жинау тәсілдері».

1924-1925 жж. Мәскеудің нұсқауы бойынша, Орталық өлкетану музейінде колөнер өндірісі және ауыл шаруашылығы бөлімдері ашылды. Осыған байланысты музей қызметкерлері ауыл шаруашылық өнімдері түрлерін жинай бастады, оларды ерекше өңдеу үшін шағын шеберхана-зертхана ашу керек болды. Жаңадан ашылған бұл бөлімнің экспонаттары Қазақстанда өсірілетін дәнді дақылдардың түрлерімен таныстырды. Осы жылдар ішінде жеке адамдар мен ұйымдардан музейлік маңызы бар 1208 зат сыйға алынған. Жалпы музей қоры 9751 экспонаттан тұрды: тарихи-этнографиялық бөлімде 5370 экспонат, табиғаттану бөлімінде 2984, индустрия, колөнер және ауыл шаруашылығы бөлімінде 381, әлеуметтік тәрбие бөлімінде 1016 экспонат. Түрлі себептермен 40 экспонат бүлініп, есептен шығарылды. Музейдің кітапхана қорында 391 кітап болды. Оның 186-сы сатып алынды, 205-і сыйға тартылды. Кітаптардың көпшілік бөлігін Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы сыйға берді.

Орталық өлкетану музейінің 1924-1925 жж. жұмысы жайлы музей жетекшісі былай деп жазды: «Музей мәдени-ағарту мекемесі ретінде халыққа қызмет көрсетуде келесі көрсеткіштерге қол жеткізді. Ағымдағы жылы музей 191 күн жұмыс істеді, оның 22 күнінде экскурсия жүргізілді. 1925 жылдың 1 наурызынан бастап экспонаттарды ұрлауды жою мақсатында үлкендердің билеті 5 тиын, балалардікі 3 тиын болды. Осы жылдар аралығында барлығы 7013 адам қатысқан 190 экскурсия жүргізілді. Экскурсанттар құрамында Жалпықазақ съезі мен Халық ағарту саласы қызметкерлерінің I Жалпықазақ съезі делегаттары т.б. болды. Орталық өлкетану музейінің ұйымдастыруымен 1924 жылдың 23 қазаны мен 31 желтоқсаны аралығында өткізілген «Алғашқы жалпықазақ басылымы» көрмесі Орынбор өлкесі үшін айтулы мәдени оқиға болды. Бұл

көрмеде кеңестік басылымдармен бірге контрреволюциялық басылымдар да қойылды. Көрме жергілікті қазақстандық басылымның дамуын көрсете отырып, бүкіл әлемдегі баспа ісінің дамуының да куәсі болды. 1,5 айға созылған көрмені 11895 адам тамашалады». Нақтырақ айтсақ, музей экспонаттары сақтау түрлеріне қарай іріктеліп, арнайы тіркеу кітапшасына кіргізіле бастады. Экспонаттарды зиянкестерге қарсы арнайы өңдеуден өткізу жұмыстары жүргізілді.

Елдегі ауыр экономикалық жағдай, қызметкерлердің төмен жалақысы, олардың әлеуметтік қамтамасыз етілмеуі, музей қызметкерлерінің жоғарыда аталған бастамаларды жалғастыруы мен басқа да қызметтеріне кедергі келтірді. Мысалға, 1923-1925 жж. бөлім жетекшілері бірнеше рет ауысты, ал музей қызметкерлерінің негізгі бөлігі бірнеше жұмысты қоса атқарды.

Мамандардың жетіспеушілігі, Орталық өлкетану музейін қаржыландырудың тапшылығы музей ісінің мамандарын даярлауға және оларды Мәскеу мен Петроградта біліктілігін арттыру курстарында қайта даярлауға мүмкіндік бермеді.

1926 жылы Мәскеуде музей қызметкерлерін қайта даярлау курстары ашылды. Осыған орай Одақтас республикалардағы барлық музейлерге өз мамандарын курсқа жіберу туралы хаттар жіберілді. Алайда Орталық өлкетану музейінің кеңесі сол жылдың 7 сәуірінде: «Тиісті қаржыландырудың жоқтығынан, қызметкерлер жалақысының төмендігі және олардың қосымша жұмыстарға қамтылуы себебінен, біз қызметкерлерімізді Мәскеуде ашылған курстарға жібере алмаймыз» деген қаулы қабылдады.

1925 жылдың 15-19 сәуірінде Республиканың жаңа астанасы Қызылордада Қазақстан кеңестерінің V съезі өтті. Съезд халықтың тарихи «қазақ» атауын қайтарып, республиканың атауын Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы атауына ауыстырылды. Ұлттық-территориялық межелеуге байланысты Орынбор Ресей Федерациясына қарады. Ал республиканың барлық басқару органдары Қызылордаға ауыстырылды. Алайда керекті ғимараттардың болмағандығынан көптеген мекемелер, Орынборда қалды. Осыған байланысты өз қызметін аяқтау мақсатында, музей 1926-1927 жж. жұмыс жоспарын құрады.



Бұл туралы музей басшысының 1925-1926 жж. арналған есебінде мына жайлар аталады: «Мемлекеттік ұйымдардың және Қазақстанды зерттеу қоғамының жана астанаға көшірілуі музейдің жұмысында және басшылығында белгілі бір қиындықтар туғызады. Өйткені, музейдің көшірілуіне белгілі бір уақыт керек, сол себепті белгіленген жоспарларды толық көлемде орындау мүмкін емес. Орынбор қалалық атқару мен Ағарту комитеті арасындағы қорларды бөлуге байланысты даулармен қатар ғимаратты жергілікті музей үшін босатуды талап ету музей жұмысын қатты баяулатты. ОӨМ ғимаратының ауданы 5249,17 ш.м болғанмен, музей оның тек 1453,86 ш.м-ғана алып отыр. Музейді басқару органдары алыста болғандықтан, музейдің ғылыми-зерттеу қызметін бюджеттен жеткілікті қаржыландыру жоспарланған жоқ. Осы уақыт ішінде, қор толықтыру мақсатында, тарих-этнография бөлімінің меңгерушісінің бірғана Ақтөбеге іс сапары жүзеге асырылды. ОӨМ Қызылордаға көшіру мәселесінде белгілі бір айқындық болмағандықтан, жүргізілген экскурсиялардың сапасы да төмендеді. Музейде ұйымдастырылған 182 экскурсияға 6041 адам қатысты. Музей қызметкерлерінің экскурсияларға сапасыз даярланғандығынан және экскурсияларға түсіндірме беруші мұғалімдердің дайын болмауынан көрермендердің экспозицияларды қабылдау сапасы нашарлады».

Орынбор қаласы РКФСРО құрамына кірген күннен бастап, Орынбор губерниялық Атқару комитеті ОӨМ қорынан тақырыбы жағынан Орынбор өлкесіне қатысты, мәні зор, құнды экспонаттардың жартысын талап ете бастады. Музей бөліп берген экспонаттардың біразы Орынбор губерниялық Атқару комитетінің сұраныстарын қанағаттандырмағандықтан бұл өзекті мәселені шешу Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетіне жүктелді.

ОӨМ Қазақстан табиғатын, тарихын, этнографиясын және шаруашылығын экспозициялайтын бірден бір мәдени мекеме болып табылатындықтан, Орталық Атқару комитеті 1925 жылғы 13 шілдедегі Президиум отырысының шешімімен музейді Қазақстан юрисдикциясында қалдырды.

1929 жылы 4 қаңтарда басталған көшуге байланысты дайындық жұмыстары 20 наурызда аяқталды. Нақ осы күні

музей директоры «Орынбордағы Қазақстанның Орталық Өлкелік музей жұмысының аяқталуы» туралы бұйрық шығарды.

1929 жылы шілдеде Қазақстан ОӨМ Алматыға толық көшіп келді және Вознесенский кафедралды шіркеуінің ғимаратына орналасты. 13 шілдеде музей кеңесінің отырысы Қазақстанның Орталық Өлкелік музейін Қазақстанның Орталық музейі деп атау туралы шешім қабылдады.

1930 жылы жарыққа шыққан «Қазақстанның Орталық музейінің жаршысы» бірінші санынан бастап Қазақстан музейлері мен басқа да республикалық музейлер арасында ынтымақтастықты жолға қоюда маңызды рөл атқара бастады.

Жетісу өлкелік музейінің барлық қорлары және қызметкерлерімен бірге, 1931 жылы Қазақстанның Орталық музейі құрамына кіруі Қазақстанның музей құрылысындағы айтарлықтай оқиға болды. Қазақстанның Орталық музейінің барлық бөлімдері Жетісу музейінің бөлімдері негізінде қайтадан құрылды. 1931 жылы осыған байланысты, қорларды жергілікті экспонаттармен толықтыру мақсатында, Алматы, Шелек, Асы, Сырдария және Шу өзендерінің жағалауларына музейден экспедициялар жіберілді. Олар көптеген экспонаттармен оралды. 1932 жылы жинастырылған экспонаттар негізінде музейдің барлық экспозициялары қайтадан құрылды, экспозициялардың бөлімдеріне таныстыру мәтіндері жазылды және экспонаттар қайта қалпына келтірілді. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде музейге келушілер саны айтарлықтай өсті. Мәселен, осы жылдың алғашқы айларында келушілер саны 36 мыңға жетті.

1935 жылы Орталық музей Қазақ АССР-ның 15 жылдығына дайындық барысында барлық экспозицияларды қайта құрды. Музей экспозицияларының бұл жаңа бөлімдерін КСРО халықтары музейінің әдістеме бөлімі бекітті. Музей қызметкерлері Қазақстанды зерттеу Қоғамы ұйымдастырған экспедиция құрамында көшпелілер тұрмысы туралы материалдар жинау мақсатымен, Оңтүстік Қазақстанның Шәуілдір ауданына барып қайтты. Сол жылы ҚазМУ және ҚазПИ профессорлары көмегімен тарих бөлімі ашылды. Енді музейде тарих, жаратылыстану, табиғи және өндірістік күштер, революция тарихы, социалистік құрылыс, көркем, КСРО Қарулы күштері, археология бөлімдері пайда болды. Музей осы жылы қала мен

төңіректегі ауылдардың мектеп оқушылары үшін экскурсиялар ұйымдастыруды жоспарлады мектеп пен музей арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге арналған арнайы комиссия құрылды. Мұнымен қатар музей қызметкерлері мектеп оқушыларына арналған «Музей сабақтарын» ұйымдастыруды жоспарлады. Бірақ әртүрлі себептермен бұл комиссияның жұмысы нәтижесіз болып, ол өз ретінде, аталған істерді жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді.

1936 жылы мамырда Қазақ АКСР ОАК Президиумы «Қазақстанның Орталық музейінің жұмысы туралы» есебін тыңдай келіп, мынандай қаулы қабылдады: Орталық Мемлекеттік музей соңғы жылдары жылына 70 мыңға жуық келушіге қызмет көрсетіп отырған айтулы мәдени-ағарту мекемесіне айналды. Экспонаттарды зерттеу бойынша құжаттардың өлкетану үшін маңызды танымдық рөлі бар. Музейдің осындай көрсеткіштерімен қатар, өз жұмысында бірқатар кемшіліктері де бар. Олар: экспонаттарды жеткіліксіз жинау, социалистік құрылыс жоспарын орындаудағы артта қалушылықтар. өңірлік облыстық пен аудандық музейлерге басшылық жасаудағы кемшіліктер және музейаралық байланыстардың әлсіреуі және т.б.

1937 жылы Орталық музейдің қызметкерлері музейлердің жұмысымен танысу және байланыстар орнату мақсатында Мәскеу, Ташкент, Самарқанд, Самара, Саратов қалаларына іссапарларға жіберілді. Іссапарлар нәтижесінде музей экспозициялары музей ісіндегі соңғы өзгерістерге байланысты қайтадан құрылды. Қорытындысында 277 жұмыс күнінде музейге 98 370 адам келді. 490 экскурсияға 14 822 адам қатысты. Осы жылы музейдің көрмелері «Сталиндік конституция» тақырыбына сәйкес өткізілді. Басқаларын санамағанда, тек осы көрмелерге ғана 18 188 адам келді.

Есепті 1938-1939 жылдары Орталық музей өз жұмысында халық шаруашылығын дамытудың бесжылдық жоспарына сәйкес экспозицияларды жаңа экспонаттармен толықтыра отырып, оларды қайта құрды. Музейдің қызметкерлері Шығыс, Батыс, Оралық Қазақстанға жасалған іссапарлар нәтижесінде музей қорын Абай Құнанбаев өмірі мен шығармашылығы, ұлт-азаттық қозғалысының басшылары Исатай Тайманов және Амангелді Иманов туралы экспонаттармен толықтырды.

1940 жылы экспозициялардың бөлімдері жаңартыла отырып, 36 тұрақты және уақытша экспозициялар мен 195 экскурсия ұйымдастырылды. Кітапхана қоры 16840 бірлікке жетті, оқырмандарға қызмет көрсетуге қолайлы болу үшін кітапханада 9 тақырыптық бөлім құрылды.

1941 жылы Орталық музейге Дін және атеизм музейі қосылды, бұл музей қорын айтарлықтай толықтырды. Музей жұмысы жалпы халыққа танымал болуы үшін 1944 жылы ол Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік музейі деп аталды. Музей қорын Қарғалы қазынасының алтын бұйымдары, скиф-сақ алтынының мол коллекциясы, С. Торайғыровтың жеке мөрі, Ы. Алтынсариннің қолы қойылған мақтау қағазы, Тұрағұлдың әкесі Абай туралы қолжазбасы, «Айқап» журналының бірінші нөмірі, А. Иманұлының винтовкасы, Шоқан Уәлихановтың, Жаяу Мұсаның, Әміре Қашаубаевтың, Әліби Жангелдиннің, Сәкен Сейфуллиннің, Күләш Байсейітованың және басқалардың жекезаттары, сондай-ақ суретші Н.П. Хлудовтың шығармаларының толық жинағы толықтырды.

Орталық Мемлекеттік музей кейінірек те өзінің қалыптасуы мен дамуында елеулі оқиғаларды басынан өткізді, негізгі мәдени-ағарту және ғылыми мекемелердің бірі ретінде республиканың дамуына баға жетпес үлес қосты. Бұл мәдени мекеме өз қызметін XIX ғасырда бастап, XX ғасырдың барлық толқу-күйзелістерін басынан кешіре отырып, Республиканың басқа музейлерін ұйымдастыру мен дамыту ісіне де қатыса келе, халыққа қызмет көрсетуден қол үзген емес. Ол Орынбор, Қызылорда, Алматы кезеңдерін басынан кешіріп және өлкенің археологиялық, этнографиялық, географиялық байлықтарын зерттеуде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізе отырып, жұртшылықты елдің тарихымен кеңінен таныстырды. Музей ісін дамытуда және музейдің әлеуметтік қызметтерін кеңейтуде Кеңес мемлекетінің заңнамалық құжаттары маңызды рөл атқарды. Өткен кезеңдегі мемлекеттік саясаттағы тоталитарлық өктемдікке қарамастан, республиканың Орталық музейі елдің маңызды ғылыми, білім беру, ағарту, мәдени ошағы болып қала берді.

Отандық музей тәжірибесінде алғаш рет «Қола дәуірінің андроновтық әйелі»; Қаңлы әйелі б.з.д. I ғ.-б.з. IV ғ.; Қыпшақ жауынгері б.з. IX-XI ғғ.; Сюнну жауынгері б.з. II-III ғғ.; Ғұн

жауынгері б.з.д. V – III ғғ. костюмдері мен аксессуарларының ғылыми реконструкциялары жүзеге асырылды.

10 жыл көлемінде, барлық қиындықтарға қарамастан, музей ілгері қадам басып, заманынан қалыспай, даму үстінде болды. Музей ұжымы қор коллекцияларын электрондық каталогтау және паспорттау бойынша «Музеолог» бағдарламасын құру және енгізуге жұмыла атсалысты. ЮНЕСКО бастамасымен қолға алынған бұл жоба - отандық музей ісіндегі алғашқы тәжірибе.

Музейдің тарихы үшін 2005 жылдың орны ерекше. Музей алғаш рет Білім және ғылым министрлігінің ашық байқауына қатысып, ғылымның түрлі салалары – этнология, тарих, археология, деректану және музейтану бойынша 7 ғылыми-зерттеу жобасын (қолданбалы зерттеулерді) жүргізу құқығын жеңіп алды. Осы жылы кешенді аттестациялау нәтижесінде, Орталық музей ғылыми-зерттеу мекемесі мәртебесіне ие болды. 2006 жылдың қаңтарынан бастап, еліміздегі осындай мәнді дәрежеге қол жеткізген бірінші және жалғыз музейлік мекеме ретінде қызмет ете бастады. Ғылыми мекеме мәртебесі, ең алдымен, музейлік жұмыстың: ғылыми-зерттеу, мәдени-біліми, қорлардағы, экспозициялық және де көрме құру ісін дендеп дамытуға соны серпін берді. Сондай-ақ музей еңбекақы бойынша жоғарырақ категорияға өту мүмкіндігіне ие болды. Қолданыстағы заңға сәйкес, ғылыми дәрежесі бар қызметкерлерге дәрежесі үшін тиісті үстеме ақы белгіленді. Бұл өз ретінде Музей мамандарының сапалық деңгейін арттырды. 2007 жылы тағы бір музейлік жоба, ірі экспозициялық кешен – «Антропология музейі» ашылды.

Залдың экспозициясы тамаша диорамалармен, қазақтың ұлы хандарының антропологиялық қалпына келтірілген бюсттерімен, сақ дәуірі моласының диорамасымен және т.б. келушілердің назарын аударады. 2008 жылы музейдің кітап қоры негізінде ҚР МОМ жанынан 50 мың кітап пен қолжазба қоры, олардың ішінде хронологиялық жағынан орта ғасырлар мен жаңа тарихи дәуірге жататын сирек басылымдары бар Ғылыми кітапхана құрылды.

Жаңа технологиялар мен коммуникациялар саласында қарқынды дамуымен ерекшеленетін ХХІ ғасыр мәдени-біліми мекемелердің алдына бірыңғай ақпараттық және білім беру

кеңістігіне ену міндетін қояды. Ол үшін музейлер жұмысының мақсаттары мен міндеттерін, әдістерін толығымен қайта қарау керек. Осыған орай, музей өзінің екі негізгі ғылыми-зерттеу және мәдени-біліми қызметін тиімді орындауының басты шарты және негізгі факторы болып табылатын ғылыми базаны қалыптастыру және оны күшейтудің стратегиясын жасады.

**Сұрақтар:**

1. Музейдің ашылу тарихы жөнінде не білесіз?
2. Музейдің қазақ тарихы үшін маңыздылығы.
3. Бөлімдерін атаңыз.
4. Музей мақтанышы болып табылатын бұйымдарды атаңыз.

## 31 т а р а у

### Түркменстандағы Әмудария мемлекеттік музейі

Әмудария мемлекеттік мұражайы 5 жыл бұрын 2005 жылы ашылған. Содан бері бұл жер Сейди қаласындағы мектеп жасындағы және мектепке дейінгі балаларды қызықтыратын жақсы жерлердің бірі. Олар музейдің жиі келетін келушілері және олар бұл жерге сыныппен экскурсияға ғана емес, өздерінің бастамасымен келеді. Себебі бұл жерде оларды таңғажайып және құпия табиғат әлемі күтіп тұрады. Мереке күндері музейге Дайхан бірлестігінен қонақтар келеді. Бірінші минуттардан бастап экспозициямен танысушылар таңғажайып жабайы табиғат әлеміне енеді. Телеграф бағаналарында отыратын жыртқыш құстарды жиі көруге болады. Музейде алпыс құстың экспонатын, сүтқоректілерді кездестіресіз. Солардың арасынан көп кездесе бермейтін жыландар: бойга, летаринх және кәдімгі барлығы білетін стрелка жыланы, Түркіменстанның қызыл кітабына кіретін саршұнақ, өзгеше бекіре балықтары кездеседі.

Келушілер көп уақытын әсіресе балалар жәндіктер коллекцияларында өткізеді. Біз мүлдем байқамайтын кішкентай әлемді өздері үшін кездейсоқ және алуан түрлі етіп көрсетеді. Тек осы жерде Түркіменстандағы жалғыз, мүмкін әлемдегі жалғыз бұғының мүйізінің бай коллекциясын көруге болады. Көптеген суреттерде ландшафтық әртүрлі суреттер бейнеленген.

Осындай әдеміліктің жанында қарақшылықпен салқын қару адамзаттың ұяты мен ауруы іспеттес болды. Осындай экспонаттар “Тірі табиғатты қорға! Тек ол музейлік сирек затқа айналып кетпесін!” деген сөздер айтып тұрғандай сезіледі.

**Сұрақтар:**

1. Музейдің ерекшелігі неде?
2. Музейдің Түркімен халқы үшін маңыздылығы неде?

**Түркменстандағы Гурбангулу Бердімұхаммедов музейі**

Ашхабадта Түркменстанның президенті Г. Бердімұхаммедов музейі 2007 ашылды. Бұл музейдің ашылуы президенттің 52 жасқа толған күніне байланысты 29 маусымда ашылды. Жаңа музейді парламент басшылары, билік басындағылар, қоғамдық қорлар басшылары барып шықты. Экспозиция залдары алты бөліктен тұрады. Оларға: “Ұлттық демократия мерейтойы”, “Мемлекет адам үшін”, “Қайта өрлеу мен ұлы өзгерістер заманы”, “Мемлекеттік құрылыстың негізі”, “Ұлттық туризм және Спорт” Музейге, сонымен қатар президенттің иноугурация кезіндегі ақ кілем, сачак, қолчан сақталған. “Рухнамуды” бұрынғы президент Сапармұрат Ниязовтың иноугурация кезінде пайдаланылған қасиетті кітабы экспозициға алынбаған.

Г. Бердімұхаммедов 2007 жылы Түркменстанның бұрынғы президенті С. Ниязовтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты сайланған болатын. Президент болғаннан кейін ол мемлекеттік жұмысқа белсене кірісе бастады, халық кеңесінің басшысы болды. Кейіннен халық кеңесі тарады, ал оның маңызды өкілеттілігін Бердімұхаммедов алды. Президент, сонымен қатар “Галыкныш” қозғалысын және елдегі жалғыз саяси партияны басқарды.

**Сұрақтар:**

1. Музейдің ашылу тарихы?
2. Музей қандай залдардан тұрады?
3. «Рухнамуд» дегенді қалай түсінесіз?

## Өзбекстанның мемлекеттік өнер музейі

1. Өнер музейінің құрылу тарихы
2. Өзбекстандағы Орта Азия музейі.



Өзбекстанның өнер музейі – 1918 жылы Халықтық музей, кейіннен Орталық көркем өнер музейі, 1924 жылы Ташкенттің өнер музейі, 1935 жылы Өзбекстанның өнер музейі болып қаланды. 1918-1935 жж. музей Ташкентте князь Н. Романовтың сарайында, 1935-1966 жж. Халық үйі ғимаратында орналасты. 1974 жылы осы орында жаңа ғимарат салынды. Архитекторлары: И. Абдулов, А.К. Никиоров, С.А. Розенблюм. Ғимараттың ішіне жарық түсіру мақсатында төрт жағынан да терезелері мол етіп салынған.

Бастапқыда музей коллекциялары князь Н. Романовтардың 100 шығармашылық өнерінен, орыстың және шығыс-еуропалық шеберлерінің кескін өнерінен, мүсін өнер шығармаларынан тұрды. 1920-1924 жж. музей XVIII ғ басындағы XX ғ соңындағы 116 орыс өнер шығармаларын алды. Олар: В.Л. Боровиковскийдің, В.А. Тропининнің, К.П. Брюллованың, Н.А. Ярошенконың, И.Е. Репиннің портреттері болды.



XX ғасырдың 30 жылдары музей коллекциялары Өзбекстанның суретшілері шығармаларымен толықтырылды.

Музейдегі коллекциялардың қатарындағы суреттер: А.Ф. Беллоли «Купальщица», В.Л. Борониковский «Портрет Е.А. Волконской», Д.Г. Левицкий «Портрет Е.А. Воронцов», Н.Н. Каразин «Соколиная охота», Н.А. Ярошенко «Выгнали», И.Е. Репин «Портрет Н.И. Репиной» сияқты көркемсуреттер мен автопортреттер қойылған.

## 2. Орта Азия музейі.

Орта Азия мемлекеттерінің бірі Өзбекстан болып саналады. Өзбекстан музей экспозициялары көрермендерге Орта Азия өркениетінің даму тарихын көрсетеді. Алғашқы мемлекеттердің пайда болуынан қазіргі заманға дейінгі көрінісін көрсетеді. Көптеген экспонаттар мемлекет аралық беделге ие. Олардың арасында б.з.д. IV-Ү ғғ. қола саксондық котель жануарлардың бейнесімен безендірілген. Сурхандария ауданында табылған будда мүсіні музейдің құнды коллекцияларының бірі. Ежелгі маталар және қыш ыдыс коллекциялары ерекше орынға ие. Музейде 250 мың экспонаттар сақталған. Археология, этнография, нумезматика жинақтары және өнер туындылары бар. Шығыс өркениетінің ерте ошақтарының бірі Өзбекстан екенін музей экспонаттары дәлелдейді. Мұражай сонымен қоса сирек кездесетін мұрағат материалдарымен, қолжазбаларымен, тарихи құжаттарымен, фото галереясымен белгілі. Фото галерея өзбек халқының тарихының маңызды кезеңдерін бейнелейді. Әмір Темір әулеті дәуірі экспонаттардың құндылығын арттыра түседі. Жоғарыда аталған күллі түркі дәуіріне қатысты көнеден сыр шертетін құнды әрі бай қорлар орта ғасыр өркениетінің даму көрінісі болып саналатындықтан тек өзбек жұртының мұрасы болып қоймай, жалпы Түркі әлемінің теңдесі жоқ дүниелерінің орталығы деп айтсақ артық болмас.

### **Студенттердің білімін жетілдіруге арналған сұрақтар:**

1. Музейдің ашылу тарихы?
2. Музей коллекцияларының жинақталу тарихын атаңыз ?
3. Музей мақтаншы болып табылатын өнер туындылары атаңыз?

## 33 т а р а у

### Тәжікстан Ұлттық музейі

1934 жылы халықтың шаруашылық жетістіктері көрмесі негізінде Душанбе қаласында құрылды. Сол кезде 530 экспонаттан тұрса, қазіргі кезде 50 мың экспонаты бар. Ресей Федерациясының тарихи және өнер музейлері негізінде салынған болатын. Музей XV-XVI ғасырдағы ұлы шеберлердің бірі К. Бехзода атымен аталған. Қазіргі таңда музей Тәжікстан Мәдениет Министрі қамқорлығында. Аталмыш мәдени орталық 1999 жылы Ұлттық музей деп атала бастады. Тәжікстан тарихы, мәдениеті, табиғаты бойынша 50 000 экспонаттан тұрады. Коллекциялар ішінде нумизматика коллекциясы ерекше орын алады. Коллекцияда ислам дәуіріне дейінгі және ислам дәуіріне қатысты ақша монеталары көптеп сақталған. Сонымен қоса этнографиялық үлгідегі қазба жұмыстары кезінде табылған коллекциялар да жеткілікті. Музей экспозициялары үш қабаттан тұрады. Бірінші қабатында Тәжікстан табиғаты мен аз кездесетін өсімдіктер, құстар, фауна түрлеріне байланысты коллекциялар жинастырылса. Екінші қабатында археология және этнографиялық коллекциялары. Үшінші қабатында Президент саясатына байланысты құнды экспозициялар топтастырылған.

#### Сұрақтар:

1. Музей қашан және қандай негізде құрылды?
2. Қай жылдан бастап Ұлттық музей деп жарияланды?
3. Музей бөлімдерін атаңыз?

## 34 т а р а у

### Ұлықбек обсерваториясы және мемориалдық музейі

Ұлықбектің обсерваториясы және мемориалдық музейі «Куханың түбінде Ұлықбек мырза астрономиялық кестелер құру мақсатымен биік ғимарат салады», – деп жазады Заһириддин Бабур.

Кухак төбесінде, Ұлықбектің тапсырысымен 1428-1429 жж. кереметтілігі дүниежүзінде кездеспейтін обсерватория құрылысы жүреді.

Ұлықбек ғимарат құрылысына, «сол заман Птолемейі» Алауддина Али ибн-Мұхаммедті (Али Кушчи), «сол заман Платоны» Салахуддин Мұса ибн-Мұхаммед Қазы-Заде-Румиді көмекші ретінде шақырды. Сонымен қатар обсерватория медресе қызметін де атқарды. Медреседе Ұлықбек сабақ берді деген мәліметтер бар.

Ұлықбектің әлімінен кейін, обсерватория жұмысын тағы 20 жыл жүргізеді. Алайда 1469 жылы Самарқанд басшысы Абу Сайдтың өлімінен кейін астрономдардың халі нашарлап, Али Кушчи шәкірттерімен Гератқа көшуге мәжбүр болады. Одан кейін оны Стамбулға шақырып, Али Кушчи Ұлықбек обсерваториясында жасаған астрономиялық кестелерді 1650 ж. Еуропада жарыққа шығарады.

Обсерватория XVI ғасырға дейін жалғастырып, кейін керемет ғимарат орнында тастар ғана қалады.

XX ғ. Самарқанд археологі В.Л. Вяткин жүргізген қазба жұмысы нәтижесінде обсерватория орны табылып, қайта жөндеулер жұмысының нәтижесінде дөңгелек ғимарат диаметрі 46-40 м, биіктігі 30 м. болғанын көрсетті.

1964 жылы обсерватория жанынан Ұлықбектің мемориалдық музейі ашылды. 2010 жылы музей жанында Ұлықбек мүсіні ашылды.

**Сұрақтар:**

1. Ұлықбек обсерваториясы жөніндегі алғаш жазба деректі ата.
2. Құрылысы мен құндылығы атаңыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі. – Алматы: Өнер, 2009.
2. Сто Великих музеев мира. - М; Вечер, 2006
3. *Юренева Т.Ю.* Музееведение. - М., Академический проект, 2003.
4. Музееведение. Музеи мира. Сб. Научных трудов. - М., Галарт, 1994.
5. *Грицкевич В.П.* История музейного дела до конца XVIII века. Санкт-Петербург, 2001.
6. Музееведение. Музеи мира. Сб. Научных трудов. - М., 1991.
7. Музееведение. На пути к музею XXI века. Региональные проблемы развития музейного дела. Сб. Научных трудов. М., 1990.
8. *Губарева М.В., Ионина Н.А.* 100 великих галерей и музеев. - М., 2005.
9. *Воронихина Л.Н.* Государственный Эрмитаж. - Л., 1983.
10. *Грицак Е.Н.*, Эрмитаж. - М., 2005.
11. ҚР энциклопедиясы, 7 том.

### Қосымша әдебиеттер:

1. Плутарх. Сравнительные жизнеописания. Марцелл-21.
2. *Раимханова К., Қатран Д.* Музей ісінің теориясы мен практикасы. Алматы, 2002.
3. Иллюстрированная энциклопедия мировой живописи, М., 2008
4. *Каньям П.* Лувр. Париж, 1996.
5. *Бродский Б.И.* Сокровища Москвы. - М., 1985.
6. Британский музей. Лондон. - М., 1980.
7. *Драмлян Ю.И.Р.* Художественные сокровища Матенадарана. - М., 1976.
8. *Персианова О.М.* Эрмитаж. Путеводитель по залам музея. - Л., 1982.
9. *Овчинников Б.Б., Чижова Л.В.* Из истории русских музеев. - Екатеринбург, 1992.
10. Эрмитаж. История и современность. - М., 1991.
11. Государственная Третьяковская галерея. Очерки истории. - Л., 1981.
12. *Кузьмина В.В.* Национальная политика Великобритании и музей. М., НИИ культуры.
13. *Ненарокорова И.С.* Павел Третьяков и его галерея. - М., Галарт, 1994.
14. Охрана наследия за рубежом: опыт прошлого и современные проблемы. Сб.Статей. Отв. Ред. Р.Мнацаканян. - М., 1995.
15. Памятники в изменяющемся мире. Материалы международной научно-практической конференции. - М., РГБ, 1999.
16. *Гёте И.В.* Из моей жизни. Поэзия и правда. - М., 1969. - С. 246.
17. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейі., 2009
18. *Малицкий Г.Л.* К истории оружейной палаты Московского Кремля // Государственная Оружейная палата Московского Кремля. - М., 1957. - С. 520-521.

- 
19. *Баткин Л.М.* Итальянское Возрождение в поисках индивидуальности. - М., 1989.
  20. Леонардо да Винчи и особенности Ренессанского творческого мышления. - М., 1981.
  21. Итальянское Возрождение. Проблемы и люди. - М., 1995.
  22. О социальных предпосылках итальянского Возрождения // Проблемы итальянской истории. - М., 1975.
  23. Музееведение. /Под.ред. проф. К.Г. Левыкина и проф. В.Хербста. - М., 1988 г. - С. 15-17.

## СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) сұрақтары:

1. Египет пирамидаларының ғалам тарихы үшін маңыздылығы қандай.
2. Египет музей экспонаттарына шолу.
3. Қосөзен аңғары өркениетінің сақталуы.
4. Ертедегі Римнің жеке жинақтарының қалыптасуы мен сақталуы.
5. Ежелгі Грекия ғибадатханалары мен олардың маңыздылығы.
6. Орта ғасырлық Батыс Еуропа кароль жинақтары.
7. Орта ғасыр кезеңіндегі Шығыс елдерінде нумизматика саласының дамуы мен музейде сақталуы.
8. Еуропада музейлерінің ашылуының тарихи алғышарты.
9. Қайта өркендеу дәуірі титандары.
10. Лувр музейінің шедеврлері.
11. Лондон Ұлттық галереясының мақтаныштары болып табылатын экспонаттар.
12. Мадрид-Прадо музейінің құнылықтары.
13. Германия-Дрезден картина галереясының шедеврлері.
14. Әлем құндылықтарының орталығы Италия музейлерінің жиынтығы.
15. Уффуци сурет галереясы.
16. Рим. Капитоли музейі.
17. Эрмитаж музейінің шедеврлері.
18. Голландия музейінің тарихы мен шедеврлері.
19. Америка шедеврлер жиынтығы Метрополитен музейі.
20. Третьяков галереясы. Мәскеу қаласы.
21. Қазақстанда музейдің дамуы.
22. Аспан асты елі Қытайда музейлердің ерекшеліктері.
23. Жапония еліндегі музейдің дамуы.
24. Үндістанда музейлердің қалыптасуы мен даму тарихы.
25. Түркіменстан еліндегі музей жиынтықтары.
26. Өзбекстан елінің музей тарихы.
27. Тәжікстан елінің музей жиынтығы.

## Реферат тақырыптары

1. Антика дүниесінің құндылықтарының сақталуы.
2. Антика өркениеті - Еуропа мәдениетінің алтын бесігі.
3. Ежелгі Грекия мен Римнің кітапхана қорларының жинақталу әдісі мен сақталуы.
4. Орта ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде жеке коллекциялардың жинақталу ерекшеліктері.
5. Орта ғасырларда Шығыс елдерінің жинақтарының ерекшеліктері мен құндылықтары.
6. Қайта өрлеу дәуірінің озық дүниелері мен олардың авторлары.
7. Леонардо да Винчидің өмірі мен керемет туындылары.
8. Рембрандтың өнер туындыларының құндылығы мен сақталуы.
9. Сандро Боттичели өмірі мен шедеврлері.
10. Рафаэль Сантидің автобиографиясы.
11. Батыс Еуропа музейлері қалыптасуының алғышарттары
12. Франция - әлем құндылықтарының сақталған орталығы
13. Италия музейлерінің құрылу ерекшеліктері
14. Испан музей қорларының шедеврлері
15. Дрезден галереясының әлем музейлерінің ішінде алатын орны
16. Ресей музейлер жиынтығының ашылу ерекшеліктері
17. Орта ғасырлардағы Қытай империясының құндылықтарының сақталу ерекшеліктері
18. Қытай музей қорларының тарихы
18. Жапон музейлері
19. Қазақстандағы музей жиынтығы мен даму барысы.
20. Орта Азия елдеріндегі музейдің қалыптасуы және құнды экспонаттары.
21. Қазақстанның Тұңғыш президенті музейінің ашылу тарихы мен коллекциялары.

## ОҚУ ҚҰРАЛЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ТЕРМИНДЕР

**Антикалық өнер** – б.з.1000 - б.з. 500 ж. алдыңғы Азия мен Жерорта теңізіндегі құл иеленуші қоғамындағы өнер.

**Абстракционизм** (лат. – «дерексіздік») – жою деген мағынаны білдіреді. Формолистикалық бағыттағы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғ. басындағы өнер. Кескіндеу өнерінде, мүсін мен графикада нақты заттарды бейнелеудің бас тартатын ағым. Абстрактті өнер 1910-1913 жж. кубизм, экспрессионизм, футизм сияқты ағымдардың жіктелуі кезінде пайда болды.

**Ампир** – көркем өнер стилі. ХVІІІ ғасырда Францияда пайда болған бұл стиль Рим империясының дәстүріне сүйенді.

**Барокко** (итальянша – түсініксіз) – Италияда пайда болған бұл стиль ХVІІ ғ. Шығыс Еуропада кеңінен тарайды.

**Бидеймейер** – 1815-1848 жж. неміс және Австрия өнерінде дамыған стиль түрі.

**Готика стилі** – Еуропа елдерінің ХІІ ғасырдың ІІ жартысында өріс алған сәулет өнері стилі. Готиканы орта ғасырлардағы қалалық және сарайлық мәдениет тудырды.

**Классицизм** (латынша – үлгілі) – ХVІІ-ХІХ ғасырлардағы Еуропа өнерлеріндегі көркем және эстетикалық бағыптағы стиль. Классицизм негізінде Декарттың философиясымен қатар қалыптасқан рационализм идеясы жатыр. Классицизмнің көптеген ережелері мен канондары ежелгі антикалық өнерден бастау алады.

**Ломбард мектебі** – Солтүстік Италияның көркемөнер мектебі. Архитектура және қолөнерге арналған.

**Маньеризм** (итальянша – манера) – Батыс еуропалық көркем әдеби стиль. Көптеген зерттеушілер маньеризмді өз алдына жеке стиль ретінде қарастырмайды, оған барокко стилінің көне кезеңі ретінде қарайды.

**Модерн** – Еуропа және Америка өнеріндегі стиль. Ерекшелігі – индивидуалды көркемөнер идеясы және өнерді қоғамның бір бөлігі ретінде санауы.



**Музей** – арнайы жабдықталған қоғамдық қажеттіліктерді өтеуге арналған тарихи-ғылыми дерек ретінде жәдігерлерді сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін, әлеуметтік ақпарат құжаттарын жинайтын эстетикалық құндылықтары бар мекеме.

**Музей ісі** – қоғамдағы өзгерістермен қоғам дамуымен тығыз байланысқан ерекше сала. Ол – ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына әсер ететін ғылыми мекеме.

**Музейтану** – қоғамдық ғылым, әлеуметтік ақпараттың сақталу үдерістерін, музей жәдігерлері арқылы танымдық білім беріп, эмоциялық әсер қалыптастыратын және әртүрлі қоғамдық-экономикалық жағдайға әлеуметтік заңдылықтардың формалық қызметін музей жәдігері, музей ісі арқылы зерттеп, жүзеге асыратын пән.

**Музей жәдігерлері** – нақты өмірден алынған музейге қоюға құндылығы бар, музей қорына тіркелген, ұзақ сақталуға берілген белгілі зат.

**Музей қорларын есепке алу** – музей қорларын заңды түрде қорғау мен музей заттарын зерттеу нәтижесінде алынған деректермен оларға музейдің құқы болуы мақсатында жүргізілетін қор жұмыстарының бір бағыты.

**Музей қорларын жинақтау** музейдің бағытына сай музейлік заттарды анықтау барысындағы жоспарлы түрдегі музей қызметі және оларды музей қорларына қабылдап алу және оны жүйелендіру болып табылады.

**Қор** – музейдің негізгі қызметінің бірі және қоғам, қоғам дамуының деректендіру үдерісінің маңызды бөлігі.

**Натурализм** XIX ғасырда әдебиет пен өнер бағытында шынайы бағыт болып саналады.

**Неоклассицизм** XIX-XX ғасырлардағы классикалық стильге негізделенеді. Ол үш дәуірді қамтиды: антика, қайта өрлеу, классицизм дәуірлерін қамтиды.

**Примитивизм** XIX-XX ғасыр кескіндеме өнерін ертедегі, орта ғасырдағы, халықтық және балалар шығармашылығына арналған еңбектерді насихаттау бағыты болып саналады.

**Импрессионализм** – Франция көркемсуретінде XIX ғасырдың 70-80 жж. көркем өнер бағыты. Импрессионизмнің негізін қалаушы суретшілер К. Моне, О. Ренуар, К. Писсаро, Э. Дега болды.

**Сентиментализм** – Еуропа тарихындағы ХІІІ ғасырдағы өнер стилі. Ерекшелігі адамға көңіл бөлу, жанұялық сюжеттер және табиғат бейнесі.

**Скрипофилия** – ескірген құнды қағаздардың жинағы.

**Рококко** – ХVІІІ ғасырдың І жартысындағы еуропалық стилдің бағыты. Рококко стилі театрлық өнердің көрінісіне жатады.

**Футуризм** – ХХ ғасырдың басында пайда болған көркем өнердегі бағыт.

**Картина** – сурет

**Живопись** – көркемсурет

**Коллекция** – топтама

**Монумент** – екреткіш

**Процес** – үдеріс

**Тенденция** – үрдіс

**Храм** – хибадатхана

**Сфинкс** – мысырда адам басты жатқан арыстанның тастан жасалған мүсіні.

**Галерея** – суреттер қоюға арналып істелген үй не болмаса суреттердің өздері

**Фасад** – үйдің алды, қасбеті

**Стиль** – үлгі

## ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ

Тақырыптың теориялық-методологиялық мәселелеріне талдау жасағанда нақты тарихи деректермен, оларды ғылыми айналымға енгізген ғалымдардың зерттеу еңбектерімен танысу ұсынылады.

Музейлердің құрылуының алғышарттары баяндалады. Музей қоғамдық институт ретінде атқаратын әлеуметтік функцияларды қоғамдық-экономикалық жағдайға сай жүргізеді. Арнайы пән ретінде, музейтану теориялық және әдістемелік бағытта музей ісін дамытып, оның тарихи тәжірибесін жинақтап зерттейді.

Қазақстандағы музейлер еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты көп өзгерді. Музей арнайы жабдықталған, қоғамдық қажеттіліктерді өтеуге арналған, тарихи-ғылыми дерек ретінде жәдігерлерді сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін, әлеуметтік ақпарат құжаттарын жинайтын, эстетикалық құндылықтары бар мекеме болғандықтан, себепті музейлерге қойылатын талаптар да күшейді.

Музей туралы теориялық бағыттар әртүрлі. Сондай теориялардың бірі "филологиялық", көне антикалық храмдарға еліктеуден туған. Музей мекемелері әртүрлі аталған. Мыс, Вьетнамда "бао та" реликвияларды сақтайтын жер деген ұғымды білдірсе, өз заманында көне египеттік өмір үйлері, антикалық музейлер топтама жинауда өте үлкен рөл атқарған. Орта ғасырларда көне жәдігерлер жинауға шіркеулерді де кеңінен қолданған.

Өнер, тарих және жаратылыстану жәдігерлерін, монастырьларда, храмдарда, бекіністерде жинаған.

Музейтану зерттеу әдістерінде, тарихи зерттеу әдістері, әсіресе – археология, этнография, палеография, нумизматика, өнертану, педагогика, психология саласындағы зерттеу әдістері, жаратылыстану ғылыми-зерттеу әдістері қолданылады. Сонымен бірге ғылыми-зерттеу әдісінің далалық зерттеу, бақылау, эксперимент сияқты түрлері де кеңінен қолданылады.

Музейтанудың зерттеу әдістерінің негізгі бағыттарына тоқталсақ, олар мынадай:

Ақпараттық дерек көзі ретінде, жәдігерлердің мәдени-тарихи құндылықтарын зерттейтін бағыттарда жұмыс істеу:

музей құндылықтарына жататын жәдігерлерді анықтау (ғалымдар, лаборатория);

музей жәдігерлерінің мәндік мағынасын, ерекшеліктерін

анықтау ісі;

музей жәдігерлеріне байланысты ғылыми анықтамалық, жүйелеу жұмыстарын ұйымдастыру;

сақтау режимін, консервация және қайта қалпына келтіру жолдарын анықтау;

музейдің тәрбиелік, білімдік міндеттерін атқару әдістерін қарастыру, жүйелеу;

Оқытудың кредиттік жүйесі студенттердің өз бетімен шығармашылық жұмыс жасауына, дербес ізденістер, тұжырымдар жасауға дағдылануына мән береді. Сондықтан студент тарих ғылымында болып жатқан концептуалды өзгерістерге тарихи деректерді талдау арқылы назар аударуы тиіс.

Тарих ғылымын методологиялық жағынан қайта жаңғырту қажеттігі, әлем музейлерінің тарихы оның құндылықтары сияқты мәселелерге назар аударуды туғызады.

*Студенттер музей тарихына зерттеу жұмыстарын жүргізуде мына талаптарды білуге тиіс:*

- Музейдің ашылу тарихын;
- Орналасу ерекшеліктерін,
- құрылыстың салынуын, архитекторларын,
- музей қорларын,
- залдарының құрылысын,
- экспонаттардың орналасу ерекшеліктерін,
- коллекцияларын,
- шедеврлерін,
- музейдің ғылыми-танымдық маңызын айқындау;

Оқытылатын пән бойынша жоғарыда ұсынылған реферат тақырыптарын студенттер жеке орындайды. Реферат негізгі мәліметті беруге бағытталады. Студент тақырыптың мәнін аша білу керек. Реферат соңында тақырыпқа сай негізгі түйін жасалып, студент өзінің ойын айтуға тырысып, қорытынды жасауы қажет.

рын айта олу керек.

Оқу басылымы

*Мұхажанова Толқын Нұрасылқызы*

## **ӘЛЕМ МУЗЕЙЛЕРІНІҢ ТАРИХЫ**

Оқу құралы

Корректоры *Гүлжан Рүстембекова*  
Компьютерде беттеген *Сәуле Сарпекова*  
Мұқабасын көркемдеген *Гүлжан Құрманова*

**ИБ №5135**

Басылуға 07.10.2011 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Көлемі 9,75.

Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №729

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.